

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрлігі
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік
университеті

Ministry of Education and
Science of the Republic of
Kazakhstan
Zhetysu state university named
after Ilyas Zhansugurov

Министерство образования и
науки Республики Казахстан
Жетысуский государственный
университет
им. И. Жансугурова



ХАБАРШЫ

1997 жылдың қаңтарынан жылына 4 рет шығады

ВЕСТНИК

выходит 4 раза в год с января 1997 года

HERALD

Published 4 times a year since 1997

Талдықорған, 2018

«Математика және жаратылыстану-
техникалық ғылымдар» сериясы
Серия «Математика и естественно-
технические науки»
"Mathematics and natural-technical
sciences» series

Жылына 2 рет шығады
Выходит 2 раза в год
Published 2 times a year

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

главный редактор – ректор, доктор географических наук, профессор,
академик Национальной академии Наук
Республики Казахстан
К.М. Баймырзаев

зам. главного редактора – доктор философии (PhD), к.ю.н., ассоциированный
профессор Д.А.Қалдияров
ответственный секретарь – к.б.н., доцент А.С. Бахтаулова

Члены редколлегии:

Г.О. Кожашева – п.ғ.к., профессор м.а.
Б.К. Шомшекова – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
С.С. Тинистановна – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
А.К. Усенова – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
М.Т. Джакыпбекова – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
А.О. Алдабергенова – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
А.М. Маусымбаева – а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
А.Ж. Куракбаева – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.

МАТЕМАТИКА

MATHEMATICS

УДК 621.315

МОДЕЛИРОВАНИЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ЭЛЕКТРОНОВ В НАНОСТРУКТУРНЫХ СИСТЕМАХ

Абдула Ж.¹, д-р техн.наук, проф., Абдикадиров Н.¹, Калкозова Ж.², Андасбаев Е.³, д-р
техн.наук, проф.

Таразский инновационно- гуманитарный университет¹, Тараз,
Казахский Национальный Университет им.Аль Фараби², Алматы,
Жетысуский государственный университет им.И.Жансугурова³, г. Талдыкорган

E- mail:erl872@mail.ru

Потенциалды қалыптастыру кезінде қабаттың диэлектрлік өтімділігінің үлкен айырымына негізделген кескін патенциалы маңызды роль атқарады.

Жұмыста екі электроннан және кескін зарядынан құралған сыртқы магнит өрісіндегі үш денелі Кулондық жүйе қарастырылған.

Кілт сөздер: *кванттық нүкте, наноқұрылым, вакуум, жартылай өткізгіш, диэлектрик, квантты-механикалық әсерлер.*

An important role in the formation of the confinement potential is played the image potential due to the large difference of dielectric permittivities of the layers. The work considers a three-body Coulomb system in an external magnetic field, which consists of two electrons and a charge of images.

Key words: *quantum dot, nanostructure, vacuum, semiconductor, dielectric, quantum and mechanical effects.*

Существенную роль при формировании потенциала удержания играет потенциал изображений, обусловленный большой разностью диэлектрических проницаемостей слоев. В работе рассмотрена трехтельная кулоновская система во внешнем магнитном поле, которая состоит из двух электронов и заряда изображений.

Ключевые слова: *квантовая точка, наноструктура, вакуум, полупроводник, диэлектрик, квантово - механические эффекты.*

Нанотехнология в последние годы стала одной из наиболее важных захватывающих областей знаний на переднем крае физики, химии, биологии, технических наук. Она подает большие надежды на скорые прорывы и новые направления в технологическом развитии во многих сферах деятельности. При плавном уменьшении размеров образца от больших значений, например, метра или сантиметра, до очень маленьких свойства сначала остаются неизменными, затем начинают медленно меняться, а при размерах менее 100 нм могут измениться радикально. Если размеры образца в одном измерении лежат в нанометровом диапазоне, а в других остаются большими, то получившаяся структура называется квантовой ямой. Если образец мал в двух измерениях и имеет большие размеры в третьем, то такой объект называют квантовой проволокой. Предельный случай этого процесса уменьшения размеров, при котором размеры во всех трех измерениях лежат в нижней части нанометрового диапазона, называется квантовой точкой КТ. Эпитет «квантовый» в названиях этих трех типов наноструктур используют потому, что в области ультрамалых масштабов возникает изменение свойств квантомеханической природы.

Одно из концепций создания наноструктур, получившая название «снизу-вверх», состоит в том, чтобы набрать, соединить и выстроить отдельные атомы и молекулы в упорядоченную структуру. Этот подход можно осуществить с помощью самосборки или некоторой последовательности каталитических химических реакций [1].

Противоположенная концепция формирования наноструктур обозначается «сверху-вниз». При таком подходе процесс начинается с обработки макромасштабного объекта или структуры и состоит в постепенно уменьшении их размеров. Один из широко распространенных процессов этого класса называют литографией. Он состоит в облучении образца, покрытого слоем, чувствительным к такому воздействию, через некоторый шаблон. Затем этот шаблон удаляется, а на поверхности с помощью химической обработки формируют наноструктуру.

КТ получают, и путем внедрения примесей в матрицу. Например, путем внедрения атомов серебра в алмазаподобную матрицу а-С:Н, экспериментально было обнаружено, что атомы серебра образуют в аморфной матрице алмазаподобного углерода изолированные кластеры сферической формы. Изолированные нанокластеры серебра сферической формы с диаметром от 2 до 8 нм в пленках а-С:Н<Ag> можно рассматривать как квантовые точки.

В настоящий момент экспериментально установлено, что размеры КТ, в зависимости от числа электронов, которые в ней заперты, изменяются от десяти до сотни нм. Поэтому в КТ пересекаются несколько «островков» (по крайней мере, не менее двух «островов»). Это подтверждено экспериментальными данными, в частности, первая КТ экспериментально обнаружена на грани в соединении GaAs и GaALAs, т.е. в этом случае существует два соединения, состоящие как из GaAs, так и из GaALAs [2]. Таким образом, учет «влияния каждого слоя в механизме формирования КТ или в динамике запираания электронов КТ является одной из актуальных задач. Однако учет всех парных кулоновских взаимодействий; электронов в КТ как между собой, так и с атомами в слое и решение соответствующего уравнения Шредингера (УШ) с формальной точки зрения, конечно, возможно, но с точки зрения численного вычисления нахождения решения УШ для таких многочастичных систем почти невозможно. Поэтому для решения такой задачи часто применяется эффективный метод решения. Одним из таких методов является ведение эффективного потенциала запираания или механизм удержания электронов в КТ, т.е. введение потенциала параболического конфайнмента. Когда эффективный потенциал удержания электронов в квантовой точке соответствует потенциалу параболического конфайнмента, удается описать характерные особенности транспортных явлений и осцилляции спина основного состояния КТ в магнитном поле. С другой стороны, широко известно, что на расстояниях от десятков до сотен нм между атомами и молекулами действуют только кулоновские силы. Кулоновский потенциал отличается от потенциала параболического конфайнмента. В эксперименте установлено, что для возникновения КТ нужно по крайней мере два слоя. Таким образом, при изучении механизма формирования и динамики взаимодействия электронов в КТ необходимо учесть многослойность системы [3].

Эти предложения приводят к введению положительного заряда изображений, который ассоциируется с внешними факторами. Этот прием хорошо известен в электростатике при изучении свойств диэлектриков. Таким образом, мы предполагаем, что существенную роль при формировании потенциала удержания играет заряд изображений, обусловленный большой разностью диэлектрических проницаемостей слоев, которые формируют КТ, например: вакуум и полупроводник или полупроводник и диэлектрик. Исходя из этих предположений, определяется эффективный потенциал удержания. Возможность контролировать и управлять свойствами квантовых точек привлекает к ним огромный интерес, так как они могут быть использованы для новых приборов.

С другой стороны, в последние годы интенсивно развивается изучающая явления в низкоразмерных системах (наноструктурах) так называемая «спинтроника». Под спинтроникой подразумевается использование в качестве носителя информации для вычислений не заряда или пока, а спина электрона. Спин— чисто квантовое свойство отсутствующее у классических объектов. Электрон может находиться в двух спиновых состояниях, которые тоже можно рассматривать как «0» или «1».

В спинтронике взаимодействие между электронами в наноструктурах определяется спин - орбитальным взаимодействием электронов. Другими словами, основное взаимодействие

между электронами в КТ становится спин - орбитальным взаимодействием. Таким образом, для использования наноструктур в новых технологиях ведутся поиски различных способов управления спиновой степенью свободы электронов в КТ. С этим связывают надежды на создание новых приборов. Современная электроника основана на использовании электрического тока, а точнее, на движении электронов (от которых, она, собственно и получила свое название). В каждой микросхеме трудятся несметные полчища этих кирпичиков материального мира, занятые очень ответственным делом - переносом и сохранением электрического заряда. Спин электрона представляет собой одно из его фундаментальных неотъемлемых квантовых свойств. В силу этой фундаментальности на современном уровне развития науки объяснить механизм возникновения спина невозможно, поэтому ограничиваются изучением его свойств. А основным свойством спина электрона является то, что проекция его на любое направления (ось координат) может принимать всего два значения: $+1/2$ и $-1/2$ [4-5].

Для объяснения механизма удержания электронов в квантовой точке мы исходим из следующего предположения: во-первых, при описании механизма формирования КТ квантово механические эффекты играют существенную роль; во-вторых, каждый остров и каждая КТ являются по диэлектрическим свойствам однородными, а в целом система является неоднородной, и должны выполняться условия непрерывности тангенциальных производных потенциалов. Эти предположения приводят к введению эффективного положительного заряда изображений, который ассоциируется с внешними факторами. Этот прием хорошо известен в электростатике при изучении свойств диэлектриков. Таким образом, мы предполагаем, что существенную роль при формировании потенциала удержания играет потенциал изображений, обусловленный, например, большой разностью диэлектрических проницаемостей слоев, которые формируют КТ, например: вакуум и полупроводник или полупроводник и диэлектрик. Соответственно, мы рассмотрели трехтелную кулоновскую систему во внешнем магнитном поле, которая состоит из двух электронов и заряда изображений. Пусть m_1, m_2, m_3 , - массы, $a-Z_{1e}, a-Z_{2e}, a-Z_{3e}$, - заряды частиц, соответственно. Гамильтониан системы можно записать в следующем виде:

$$H = \frac{1}{2} \sum_{j=1}^3 \left(P_j + \frac{e}{c} A(r_j) \right)^2 + \frac{1}{4\pi\epsilon\epsilon_0} \frac{Z_1 Z_2 e^2}{|r_1 - r_2|} - \frac{1}{4\pi\epsilon\epsilon_0} \frac{Z_1 Z_3 e^2}{|r_1 - r_3|} - \frac{1}{4\pi\epsilon\epsilon_0} \frac{Z_3 Z_2 e^2}{|r_2 - r_3|} \quad (1)$$

Введем координаты Якоби $\{x, y\}$ и координаты системы центра масс z

$$r_1 = \frac{m_2}{m_1 + m_2} x + \frac{m_3}{m_1 + m_2 + m_3} (y + z)$$

$$r_2 = \frac{m_1}{m_1 + m_2} x + \frac{m_3}{m_1 + m_2 + m_3} (y + z)$$

$$r_3 = -\frac{m_1 m_2}{m_1 + m_2 + m_3} (y + z) \quad (2)$$

В квантовых точках потенциал удержания характеризуется достаточно сильным запирающим по одной из трех координатных осей. Следовательно, с геометрической точки зрения квантовые точки можно рассматривать как эффективные двумерные системы. Внешнее магнитное поле можно ориентировать, например, в плоскости, перпендикулярной к плоскости квантовой точки. Предположим, что пересечение этих -плоскостей является линейным и направляется только по x или

$$A(y) = 0.$$

Учитывая это допущение, после ряда упрощений гамильтониан (1) разделяется на две части: гамильтониан системы центра масс

$$H_{cm} = \frac{1}{2} P_q^2 + \frac{\hbar^2 m^*}{4 m_t} \omega_c^2 \rho_q^2 + \frac{m^*}{2m_t} \hbar \omega_c L_q \quad (3)$$

и гамильтониан относительного движения

$$H_{rm} = \frac{1}{2M} P_x^2 + \frac{1}{2\mu} P_y^2 + m^* \frac{\rho_x^2}{16} \omega_c^2 + \frac{e^2}{4\pi\epsilon\epsilon_0} \frac{Z_1 Z_2}{|x|} - \frac{e^2}{4\pi\epsilon\epsilon_0} \frac{Z_1 Z_2}{|y + \frac{1}{2}x|} - \frac{e^2}{4\pi\epsilon\epsilon_0} \frac{Z_2 Z_3}{|y - \frac{1}{2}x|} + \frac{1}{2} \hbar \omega_c L_x \quad (4)$$

Здесь $\omega_c = eV/(ct^*)$ - циклотронная частота, $m_1 = m_2 = m^*$ - эффективная масса электрона и введены следующие обозначения:

$$M = \frac{1}{2} m^* = \frac{m_1 m_2}{m_1 + m_2}; \mu = \frac{(m_1 + m_2) m_3}{m_t}; \quad (5)$$

$$m_1 = m_1 + m_2 + m_3; q = \frac{\sqrt{m_t}}{\hbar} \cdot z \quad L_x = -i \frac{\partial}{\partial \varphi_x};$$

$$L_q = -i \frac{\partial}{\partial \varphi_q}; \rho_q^2 = q_1^2 + q_2^2; S = \sqrt{\frac{m_3}{m_1}}$$

Для анализа (4) гамильтониана относительного движения перейдем к новым безразмерным переменным R и r:

$$R = \frac{\sqrt{M}}{\hbar} \cdot x, r = \frac{\sqrt{\mu}}{\hbar} \cdot y. \quad (6)$$

Далее, предположим, что заряд изображений, Z_3 , зависит не только от величины эффективного электрического заряда Q, но и от соотношения диэлектрических проницаемостей сред:

$$Z_3 = \sqrt{\frac{\epsilon}{\epsilon'}} \frac{|\epsilon - \epsilon'|}{\epsilon + \epsilon'} Q,$$

где ϵ и ϵ' - относительные диэлектрические проницаемости, например, полупроводника и диэлектрика, соответственно. Соответствующее уравнение Шредингера (УШ) для относительного движения имеет вид

$$\left\{ \frac{1}{2} P_r^2 + \frac{1}{2} P_R^2 + \frac{\hbar^2}{8} \cdot \omega_c^2 \rho_R^2 + \frac{\hbar}{a^* \sqrt{2m^*}} \cdot \frac{Z_1 Z_2}{R} + \frac{1}{2} \hbar \omega_c L_R - \frac{\hbar \cdot \sqrt{2c}}{a^* \sqrt{m^*}} \cdot \frac{Z_1 Z_2}{|r + SR|} - \frac{\hbar \cdot \sqrt{2c}}{a^* \sqrt{m^*}} \cdot \frac{Z_2 Z_3}{|r - SR|} - E \right\} \Psi(R, r) = 0 \quad (7)$$

где $a^* = a_B \cdot \epsilon \cdot m_e / m^*$ является эффективным радиусом системы, а a_B - радиус Бора.

Из наших расчетов можно предположить что: во-первых, при описании механизма формирования КТ квантово - механические эффекты играют существенную роль; во-вторых, необходим учет многополярности нанокристаллических структур - аналитически определен потенциал взаимодействия электронов в КТ, который электростатическим полем суммарного заряда изображений. Именно учет кулоновских парных взаимодействии между электронами и зарядами изображений приводит к созданию электростатического поля суммарного заряда изображений.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Dineykhan M., Nazmitdinov R.G., PBy5. Rev . В 55, 13707.1997.; J. Phys.:Condens.Metter 11,L83. 1999.
2. Динейхан М., Жаугапквa С.А., Назмитдинов Р.Г., ЖЭТФ, 119, 1210. 2001.
3. Ландау Л.Д.и Лифшиц Е.М., Электродинамика сплошных сред Наука, Москва.1982.
4. Сарсембинов. Приходько О.Ю., Максимова С.Я., Физические основы модификации электронных свойств некристаллических полупроводников. Алматы. 2005.
5. Turton R., The Quantum Dot. A Journey into Future Microelectronics. Oxford University Press, New York.1995.

UDC 531/534

DETERMINATION OF THE ACCELERATION DUE TO GRAVITY USING A SIMPLE PENDULUM

Абдулаева Ә.Б.¹, жаратылыстану ғылымдарының магистрі
I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған қ.,

E- mail:abdulaeva_aigerim@mail.ru

Гравитациялық өрістің әсерінен дененің Жерге тартылысының нәтижесінде пайда болатын ауырлық күші денеге үдеу береді. Еркін түсу үдеуінің нақтырақ өлшеулері жанама әдістермен орындалады. Олардың көп бөлігі математикалық және физикалық маятниктердің тербеліс периодтарын анықтау формуласын қолдануға негізделген. Мақалада математикалық маятник көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау бойынша жасалатын зертханалық жұмыс сипатталған.

Кілт сөздер: маятник, еркін түсу үдеуі, ауырлық күші, период, өлшеу.

Сила тяжести, с которой тело притягивается к Земле под действием ее гравитационного поля, сообщает телу ускорение. Наиболее точные измерения ускорения свободного падения выполняются с помощью косвенных методов. Многие из них основаны на использовании формул для периода колебаний математического и физического маятников. В статье описана лабораторная работа по определению ускорения свободного падения при помощи математического маятника.

Ключевые слова: маятник, ускорение свободного падения, сила тяжести, период, измерение.

Gravity, with which the body is attracted to the Earth under the action of its gravitational field, imparts acceleration to the body. The most accurate measurements of the acceleration of free fall are performed using indirect methods. Many of them are based on the use of formulas for the period of oscillations of simple and physical pendulums. The article describes the laboratory work to determine the acceleration of free fall by means of a simple pendulum.

Key words: pendulum, acceleration of gravity, period, measurement.

Introduction

Many objects vibrate or oscillate – an object on the end of a spring, a tuning fork, the balance wheel of an old watch, a pendulum, a plastic ruler held firmly over the edge of a table and gently struck, the strings of a guitar or piano. Spiders detect prey by the vibrations of their webs; cars oscillate up and down when they hit a bump; buildings and bridges vibrate when heavy trucks pass or the wind is fierce. Indeed, because most solids are elastic, they vibrate when given an impulse. Electrical

oscillations are necessary in radio and television sets. At the atomic level, atoms vibrate within a molecule, and the atoms of a solid vibrate about their relatively fixed positions. Because it is so common in everyday life and occurs in so many areas of physics, oscillatory motion is of great importance. Mechanical oscillations are fully described on the basis of Newtonian mechanics.

Pendulums can be defined as a body suspended from a fixed support so that it swings freely back and forth under the influence of gravity, commonly used to regulate various devices, especially clocks.




Figure 1. Simple pendulum

The displacement of the pendulum along the arc is given by $x=l\theta$, where θ is the angle (in radians) that the cord makes with the vertical and l is the length of the cord. If the restoring force is proportional to x or to θ , the motion will be simple harmonic. The restoring force is the net force on the bob, equal to the component of the weight, mg , tangent to the arc:

$$F = -mg\sin\theta,$$

where g is the acceleration of gravity. The minus sign here means that the force is in the direction opposite to the angular displacement θ . To a very good approximation for small angles,

$$F = -mg\sin\theta \approx -mg\theta$$

Substituting $x=l\theta$ or $\theta=x/l$, we have

$$F \approx -\frac{mg}{l}x$$

The period T is

$$T = 2\pi\sqrt{\frac{l}{g}}$$

The mass m of the pendulum bob does not appear in these formulas for T . Thus we have the surprising result that the period and frequency of a simple pendulum do not depend on the mass of the pendulum bob. You may have noticed this if you pushed a small child and then a large one on the same swing [1].

Worth (2008) states that pendulums have been used for thousands of years. The ancient Chinese used the pendulum principle to try and help predict earthquakes. Hundreds years ago the famous Italian scientist Galileo was the first European to really study pendulums and he discovered that their regularity could be used for keeping time, leading to the first clocks. Worth (2008) goes on to explain that in 1656, the Dutch inventor and mathematician, Huygens, was the first man to successfully build an accurate clock. It was the first time pendulums were used for human's everyday life.

There are four basic laws of a pendulum: Van & Albert (1995) explain that firstly the time it takes for a pendulum to complete a swing is related to the square root of the length of string of the pendulum. Secondly the time it takes for the pendulum to swing is related to the square root of the gravitational acceleration. Gravitational acceleration can be defined as the force that attracts objects in space towards each other, and that on the earth pulls them towards the centre of the planet, so that things fall to the ground when they are dropped (Wikipedia 2010). Thirdly the time it takes for the pendulum to swing is not related to the mass and material of the small ball at the end of the pendulum. Finally the time is independent of the greatest distance that a wave provided the greatest distance that a wave is small.

The principles of a pendulum can be proven. This experiment is going to show the effect changing gravitational acceleration has on a pendulum, and will determine gravitational acceleration using a simple pendulum [2, 3].

Methods

Equipment of determination of gravitational acceleration using a simple pendulum

- A long piece of string
- A wooden block
- A small ball
- A one meter long ruler
- A protractor
- Vernier caliper
- A stop-watch

This experiment is talking about determination of gravitational acceleration using a simple pendulum fig 1 was showed that the simple pendulum was used in this experiment.

Calculation formulas

$$g = \frac{4\pi^2 L}{T}$$

Absolute error of acceleration of gravity

$$\Delta g = g \left(\frac{\Delta l}{l} + 2 \frac{\Delta t}{t} \right)$$

The final result with the recording of the mean absolute errors of indirect measurements

$$g = \bar{g} \pm \Delta g$$

Table 1

Physical quantity	t	T	g	l
Dimension	s	s	m/s ²	m
№ of experience				
1	13,68	1,368	9,801	0,34
2	13,675	1,3675	9,805	
3	13,679	1,3679	9,802	
4	13,682	1,3682	9,8	
5	13,682	1,3682	9,8	
6	13,68	1,368	9,802	

$$\Delta l = 0.0005 \text{ m}, \Delta t = 0.001 \text{ s}$$

An example of calculations for the first experiment

$$g_1 = \frac{4\pi^2 L}{T_1} = \frac{4 \cdot 3.14^2 \cdot 0.455}{1.368} = 9.801$$

The average value of the free fall acceleration

$$\bar{g} = \frac{1}{6} \sum_{i=1}^6 g_i = 9.802$$

Average time

$$\bar{t} = \frac{1}{6} \sum_{i=1}^6 t_i = 13.6796$$

Absolute error of the free fall acceleration

$$\Delta g = g \left(\frac{\Delta l}{l} + 2 \frac{\Delta t}{t} \right) = 9.802 \cdot \left(\frac{0.0005}{0.34} + 2 \cdot \frac{0.001}{13.6796} \right) = 0.015$$

Final answer:

$$g = 9.802 \pm 0.015$$

In this experiment there were controlled variables. Controlled variable can be defined as one which is not allowed to change unpredictably during an experiment Answers Corporation (2010). The first controlled variable was the number of swings. Second was the angle of the swing. The last one is mass of the bob, we all kept their same. In addition, there was one experimental variable. The experimental variable can be defined as some values in experiment we change on purpose. In my experiment, the experimental variable was the length of swings.

Conclusion

This experiment is talking about determination of gravitational acceleration using a simple pendulum.

In our results, the first two purposes were proving. We measured that the gravitational acceleration is 9.802m/s, it smaller than 9.8m/s. I think one of the most important problem is the total number of oscillation are not 50. Measuring the total number of oscillation about 0.34m is easier than short lengths.

In addition, We think our experiment is good even have some mistake. We will carefully to measure total number of oscillation We are going to try my best to let our data much exact.

The experiment could be improved by either improving the reliability of the existing procedure. Increasing the number of oscillations to further reduce the error caused during the timing could do this.

A more sophisticated experiment would definitely increase the accuracy in the timings. Light gates would remove the error caused by reaction times as they will accurately time the moment the bob passed over the point to complete an oscillation. In the current experiment the fiducial marker was only used as a guide to a complete oscillation. Also using a more rigid pendulum would further reduce the error.

There is a limitation with the graph paper used to calculate the gradient as its gridlines are only spaced in mm. If any measurement required accuracy greater than the value scaled to 1mm then this simply wouldn't be possible. This could be another reason why 'g' wasn't exactly 9.81ms^{-2} .

The effect of air resistance on the pendulum could have been investigated by changing the displacement of the pendulum. We could prove whether our hypothesis about the effect of air resistance on the pendulum was correct by giving the pendulum a greater displacement and repeating the experiment.

REFERENCES:

1. Physics 1 Mechanics by Museum Informatics Project, University of California, Berkeley
2. [https://wikiplanet.click/enciclopedia/en/Pendulum_\(mathematics\)](https://wikiplanet.click/enciclopedia/en/Pendulum_(mathematics))
3. The Elements of Mechanics by Giovanni Gallavotti

УДК 372. 851. 02

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУДА ІТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бабаев Д.Б.¹ педагогика ғылымдарының докторы, Смагулов Е.Ж.² педагогика ғылымдарының докторы, Хаймұлданов Е.С.² 2 курс докторанты

Махмуд Кашгари-Барсани атындағы Шығыс университетінің профессоры, Қырғызстан Республикасы¹, Бішкек қаласы

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті², Талдықорған қ.

E- mail: Khaimuldanov_e@mail.ru

Қазіргі білім беру саласындағы басты мақсат әр оқушыдан инновациялық даярлығын өз бетімен арттырып, сабақ барысында жаңа әдіс тәсілдерді кеңінен пайдалану талап етіледі. Кез-келген пәннің әрбір сабағында мүмкіндігінше компьютерлік технологияны пайдаланудың қажеттілігі туындауы.

Сондықтан басты міндет – әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыру көрсетілді.

Сонымен қатар математиканы оқытуда ІТ технологияларды пайдалана білу математика пәні мұғалімінің негізгі кәсіби ерекшелігі болу қажет екені көрсетілген.

Кілт сөздер: Математика, ІТ технологиялар, мектеп, инновация, эксперимент, оқыту

Главная цель современного образования - повысить инновационную готовность каждого учащегося и использование новых подходов в обучении. На каждом уроке любой дисциплины рекомендуется использовать как можно больше компьютерных технологий.

Поэтому главная задача - найти и внедрить эффективные новые методы инноваций в контексте социальной педагогической организации.

Основной профессиональной характеристикой учителя математики является способность использования IT-технологии в преподавании математики.

Ключевые слова: Математика, IT технологии, школа, инновации, эксперимент, обучение

The main goal of modern education is to increase the innovative readiness of each student and using of new approaches in learning. Highly recommended to use as much computer technology at each lesson of any discipline as possible.

Therefore, the main task is to find and implement effective new methods of innovation in the context of social pedagogical organization.

The main professional characteristic of a mathematics teacher is the ability to use IT-technology in teaching mathematics.

Key words: Mathematics, IT technology, school, innovation, experiment, teaching

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті [1].

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа

инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды.

Қазіргі таңда кәсіптік және технологиялық білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- проблемалық оқыту;
- дамыты оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- модульдік оқыту
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі оқытудың жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және компьютерлік құралдарды кеңінен қолдануды қажет етеді. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет – әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыру. Сондықтан әр оқушыдан инновациялық даярлығын өз бетімен арттырып, сабақ барысында жаңа әдіс тәсілдерді кеңінен пайдалану талап етіледі. Кез-келген пәннің әрбір сабағында мүмкіндігінше компьютерлік технологияны пайдаланудың қажеттілігі туындайды.

Оқытуда ІТ технологияларды пайдалана білу математика пәні мұғалімінің негізгі кәсіби ерекшелігі болып отыр, егер математиканы оқытуда ақпараттандыру үрдісін математика дидактикасының қазіргі үрдісі ретінде қарастыратын болсақ, онда дидактикалық ақпараттық құралдарды қолдану әдістемесін, қағидасын, әдіснамасын меңгеру математика пәні мұғалімі біліктілігінің сипатын көрсететін талаптардың бірі болып табылады [2].

Қоғамды ақпараттандырудың негізгі бағыттарының бірі, ІТ технологияларды математика пәнін оқытуда қолданудың әдістемесі мен есептер жинағы жұмыстарын дамыта оқытудың идеяларын жүзеге асыруға, оның сапасын компьютерлерді оқушылардың танымдық іс-әрекетін қолдануға пайдалана отырып, білімді ақпараттандыру. ІТ технологиялар әртүрлі техникалық құралдарды пайдалануды тұжырымдайды, олардың ішінде ең бастысы компьютер болып табылады. Осылайша оқу үрдісінде компьютерді, ІТ технологияларды пайдалану заман талабынан туындаған мәселе. ІТ технологиялар компьютермен жұмыс істеуге, оқу бағдарламасын қолдануға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ғылым үш негізгі сұраққа жауап береді: «Не үшін оқыту?», «Нені оқыту?», «Қалай оқыту?». Жалпы білім беретін мектептерде математиканы оқыту үрдісіне жаңа ІТ технологияларды енгізуге байланысты бұл сұрақтардың жауабы түбегейлі түрде өзгерді.

Жалпы білім беру курсы математика негіздерін ғылым ретінде қарастырады. Оның мазмұны фактілерді, ұғымдарды, заңдылықтарды, теорияларды, моделдерді, іргелі тәжірибелерді, математиканың әдістерін, арнайы ережелер мен ой және практикалық қызмет тәсілдерін, математиканы практикада қолдануды, оның негізгі даму сатысына, атакты математик-ғалымдардың өмірі мен қызметіне қатысты тарихи мәліметтерді қамтиды.

Оқытудың қазіргі ІТ технологиясы математика курсының мазмұнына ғана әсер етіп қоймай, оған белгілі бір себептерге байланысты зерттеу қиындық тудырған мәселелерді енгізу арқылы, оқыту әдістері мен құралдарының жүйесін, белгілі бір пәнаралық байланыстың жүзеге асу мүмкіндігін өзгертеді.

Математиканы оқытуда жаңа ақпараттық құралдарды енгізудің отандық, ресейлік және шетелдік тәжірибесі оқу ортасын ескеру қажеттігін анықтап отыр. Бұл, бір жағынан ІТ технологиялардың негізінде математиканы оқыту үрдісіне қолдау көрсетеді, екінші жағынан

оқып-үйренушінің жаңа ақпараттық құралдармен қарым-қатынасының жағымсыз нәтижелерін амортизациялайды және орнын толтырады. Жалпы білім беретін мектепте математиканы оқытуда оқу ортасы математика кабинетінде қалыптасады. Мектептегі математика кабинеті шартты түрде 3 қызметтік тәуелді аймаққа бөлінеді: мұғалімнің жұмыс аймағына, оқушының жұмыс аймағына, оқу құралдарын сақтау және профилактикалық қызмет көрсету аймағы.

Оқытудың ақпараттық технологиясын енгізуге математиканы тұтас оқытудың қазіргі әдіснамасына негізделі отырып анықталған тұжырымдама қосылады. Бұл әдіснаманың аясында математиканы ақпараттық технологияны пайдалана отырып оқыту, біріншіден, басқа әдістер және құралдармен бірге; екіншіден, математиканың басқа пәндермен пәнаралық байланыстар жүйесінде; үшіншіден, ақпараттық технологиялық құралдардың дидактикалық мүмкіндіктерін және олардың психологиялық – педагогикалық түрде оқушыларға әсерін ескеру негізінде қарастырылуы керек [3].

Өзінің күнделікті жұмысында оқытудың ақпараттық технологиялық құралдарын пайдаланатын математика мұғалімінің сабаққа дайындығының жалпы әдістемесі мыналарды қамтиды: математика пәні бойынша бағдарламада анықталған математиканы оқытудың жалпы мақсаттарын сезіну; берілген сыныптың даму деңгейін зерттеу; математика пәні бойынша бағдарламада көрсетілген жалпы мақсаты берілген сынып оқушыларына арнап нақтылау; оқытудың ІТ технологияларының сәйкес әдістері мен құралдарын таңдау; бұл құралдарды пайдаланып оқу іс-әрекетінің ұйымдастырушылық формасын таңдап алу. Оқушылардың даму деңгейінің өзгеруі сәйкесінше, ІТ технологияларды қолдана отырып оқытудың құралдары мен ұйымдастырушылық формасын таңдауды, сонымен қатар мақсатын нақтылау мен өзгертуді көздейді. Мұндай жүйенің дамуы математика сабақтарының әдістемесі диагностикасының компьютерлік әдістемесін қолданбалы етіп жасайды.

Математика сабағын жоспарлағанда оқытудың ІТ технологиялық құралдары сабақтың бір бөлігін ғана қамтып, оқушы мен мұғалім арасындағы қатынастың «машинасыз» тәсіліне, педагогқа басымдық берілуі керек. Дегенмен, ІТ технологиялық құралдарды пайдалануды негізге ала отырып, құрылған математика сабақтары да болуы мүмкін. Математика сабақтарында ІТ технологиялық құралдарды қолдануды талдау әдістемесін пайдалану мәселесі де маңызды болып табылады. ІТ технологиялық құралдарды математиканы оқыту жүйесіне енгізу оған қайшы болмауы және де онымен дидактикалық сәйкессіздікке ұшырамауы керек.

Математика сабақтарында пайдаланылатын компьютерлік дидактикалық ІТ құралдардың өзіндік ерекшеліктері деп бағдарламалық өнім құрылымында төмендегі моделдердің болуын атауға болады:

- математика бойынша білім;
- оқыту үрдісін басқару;
- оқып – үйренуші.

Бұл моделдер дамудың әр түрлі деңгейінде болуы мүмкін, яғни математика мұғалімінің дидактикалық компьютерлік құралдармен алғашқы таныстығы оған дидактикалық ақпараттық құралды қолданып, неге, қалай және кімді оқыту керек деген іргелі сұрақтарға жауап алуына мүмкіндік беруі керек.

Математиканы оқытуда ІТ технологиялық құралдарды жасауда оқушының моделін есепке алу үшін ақпараттар қорын және біліктер тізімін ескереді. Өз кезегінде ақпараттық қорды математика курсының құрылымы және білімдер тізімі құрайды. Курстың құрылымында тек бөлімдердің және олардың мазмұнының анықтамасын егжей-тегжейсіз қарауға жататын негізгі сұрақтардың тізімі беріледі. Қажетті деталізация оқу үрдісі кезінде оқушы менгеруі тиіс білімдер тізімі ретінде беріледі. Білім құрылымдық жағынан төмендегі айдарлар бойынша жіктеледі: ұғымдарды анықтау, тұжырымдау немесе зерттеу, қорытындылар, дәлелдер, теңдеулер, формулалар, қасиеттер.

Соңғы уақытта білім туралы түсінік өте кең ауқымда дамыды, білімдер инженериясы пайда болды және қарқынды түрде дамуда, білікті жинақтау туралы теориялық жұмыстар бұл үрдістен артта қалуда және практикалық қызметте қатаң логикаға сүйенуге тура келеді.

Сонымен бірге, білік оқытудың ең басты мақсаты болып табылады. Бұл жаңадан жасалатын дидактикалық ақпараттық оқу құралдарының әдістемелік сапасына едәуір ықпал етеді.

Біліктілікті жалпы, нақты және эксперименттік деп үш класқа бөледі. Жалпыларға ең алдымен әдістемелік тұрғыдағы біліктер, мәселен, құбылыстарды талдай білу, физикалық модельдерді құру, табиғатта туындайтын теориялық қорытындылар мен үрдістер арасындағы қайшылықтарды анықтау және т.б. жатады. Нақты біліктердің аясы анағұлым кең. Оларға төмендегідей сипаттағы біліктер жатады: табу, анықтау, құру, алу, есептеу, бағалау; ажырату, бөлу, таңдау, есепке алу, түсіну, өту, жіктеу, құрау, жалпылау, қолдану, пайдалану, тұжырымдау, иллюстрациялау. Эксперименттік біліктер: әртүрлі шамаларды өлшеу, құбылыстар мен үрдістерді өз бетінше талдау, өлшемнің дәлдігін анықтау және т.б.

Сипатталған идеологияны ескере отырып, қазіргі дидактикалық ақпараттық құралдарды құру және қолдану оның құрылымында тек математикалық материалды ғана емес, оның моделі ретінде оқушыны да сипаттауға мүмкіндік береді. Жоғарыда сипатталған әдісті пайдалану математика курсының әртүрлі тақырыптары мен бөлімдері бойынша бағдарламалық дидактикалық ақпараттық құралдарды жасауда білімдер қорын, білікті және оқушының әр типтегі моделін құруды жеңілдетуге, білімді және ең бастысы білікті тексеру және тест құралдарын құруды реттеуді едәуір жеңілдетуге; білік пен оны анықтайтын білім арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Мұндай дидактикалық ақпараттық құралдар, негізінен, нақты әдіснамалық бағытталған электронды оқу құралдары болып табылады және әсіресе әдістемелік көмек қажет жас математика пәнінің мұғалімдері үшін аса құнды [4].

Математиканың мектептегі курсына ғылымның эксперименталды сипатын көрсету әр түрлі эксперименттер жүйесі арқылы жүзеге асырылады: демонстрациялық тәжірибелер, фронталды эксперименттік жұмыстар, математикалық практикум жұмыстары, эксперименттік есептер.

Қазіргі компьютер эксперименттік зерттеудің қуатты құралы бола отырып, табиғи экспериментте жабдықтарды басқару және ақпаратты өңдеу сатысында дәстүрлі әдістермен шешуде қиындық тудыратын математикалық есептерді шығаруда тиімді.

Математиканы оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану үрдісі үнемі жетілдіріледі және әрбір нақты жағдайда мәселені бұл технологияның негізгі компоненттерін жүзеге асыру тұрғысынан қарастыру керек:

- жалпы білім беретін мектептің математика кабинетінде пән бойынша дидактикалық ақпараттық құралдар кешенінің болуы;
- математика кабинетінде оқытуда компьютерлік технологиялар аппараттық кешенінің болуы;
- математика пәні мұғалімінің сабақты компьютерлік технологияларын пайдаланып өткізу технологиясы мен әдістемесін меңгеруге дайындығы;
- оқушылардың математиканы оқытуда компьютерлік технологияларды пайдалана отырып меңгеруге дайындығының деңгейі [5].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым – даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014 ж.
2. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Академия, 2010. – 192 с. ISBN 978-5-7695-6700-1
3. Бидосов Ә. Математиканы оқытудың әдістемесі. Алматы, 2007. - 262 б. ISBN 9965-21-217
4. Елубаев С. Математиканы оқытудың әдістемесі. Алматы, 2015. – 308 б. ISBN 9965-749-37-X
5. Ершов А.П. Компьютеризация школы и математическое образование / А.П. Ершов // Информатика и образование, 1992 г.

УДК 37. 016. 02:004 (574)

МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕР ҚҰРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАТЕЛІКТЕР ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МҮМКІНДІКТЕРІ

Байғожанова Д.С.¹, п.ғ.к., профессор, Нысамбаев Ж.Н.², ф.-м.ғ.к., доцент,
Ермекова Н.С.², п.ғ.м., аға оқытушы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті¹, Астана қ.,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті², Талдықорған қ.,

E-mail: Dametkensagidulla@mail.ru, Zenipaldy@mail.ru, Nabira.ermekova@mail.ru

Зерттеу жұмысының мақсаты – техникалық ғылымдарды оқытуда математикалық модельдер құрастыруға қолданылатын қателіктер теориясының негізгі мүмкіндіктерін білімгерлерге ұсыну. Өйткені, есептеу жұмыстарын жүргізгенде кететін қателіктерді «жиі қадағалап» отырмаса, құрылған математикалық модельдің көмегімен зерттелетін процесс туралы ешқандай дәл тұжырым жасай алмаймыз. Бұл әсіресе, информатика саласында қолданылатын «сандық әдістер» және «математикалық модельдеу» пәндерін оқып үйренуге өте қажетті. Сол себепті, қателіктерді үзбей бақылап отыруға керекті материалдарды ұсынғалы отырмыз.

Кілт сөздер: *Қателіктер теориясы, жуық сандар, юттік қателік, салыстырмалы қателік, кездейсоқ қателіктердің пайда болу көздері.*

Целью исследования является предоставление студентам основных возможностей теории погрешности, используемых для построения математических моделей в преподавании технических наук. В конце концов, мы не можем делать какие-либо выводы об исследуемом процессе с использованием математической модели, созданной без ущерба для ошибок при выполнении вычислений. Это особенно важно в области информатики, для изучения предметов «численные методы» и «математическое моделирование». Поэтому мы хотим представить материалы, необходимые для отслеживания этих погрешности.

Ключевые слова: *теория погрешности, приближительные числа, абсолютная погрешность, относительная погрешность, источники случайной погрешности.*

The aim of the study is to provide students with the basic capabilities of the theory of error used to construct mathematical models in the teaching of technical sciences. In the end, we can not draw any conclusions about the process under investigation using a mathematical model created without compromising the errors in the calculations. This is especially important in the field of informatics, for the study of subjects "numerical methods" and "mathematical modeling". Therefore, we want to present the materials necessary to track these errors.

Key words: *error theory, approximate numbers, absolute errors, relative errors, sources of random error.*

Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен жаңашылдықты енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы болып табылады. Осы жағдайда білім мен ғылымның дамуы әлемдік деңгейдегі өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс [1].

Бүгінде еліміздің жоғары оқу орындарының студенттері сандық әдістер және математикалық модельдеу пәндерін оқып үйрену барысында, қателіктер теориясын дұрыс түсіне алмайды. Сол себепті, біз бұл мақалада осы қателіктер теориясының негізгі ұғымдарына кеңінен тоқталып өткенді жөн көрдік.

Біз бүгінде жаңа ақпараттық технологиялардың алғашқы сериялары электрондық есептеу машиналары жөнінде сөз қозғаймыз. Өйткені, біз жоғарыда атап айтқандай, есептеу жұмыстарын жүргізгенде кететін қателіктерді бақылап отыруға керекті материалдарды келтіру үшін алдымен, «жуық сандар» ұғымына тоқтала кетейік, бұл ұғымдар электрондыесептеу машиналары арқылы жүзеге асырылғаны бәрімізге белгілі.

Жуық сандармен жұмыс жасауда, жылжымалы нүктелі сандар қолданылады. Электрондық есептеу машиналары (ЭЕМ) жылжымалы нүкте формасында жазылған сандарды өңдеумен айналысады. Бұл жерде «жылжымалы үтір» деген математикалық терминнен өзгеше ЭЕМ-дерде қолданылатын жылжымалы нүкте ұғымын қарастырамыз.

Жылжымалы нүкте арқылы жазылған сандар деп әдеттегіше формада жазылған 5, -10, 175.12, 0.0093 сияқты сандарды айтамыз. Мұнда санның ондық бөлшек екенін білдіретін үтірдің орнына нүкте пайдаланылады.

Бүтін сандар жиыны шексіз екені белгілі. Бірақ, ЭЕМ өзінің разрядтық торының жеткіліксіз болу себебінен бүтін сандар жиынының белгілі бір ішкі шекті жиынымен жұмыс істейді. Мысалы көптеген ЭЕМ-дердің модельдерінде бүтін сандардың бейнелену диапазоны $-2 \cdot 10^9$ мен $2 \cdot 10^9$ дейінгі аралықта болады.

Ғылыми - техникалық есептерді шығарғанда негізінен нақты сандар пайдаланылады. Оларды бейнелеу үшін барлық ЭЕМ-дерде сандардың жылжымалы нүкте арқылы бейнеленген формасы қолданылады. Ондық жүйедегі сан $\pm m \cdot 10^n$ дәрежесі түрінде өрнектеледі, мұндағы m мен n сәйкес түрде берілген санның мантиссасы және реті деп аталады. Мысалы -273.9 санын $-2739 \cdot 10^{-1}$, $-2.739 \cdot 10^2$, $-0,2739 \cdot 10^3$ түрінде жазуға болады. Сөйтіп, санның мантиссасын $m = 0.d_1d_2\dots d_n$ түрінде жазсақ, онда $d_1 \neq 0$ болғанда санның жылжымалы нүктелі калыпты формасын аламыз.

Келешекте жылжымалы нүктелі сандар туралы сөз болғанда осындай формадағы сандарды айтамыз.

Осы айтылғандардың бәрі басқа жүйеде жазылған сандар үшін де орынды. Негізі α болатын санау жүйесіндегі санды $N = \pm 0 \cdot a_1 \cdot a_2 \cdot \dots \cdot a_k \cdot \alpha^n$ түрінде жазуға болады. Бұл жазудан белгілі бір ЭЕМ-де орындалатын амалдарға қатысатын сандар жиыны шексіз бола алмайтынын көреміз, олар шекті және K разрядпен және n_1, n_2 шекараларымен ($n_1 < n < n_2$) анықталады. Осындай жиынның $2(\alpha - 1)(n_2 - n_1 + 1) \cdot \alpha^{k-1} + 1$ элементі болатынын көрсетуге болады.

n_1 және n_2 шекаралар нақты сандардың шама бойынша шектелгендігін, ал K - өлшемділік олардың сан өсіндегі таралуының дискреттілігін көрсетеді. Мысалы, ондық системадағы сандарды төрт разряд арқылы 0.2851 мен 0.2852 сандарының арасындағы интервалда орналасқан барлық сандарды (жуықтаудың дөңгелектенетін разрядтарын алып тастағанда) бейнеленгенде 0.2851 деген сан ғана алынады. Көршілес екі мәндердің арасындағы айырма соңғы разрядтағы бірлікке тең. Осы айырмадан кіші болатын сандар машиналық нөл деп есептеледі. Сонымен, ЭЕМ-де нақты сандардың жуық мәндерімен жұмыс істеуге тура келеді. Жуық сандардың өлшемдері ретінде олардың қателіктері алынады [2].

Ендігі жерде осы аталған қателіктер түсінігіне тоқтала кетелік. Қателіктердің екі түрі бар, олар – абсолют және салыстырмалы қателіктер. Кез-келген берілген санның абсолюттік қателігі деп оның дәл мәні мен есептеу нәтижесінде табылған жуық мәннің айырмасын айтамыз.

Салыстырмалы қателік деп санның абсолют қателігінің оның жуық мәніне қатынасын айтамыз. Сонымен, егер a - санының жуық мәні X болса, онда абсолюттік (1.1) және салыстырмалы (1.2) қателіктер сәйкесінше келесі:

$$\Delta x = x - a; \tag{1.1}$$

$$\delta x = \frac{\Delta x}{a} \tag{1.2}$$

түрінде жазылады. Өкінішке орай, x шаманың дәл мәні әдетте белгісіз болады. Сондықтан, жоғарыда келтірілген қателіктердің өрнектері практика жүзінде қолданылмайды. Әдетте санның жуық мәні a белгілі болады, сонда абсолют қателіктің модулінің жоғарғы бағасы болып табылатын $|\Delta x| \leq \Delta a$ қатыспен анықталатын Δa шектік қателікті аламыз.

Келешекте, a санының абсолют қателігі ретінде Δa мәнді алатын боламыз. Осы жағдайда санның дәл мәні x ($a - \Delta a, a + \Delta a$) интервалында жатады. Дөңгелектеу нәтижесінде алынған жуық санның Δa абсолют қателігі үшін санның соңғы разрядының бірлігінің тең жартысы алынады.

Ендігі жерде нақты мысалдар келтіргенді жөн көрдік. Мысал 1:

$a = 0.734$ мәні $0.7344, 0.73353$ т.с.с., сандарды дөңгелектеу нәтижесінде алынатынын білеміз. Сонда $|\Delta x| \leq 0,0005$ сондықтан $\Delta a = 0,0005$ деп аламыз.

Төмендегі кестеде бірнеше сандардың жуық мәндері үшін абсолют қателіктің бағалары келтірілген (1-кесте):

1-кесте

51.7	-0.0031	16	16.00
0,05	0,00005	0,5	0,005

ЭЕМ-де есептеулерді орындағанда, әдетте дөңгелектеу болмайды, оның орнына разрядтық торға симайтын цифрлар алынып тасталынады. Осы жағдайда амалдарды орындау нәтижесінің қателігі дөңгелектеуден кететін қателікке қарағанда екі есе көп болады, демек, мұнда дәлдік жоғары дәрежеде болады деген сөз.

Салыстырмалы қателіктің шектік мәні шектік абсолют қателіктің жуық санның абсолют шамасына қатынасына тең, яғни $\delta a = \frac{\Delta a}{|a|}$

Мысалы, $\delta(-2,3) = \frac{0.05}{2.3} \approx 0,022$ (2,2%) қателікті дөңгелектеу әруақытта оның өсу жағына қарай орындалады. Біздің мысалымызда $\delta(-2,3) \approx 0,03$ болады.

Жоғарыда келтірілген қателіктердің бағалары сандардағы барлық мәнді цифрлар он болғанда ғана дұрыс болады. Осыған байланысты мәнді цифрлар деп – ең бірінші нольден өзгеше цифрдан басталатын цифрларды айтатынымызды ескерте кетейік.

Мысалы, 0.037 санында екі мәнді цифр бар, олар 3 пен 7 ал, 14.80 санында барлық цифрлар мәнді цифрлар болады. Сонымен бірге санды жазудың формасы өзгергенде (мысалы, санды жылжымалы нүкте формасында жазғанда) мәнді цифрлардың саны өзгермеуге тиіс, яғни түрлендірулердің мәндестігін сақтау керек.

Мысалы, $7500=0.7500 \cdot 10^4$ және $0.110 \cdot 10^2=11.0$ мәндес жазбалар, ал $7500=0.75 \cdot 10^4$ мен $0.110 \cdot 10^2=11$ мәндес емес жазбалар.

Жоғарыда аталған қателіктер қайдан және қалай пайда болады? Осыған тоқтала кетелік. Есептеулердің қателіктері. ЭЕМ-де жүргізілетін есептеулердің кейбір сатыларында есептеу нәтижелерін бұрмалуға соқтыратын қателіктер пайда болуы мүмкін. Алынған нәтижелердің шынайылығының дәрежесін бағалай білу – есептеу жұмыстарын ұйымдастырудағы ең негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Мұның маңызы белгілі бір дәрежеде қолданылған сандық әдістің мықтылығын және алынуға тиісті нәтижелердің шынайылығын көрсететін тәжірибе нәтижесінде немесе басқа да жолмен алынған салыстырып көруге ыңғайлы шамалардың жоқ

болған кезінде арта түседі. Есепті шығарудың жекелеген сатыларындағы қателіктердің шығу көздерін қарастырайық. Қарастырылып отырған үрдісті немесе құбылысты сипаттайтын модель ондағы қойылған есептің маңызды жақтарын ескермесе, әжептәуір қателіктерге соқтыруы мүмкін. Мысалы, кейбір математикалық модель бір жағдайда өте тамаша жұмыс істеуі мүмкін, ал басқа бір жағдайларда тіпті де жарамсыз болып қалуы мүмкін, сондықтан математикалық модельдің қолдану аясын дұрыс анықтау керек. Есептің алғашқы берілген мәндері көптеген жағдайларда қателіктердің негізгі шығу көзі болады. Осы себепті пайда болатын қателіктер реттелмейтін қателіктер деп аталады, себебі олар есептеуші жұмысының басында да, нәтижені алған соң да кішіреймейтін болуы мүмкін.

Қателіктерді бағалау мақсатында жүргізілген талдаулар арифметикалық амалдарды орындағанда бастапқы мәндерінің барлығының дәлдігі бірдей болуын қамтамасыз етуге ұмтылу керектігін көрсетеді. Кейбір бастапқы мәндерді өте дәл етіп алу, ал басқа бір бастапқы мәндерді қателіктері үлкен етіп алу нәтиженің дәлдігін арттыруға көмектеспейді.

Сандық әдістің өзі де қателіктердің шығу көзі болуы мүмкін. Мысалы анықталған интегралды қосынды түрінде, функциялардың мәндерін қатарлардың кесіндісі ретінде, кестелік мәндерді интерполяцияғанда т.с.с. қателіктер пайда болуының ықтималдығы өте зор. Осындай қателіктерді сандық әдістің қателігі деп атаймыз [3].

Сандық әдістің қателігін әдетте есепке қатысты кейбір параметрді өзгерту (мысалы, интегралдаудың қадамын кішірейту, есептеуге қолданылатын қатардың кесіндісінің мүшелер санын кеміту) арқылы реттеуге болады. Әдетте әдіс қателігін бастапқы берілген мәндердің қателіктеріне қарағанда бірнеше есе кемітуге тырысады. Қателікті одан әрі кеміту кейде нәтиженің дәлдігін арттыру мақсатында негізделмеген есептеулердің артуынан есептеулердің құнын арттыруы мүмкін. Алгоритммен қосылып нәтижені басқа арнаға бұрын жіберуі мүмкін. Келешекте біз осындай жағдайларды қарастырамыз.

Сандарда бір санау жүйесінен екінші бір санау жүйесіне көшіру де қателіктің көзі болуы мүмкін, себебі бір санау жүйесінің негізі басқа санау жүйесінің дәрежесі болмайды (мысалы 10 мен 2). Ал бұл берілген жаңа санау жүйесіндегі санның басқа санау жүйесінде иррационал сан болуына соқтыруы мүмкін. Мысалы ондық санау жүйесіндегі 0.1 саны екілік санау жүйесінде $0.1 = 0,00011001100$ күрделі сан болады.

Қателіктерді кеміту. Арифметикалық операцияларды орындау нәтижелерін қарастыра келіп, біріне – бірі жақын сандарды азайтқанда салыстырмалы қателіктің көбейетіні байқалады, сондықтан алгоритм-дерді құрастырығанда осындай жағдайлардан аулақ болуға ұмтылады.

Есептеуді дұрыс ұйымдастыру арқылы дәлдікті кемітіп алмайтын жағдайларға тоқталайық.

Мысал 2: Айталық, төрт разрядты бес сан қосындысын табу керек дейік, $S = 0.2764 + 0.3944 + 1.475 + 26.46 + 1364$ осы көрсетілген сандарды қосып және нәтижені төрт мәнді цифрға дейін дөңгелектесек $S = 1393$ нәтиже аламыз. Бірақ, машинада есептеуді орындағанда дөңгелектеп қосу амалын әрбір рет орындаған сайын орындалады. Машинаның разрядтың торы шартты түрде төртке тең деп есептеп көрсетілген сандарды ең кішісінен ең үлкеніне қарай біртіндеп қосудың нәтижесін қарайық, яғни:

$$0.2764 + 0.3944 = 0.6708; 0.6708 + 1.475 = 2.156; 2.156 + 26.46 = 28.62; \\ 28.62 + 1364 = 1393$$

болатынын көреміз, яғни $S_1 = 1393$ яғни нәтиже дұрыс екенін көреміз. Енді қосудың ретін өзгертейік, яғни соңғы саннан бастап бірінші санға дейін қосайық; сонда $1364 + 26.46 = 1390; 1390 + 1.475 = 1391; 1391 + 0.3944 = 1391;$

$$1391 + 0.2764 = 1391$$

басқа нәтиже $S_2 = 1391$ аламыз. Ол нәтиже дәл емес.

Есептеудегі осындай қателік үлкен санға кіші санды қосу разрядтың тордан асып кететіндігінен шығады, яғни $a \gg b$ болғанда $a + b = a$ болатындықтан шығады. Мұндай кіші сандар бірнеше болуы мүмкін, бірақ оларды үлкен санға қосқанда нәтиже өзгермейді. (біздің мысалымызда $a = 1.391; \epsilon_1 = 0.3944; \epsilon_2 = 0.2764$). Сондықтан, ЭЕМ-де қосу амалын орындағанда сандардың өсу реті бойынша қосу керек деген ережені есте ұстаған жөн. Дөңгелектеу қателіктерінің салдарынан ЭЕМ-де операциялардың орындалу реті үлкен роль атқаратындықтан алгебра курсынан белгілі коммутативтік заң әрқашан дұрыс бола бермейді.

ЭЕМ-де есеп шығарғанда алгоритмді жақсарту және қателіктерді азайту мақсатында осыған ұқсас «кіші гірім қулықтарды» пайдаланған жөн. ЭЕМ - де есеп шығарудағы орнықтылық түсінігіне тоқталар болсақ:

Орнықтылық түсінігі. Қойылған есептің математикалық моделі бойынша есепті шешу процесінде бастапқы мәндердің дұрыс анықталмауынан кететін түзелмейтін қателіктерді қарастырайық. Осы қателіктерді есеп шығаратын адам түзете алмайтыны белгілі. Дегенмен, ол осы қателік-тердің соңғы нәтижелердің дұрыс болуына тигізетін әсерін білуі керек. Көптеген жағдайларда нәтижелердегі кететін қателер мен алғашқы мәндер бойынша кететін қателердің реті бірдей болады деп есептеуімізге де болады. Осы пікір әр уақытта ақиқат бола ма? Бұл сұраққа әруақытта ақиқат болмайды деп жауап беруге тура келеді. Кейбір есептер бастапқы мәндердің дәл болмауына өте сезімтал болады. Бұл сезімталдық орнықтылық деген шамамен сипатталады. Айталық, X шаманың бастапқы мәніне сәйкес Y анықталады дейік. Ондай жағдайда бастапқы шаманың абсолют қателігі Δx болса, шешімнің абсолют қателігі Δy болады, егер Y шама X шамаға үздіксіз түрде тәуелді болса, яғни бастапқы шаманың аз ғана Δx өсімшесіне ізделінді шаманың аз ғана Δy өсімшесі сәйкес келсе, онда есепті бастапқы параметр X -ке қатысты орнықты деп есептейміз. Басқаша айтқанда бастапқы шаманың аз ғана қателігі есептеу нәтижелеріндегі аз қателіктер болуы керек. Орнықтылықтың болмауынан бастапқы мәндердің өте аз қателіктері шешімдегі үлкен қателіктерге әкелуі мүмкін, тіпті қате нәтижелерге соқтыруы мүмкін. Орнықты емес есептерді кейде бастапқы мәндердің өзгеруіне сезімтал есептер деп те айтамыз.

Мысал 3. Осындай есептердің мысалы ретінде $(x - a^n) = \epsilon$, $0 < \epsilon$, $\epsilon \ll 1$ көп мүшеліктің түбірлерін табу жөніндегі есепті алуға болады. Теңдіктің оң жағының ϵ -ға тең ретке өзгеруі түбірлердің $\epsilon^{\frac{1}{n}}$ ретті қателігіне алып келеді.

Орнықсыз есептің екінші бір мысалы ретінде Уилкинсон мысалын алуға болады. Онда

$$P(x) = (x - 1)(x - 2) \dots (x - 20) = x^{20} - 210x^{19} + \dots$$

көпмүшелік қарастырылады. Осы көпмүшеліктің түбірлері $x_1 = 1, x_2 = 2 \dots x_{20} = 20$ болатыны көрініп тұр. Осы көпмүшеліктің коэффициенттерінің біреуі белгілі бір аз қателікпен есептелсін дейік. Дәл айтқандай x^{19} дәрежесі алдындағы -210 коэффициенті $2 - 27$ -не артырайық (10^{-7} дәрежесіндегі) осы жағдайда 11 мәнді цифрға дейінгі дәлдікпен есептеулер нәтижесінде жоғарыда көрсетілген түбірлерде әжептеуір өзгеше түбірлер аламыз.

Мәселенің айқынырақ болуы үшін олардың үш орынға дейінгі дөңгелектелген мәндерін келтірейік:

$x_1 = 1.00$	
$x_2 = 2.00$	$x_{10,11} = 10.1 \pm 0.644i$
$x_3 = 3.00$	$x_{12,13} = 11.8 \pm 1.65i$
$x_4 = 4.00$	$x_{14,15} = 14.0 \pm 2.52i$
$x_5 = 5.00$	$x_{16,17} = 16.7 \pm 2.81i$
$x_6 = 6.00$	$x_{18,19} = 19.5 \pm 1.94i$
$x_7 = 7.00$	
$x_8 = 8.01$	$x_{20} = 20.8$
$x_9 = 8.92$	

сөйтіп x^{19} -дәрежесінің -210 коэффициентін $-210 + 10^{-7}$ -не өзгерту берілген көпмүшеліктің түбірлерінің жартысы комплекс түбір болуына алып келеді. Оның себебі – есептің орнықсыздығы. Есептеулер өте дәл (11–разрядқа дейін) орындалды, ал дөңгелектеу қателіктері мұндай нәтижеге әкелуі мүмкін емес еді.

Есептің бір мәнді қойылуы. Егер бастапқы мәндердің класына қарамай есептің шешімі бар болса, жалғыз ғана болса және бастапқы мәндерге қатысты орнықты болса, онда есеп бір мәнді қойылған деп есептеледі. Жоғарыда келтірілген есептер бір мәнді қойылмаған есептердің мысалы бола алады. Мұндай есептерге сандық әдістерді қолдануға болмайды, себебі есептеулердегі дөңгелектеу қателіктері нәтиженің қате болуына үлкен әсер етеді. Сонымен бірге, кейінгі кезде бірімәнді қойылмаған есептерді шығару әдістері де дамуда. Ондай әдістер регуляризация әдістері деп аталады. Олар берілген есепті бірімәнді қойылған есеппен айырбастау негізінде орындалады. Кейінгі есеп белгілі бір параметрге тәуелді болады да, ол параметр нольге ұмтылғанда оның шешімі бастапқы есептің шешіміне көшеді.

Әдістердің орнықсыздығы. Кейде бірімәнді қойылған есепті шешкенде оны шешудің әдісі орнықсыз болуы мүмкін. Дербес жағдайда, үлкен аргументтің синусын есептегенде ешбір мағынасыз нәтиже алуға болады.

Мысал 4. Келесі тригонометриялық $\sin x$ - функциясының дәрежелік қатарға жіктелуін, яғни

$$\sin x = \frac{x^3}{3!} + \frac{x^5}{5!} - \frac{x^7}{7!} + \dots$$

қатысты пайдаланып 10^{-8} дәлдікпен $\sin 25.66$ -ны есептейік. Сонда $\sin 25.66 \approx 24$ сияқты мағынасыз нәтиже аламыз. Бұл жерде есепті шығарудағы өте жоғары дәлдік те көмектесе алмайтынын көреміз. Орнықсыз алгоритмнің тағы мысалын келтірейік.

Мысал 5. Интегралды сандық әдіспен есептеуді қарастырайық.

$$J_n = \int_0^1 x^n e^{x-1} dx, \quad n = 1, 2, \dots$$

Бөлшектеп интегралдау нәтижесінде төмендегі теңдіктерді аламыз.

$$J_1 = \int_0^1 x e^{x-1} dx = x e^{x-1} \Big|_0^1 - \int_0^1 e^{x-1} dx = \frac{1}{e},$$

$$J_2 = \int_0^1 x^2 e^{x-1} dx = x^2 e^{x-1} \Big|_0^1 - 2 \int_0^1 x e^{x-1} dx = 1 - 2J_1$$

.....

$$J_n = \int_0^1 x^n e^{x-1} dx = x^n e^{x-1} \Big|_0^1 - n \int_0^1 x^{n-1} e^{x-1} dx = 1 - nJ_{n-1}$$

Осы табылған рекуренттік қатысты пайдаланып есептесек

$$\begin{aligned} J_1 &= 0.367879 & J_6 &= 0.127120 \\ J_2 &= 0.263242 & J_7 &= 0.110160 \\ J_3 &= 0.207274 & J_8 &= 0.118720 \\ J_4 &= 0.170904 & J_9 &= -0.0684800 \\ J_5 &= 0.145480 & & \end{aligned}$$

Кестеде көрсетілгендей J_9 интегралдың мәні теріс сан болып тұр. Ал олай болуы мүмкін емес, себебі интеграл таңбасы астындағы $x^9 e^{x-1}$ өрнек $[0, 1]$ интегралдау аралығында теріс мәнге ие болмайды. Енді қателіктің неден кеткенін зерттейік. J_1 - ді дөңгелектеудегі қателік жуық шамамен $4.4 \cdot 10^{-7}$ не тең. Ол әрбір келесі этаптағы осы қателік модульдері бойынша 1 - ден үлкен сандарға $(-2, -3, \dots, -9)$ көбейтіледі, сөйтіп нәтижеде $9!$ болады. Осы жағдай мағынасыз нәтижеге соқтырып отыр. Мұнда тағы да қателіктердің көбеюі алгоритмнің орнықсыздығы салдарынан шығатынын көреміз.

Кез-келген бастапқы мәндерге байланысты шешімнің бар болуы, жалғыз болуы және осы шешімнің бастапқы мәндерге қатысты орнықты болуын сандық әдісте орнықты деп аталады.

Сандық әдістің жинақтылығы жөніндегі түсінікке де тоқтала кетуіміз қажетті. Есептеу процесінің дәлдігін анықтаудағы басты шарттардың бірі – сандық әдістің жинақтылығы болып табылады. Ол есептің сандық әдіспен алынған шешімнің шынайы шешімге жақындығын білдіреді. Жақындықтың қатал анықтамаларын функциялық анализдің аппаратын пайдалана отырып беруге болады. Бұл жерде біз келешекте баяндалатын материалдарға қажетті жинақтылықтың түсініктерін ғана келтіреміз.

Алдымен, итерациялық процестің жинақтылығын қарастырайық. Бұл үрдістің мәні мынада: берілген есептің шешімін табуда және анықтауға тиісті параметрдің ізделінді мәнін табуға (мысалы, сызықтық еместық тендеудің түбірін табуда) біртіндеп жуықтау әдісі қолданылады. Осы процесті бірнеше рет қайталау нәтижесінде (немесе итерацияда) мәндердің

$$x_1, x_2, \dots, x_4, \dots, x_n \tag{1.3}$$

тізбегін аламыз.

Итерациялардың саны шексіз өскенде осы тізбектің шегі бар болса және ол a -ға тең болса, яғни

$$\lim_{n \rightarrow \infty} x_n = a \tag{1.4}$$

болса, онда осы тізбектің шегі $X = a$ шынайы шешімге жинақты болады деп айтамыз. Бұл жағдайда сандық әдіс те жинақты болады дейміз [4].

Жинақтылық түсінігін дискреттеу әдістерінде кездестіруге болады. Бұл әдістер үздіксіз параметрлі есептерді функциялардың мәндерін үзік нүктелердегі мәндермен ауыстыру арқылы іске асырылады. Оларға мысалдар ретінде сандық интегралдау, дифференциалдық тендеулерді шешу тағы сол сияқтыларды келтіруге болады. Бұл жерде әдістің жинақтылығы деп есептің дискретті моделінің шешімінің мәндерінің параметр нольге ұмтылғанда бастапқы есептің шешімінің мәндеріне ұмтылуын (мысалы интегралдау қадамын) айтамыз.

Жинақтылықты қарастырғанда, оның негізгі түсініктеріне жинақты-лықтың түрі, реті және басқа сипаттамалары жатады. Жалпы алғанда бұл түсініктерді қарастыру тиімсіз, ал оларға сандық әдістерді зерт-тегенде ғана көңіл аударуға болады.

Қорыта келгенде, есептің шешімін берілген дәлдікпен табу үшін, ол есептің қойылуы бірмәнді болуы керек, ал қолданылған әдіс орнықты және жинақты болуы қажет.

Жоғарыда келтірілген материалдар жоғары оқу орындарында оқитын студенттер мен жас мамандар үшін құнды материалдар болады деген үміттеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. Заварыкин В.М., Житомирский В.Г., Лапчик М.П. Численные методы: Учеб.пособие для студентов физ.-мат. спец. пед. институтов. – Минск: Новое знание, 2007. –174 с.: ил.
3. Байғожанова Д.С., Ермакова Н.С. Сандық әдістер: оқу құралы. Қарағанды: 2015. – 200 б.
4. Нысамбаев Ж.Н. Жоғары математика курсы бойынша есептер жинағы: оқу құралы. – Талдықорған, 2006, –94 бет.

ӘОЖ 004

ANDROID STUDIO-ДА ҚАРАПАЙЫМ СУРЕТКЕ АНИМАЦИЯ ҚОСУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Елепбергенова А.У.¹, Мурсакимова Г.А.¹, Сергазинова Ә.С.¹

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған қ.

E-mail: aigul_eu@mail.ru

Бұл мақалада Android Studio бағдарламалау ортасында суреттерге қозғалыс беру жолдары қарастырылды. Мобильдік қосымша құруда статикалық контент үлкен әсер бере алмайды, ал пайдаланушылардың назарын аударатын әртүрлі анимация эффекттерінің құру әлдеқайда қызықтырақ. Android-та анимациялардың бірнеше түрлері бар. Біз танысу үшін солардың бір түрін "Күннің шығуы" анимациясы мысалы ретінде қарастырдық.

Кілт сөздер: *Android Studio, set, translate, alpha, scale, анимация.*

В этой статье мы рассмотрели возможности создания анимации для простых рисунков. Статичный контент не очень интересен. Гораздо интереснее создавать различные анимационные эффекты, которые привлекают внимание пользователя. В Android доступны несколько видов анимации. На примере мы будем использовать анимацию из фигур, создавая иллюзию восхода солнца.


Ключевые слова: *Android Studio, set, translate, alpha, scale, анимация.*

In this article, we discussed the possibilities of creating animations for simple drawings. Static content is not very interesting. It is much more interesting to create various animation effects that will attract the user's attention. In Android, several types of animation are available. For example, we will use the animation from the figures, creating the illusion of sunrise.

Key words: *Android Studio, set, translate, alpha, scale, animation.*

Қазіргі таңда заман талабына сай мини-компьютерлер мен смартфондар көптеп шығарылуда. Мобильдік құрылғыларға орнатылатын ең танымал платформалар Android және iOS болып табылады, мұндай мобильдік құрылғылар арқылы адамдардың жаңалықтардан хабардар болуы жаңа мобильдік қосымшаларға қажеттілікті тудыруда. Мобильдік қосымша құруда статикалық контент үлкен әсер бере алмайды, ал пайдаланушылардың назарын аударатын әртүрлі анимация эффекттерінің құру әлдеқайда қызықтырақ. Сондықтан бұл мақалада Android Studio бағдарламалау ортасында суреттерге қозғалыс беру жолын қарастыруды жөн көрдік.

Java-да сурет салуды бастау үшін, біз Java координаталар жүйесін (1-сурет) түсініп алуымыз керек. Үнсіз келісім бойынша GUI (мысалға, терезе) компонентінің жоғары сол жақ бұрышы $(0, 0)$ координатасына тең. Координаталар экранда графиканың қай жерде орналасатындығын көрсету үшін пайдаланылады. Координаттар бірліктері пикселдермен өлшенеді. Пиксел - бұл монитордың ең кішкентай өлшем бірлігі [1, 2].



1-сурет. Java координаталар жүйесі

"Күннің шығуы" анимациясын құрайық. Android-та анимациялардың бірнеше түрлері бар. Біз танысу үшін солардың бір түрін қарастырамыз.

Күннің шығуын көрсететін, фигуралардан құралған анимацияны қолданамыз. "My_Animation" атты жаңа жоба құрайық.

Бірінші күннің суретін салып аламыз. Егер **res** бумасында **drawable** бумасы жоқ болса, онда оны жаңадан құрып аламыз. Құрылған бумادا **sun.xml** файлын құрамыз, мазмұнына төмендегі мәтінді енгіземіз:

```
<shape xmlns:android="http://schemas.android.com/apk/res/android"
    android:dither="true"
    android:shape="oval" >
    <gradient
        android:endColor="#ffff6600"
        android:gradientRadius="150"
        android:startColor="#ffffcc00"
        android:type="radial"
        android:useLevel="false" />
    <size
        android:height="150dp"
        android:width="150dp" />
</shape>
```

Күннің суретін салу үшін Oval фигурасын және ол әдемі болуы үшін қоңыр сарыдан ашық сарыға ауысатындай градиентті пайдаландық.

Енді аспанның суретін салайық, сол **drawable** бумасында **sky.xml** жаңа файлын құрамыз:

```
<shape xmlns:android="http://schemas.android.com/apk/res/android"
    android:dither="true"
    android:shape="rectangle" >
    <gradient
        android:angle="90"
        android:endColor="#ff000033"
        android:startColor="#ff0000ff" />
</shape>
```

Көкшіл градиентті төртбұрыш түріндегі фигура бердік.

Күн, аспан келтірілген соң шөптің де суретін қосып қояйық. **Drawable** бумасында бумادا **grass.xml** файлын құрамыз:

```
<shape xmlns:android="http://schemas.android.com/apk/res/android"
```



```

    android:dither="true"
    android:shape="rectangle" >
    <gradient
    android:angle="90"
    android:endColor="#ff003300"
    android:startColor="#ff009900" />
</shape>

```

Градиентті жасыл төртбұрыш салдық. Фигураларды жинақтайық, ол үшін **res/values** бумасындағы **strings.xml** файлын ашып төмендегі жолдық ресурстарды қосамыз:

```

<string name="sun">Күн </string>
<string name="grass">Шөп </string>
<string name="sky">Аспан </string>

```

activity_main.xml негізгі белсенділік терезесін ашып, бірнеше **ImageView** элементтерін қосайық:

```

<RelativeLayout xmlns:android="http://schemas.android.com/apk/res/android"
    xmlns:tools="http://schemas.android.com/tools"
    android:layout_width="match_parent"
    android:layout_height="match_parent"
    android:paddingBottom="@dimen/activity_vertical_margin"
    android:paddingLeft="@dimen/activity_horizontal_margin"
    android:paddingRight="@dimen/activity_horizontal_margin"
    android:paddingTop="@dimen/activity_vertical_margin"
    tools:context=".MainActivity" >
    <ImageView
    android:id="@+id/sky"
    android:layout_width="fill_parent"
    android:layout_height="fill_parent"
    android:contentDescription="@string/sky"
    android:src="@drawable/sky" />
    <ImageView
    android:id="@+id/sun"
    android:layout_width="wrap_content"
    android:layout_height="wrap_content"
    android:layout_centerHorizontal="true"
    android:contentDescription="@string/sun"
    android:scaleType="fitCenter"
    android:src="@drawable/sun" />
    <ImageView
    android:id="@+id/grass"
    android:layout_width="fill_parent"
    android:layout_height="150dp"
    android:layout_alignParentBottom="true"
    android:contentDescription="@string/grass"
    android:src="@drawable/grass" />
</RelativeLayout>

```

ImageView-тің барлық элементтерінің **android:src** атрибутында экранда көруге болатын құрылған фигураларды жаздық.

Күннің шығу анимациясына тоқталайық, біз күн, аспан және шөптің суретін салдық. Енді күнді қозғалысқа келтірейік, күн төменнен жоғары бөлікке көтерілуі керек. Ол үшін анимация файлдары орналасатын жаңа **res/anim** бумасын құрамыз. Осы бумадан **sun_rise.xml** файлын құрып, төмендегі мәтінді енгіземіз:

```
<set xmlns:android="http://schemas.android.com/apk/res/android"
    android:duration="5000"
    android:fillAfter="true"
    android:interpolator="@android:anim/accelerate_decelerate_interpolator"
    android:shareInterpolator="false" >
    <scale
        android:fromXScale="1.0"
        android:fromYScale="1.0"
        android:pivotX="50%"
        android:pivotY="50%"
        android:toXScale="1.5"
        android:toYScale="1.5" />
    <translate
        android:fromYDelta="70%p"
        android:toYDelta="20%p" />
    <alpha
        android:fromAlpha="0.3"
        android:toAlpha="2.0" />
</set>
```

Set бөлігіне анимация бөлшектерін орнаттық. Мысалы, **android:duration** параметрі анимация 5 секунд ішінде аяқталуы керектігін көрсетеді. **fillAfter** параметрі анимация күйін басқарады, ол басына секіріп кетпеуі керек. **android:interpolator** параметрі анимацияның басынан ортасына дейін кішкене жеделдету және ортасынан бастап соңына дейін тежеу үшін жүйе тұрақтысын пайдаланады [3].

Set бөлігінің ішінде анимация сипаттамаларына (позициясы, мөлдірлігі және өлшемдерін өзгерту) жауап беретін арнайы бөліктер орналастырылады.

Мысалы, күн фигурасы ортасынан біркелкі ісіну арқылы өзінің бастапқы өлшемінен (scale) 1,5 есеге үлкейеді.

Translate элементі күнді экран бойымен тігінен жоғары қарай қозғайды. "p" суффиксін қолданып, бастапқы элементке сүйенеміз. Күн қозғалысын Y осі бойынша бастапқы элементтен 70% позицияда бастап, 20% позицияда қозғалысын аяқтайды. Сонымен қатар қозғалыс кезінде күннің мөлдірлігі (alpha) өзгереді.

Программалауға көшеміз:

```
package com.example.aigul.my_animation;
import android.os.Bundle;
import android.app.Activity;
import android.view.Menu;
import android.view.animation.Animation;
import android.view.animation.AnimationUtils;
import android.widget.ImageView;
public class MainActivity extends Activity @Override
protected void onCreate(Bundle savedInstanceState)
super.onCreate(savedInstanceState);
setContentView(R.layout.activity_main);
// күнге сілтеме аламыз
ImageView sunImageView = (ImageView) findViewById(R.id.sun);
// күннің шығуына арналған анимация
Animation sunRiseAnimation = AnimationUtils.loadAnimation(this, R.anim.sun_rise);
// қажетті View-ке анимация қосамыз
sunImageView.startAnimation(sunRiseAnimation);
```

Жобаны іске қосып, нәтижесін 2-ші суреттен көреміз.



2-сурет. «Күннің шығуы» анимациясы

Қорыта келгенде, мақалада анимация жасау жолын мысал келтіре отырып ашуға тырыстық. Мобильді құрылғыларға қарапайым ойын құруда, қосымшалар жасау кезінде, кескіндермен жұмыс тақырыбына арналған практикалық сабақтарда біздің мақаламыздың көмегі тиеді деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Майк МакГрат, Создание приложений на Android для начинающих, Эксмо, 2016, 192 стр
2. Пол Дейтел, Харви Дейтел, Александер Уолд, Android для разработчиков, Питер, 2016, 512 стр
3. <http://developer.alexanderklimov.ru/android/sunrise.php>

ӘОЖ 378.147.88

КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Есенғабылов І.Ж.¹, к.п.н., профессор, Чалматаева М.¹, 4 курс студенті
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған

E-mail: tan-ts_ainur@mail.ru

Мақалада білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі - оқу процесін электронды оқулық немесе оқытудың компьютерлік құралдарын пайдалану және оның тиімділігі қарастырылған.

Кілт сөздер: оқытудың компьютерлік құралдары, білім беру, оқу процесі, электронды оқулық.

В статье рассматриваются одни из основных требований образования как эффективность и использование компьютерных средств обучения или электронных учебников.

Ключевые слова: компьютерные средства обучения, образование, учебный процесс, электронный учебник.

The article discusses one of the basic requirements of education as the efficiency and use of computer-aided learning tools or electronic textbooks.

Keywords: computer learning tools, education, educational process, electronic textbook.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауында: «Білім беру реформасы-Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», -деп атап көрсетті. ХХІ ғасыр –бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі болып отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігімен бірге елімізге енген жаңашылдықтардың бірі — оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану.

Бүгінгі таңда біз куә болып отырған ақпараттық қоғамның негізгі талабы-оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдылық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік дамуы мен оны ақпараттық қоғамға бейімдеуінде. Жаңа технологиялар қоғамның әр саласына енгізіліп, өзінің жемістерін беріп келеді. Олай болса, ақпараттық біліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарламаларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылады.

Ақпараттық-қатынастық технологияның шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық - психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы өте зор. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үдерісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Білім беру үрдісін ақпараттандыру — жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздеп отырғаны бәрімізге мәлім. Осылайша, Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «ХХІ ғасыр — ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі — қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқынды білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойылып отыр. Ол — өз жұмыс орнында және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне, жаңалықтарына бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру [1].

Егеменді еліміздің болашағы білім беру жүйесіне байланысты. Заман талабына сай қазіргі мектептерде білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жаңарту — білім реформасының жүзеге асуының басты шарты. Осы талапқа сай оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы оқушылар шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дамыту, осыған орай оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру мен тәрбиелеу — мұғалімдер алдындағы басты міндет болып тұр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу» білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделінді. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-қатынастық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды. Кейінгі кезде шет елдерде және біздің елімізде де компьютерлік технологияны пайдаланып оқытудың жаңа бағыттары пайда болды. Ол америкалық ғалымы С.Пейперт ойлап тапқан «конструкциялық модельдеу». Ондағы идея — оқу процесінің өзінің «ортасы» болып, баланың компьютермен «өнер иесі» ретінде жұмыс істеуіне жағдай жасауы. Компьютер арқылы кестелік жағдайларда арифметикалық амалдардың нәтижелерін табуға оқушыларды үйрету керек деген ұсыныстармен келісу мүмкін емес.

Технологиялық оқытудың тек ғана жақсы жақтары ғана емес, сондай-ақ кері әсерлеріде жеткілікті. Өйткені кестелік қосу, азайту, көбейту және бөлудің нәтижелерін оқушы берік есінде сақтауы керек. Ал көп таңбалы сандармен амалдар жүргізу кезінде оқытудың құралы ретінде компьютерді қолдану тиімді және ол компьютерлік сауаттылықтың бастамасы болмақшы. Компьютерлердің кемшіліктері жайлы сөз қозғағанда көбінесе технологиялық - экономикалық факторын психологиялық-педагогикалық факторымен қатар қояды. Ең алдымен оқушылардың

жеке ерекшеліктерін ескеруді, қателіктер мен оның есебін танып білудің қатынастық тәсілдерімен байланысты. Бұл даусыз, өйткені бұл пікірді дұрыс деп қабылдауға да болмайды. Себебі, мұғалім мен оқушының барынша жеткілікті тиімді оқу материалдарын меңгере алуында. Олар мысалы, кейбір тақырыптарды меңгеруге бағытталған немесе лабораториялық жұмыстарды орындауға бағытталған бағдарламаларды құруы мен пайдалануларында [2].

Орта білім беретін мектептің жетінші және сегізінші сыныптарында физика пәнінен лабораториялық жұмысты орындау кезінде электронды кітаптарды қолданудың маңызы өте зор. Себебі, көптеген орта білім беретін ауылдық және қалалық мектептерде лабораториялық жұмыс жасауға қажетті құралдардың жетіспеушілігінен, оқушылар тақырыптарға байланысты орындалатын лабораториялық жұмыстарды түсінбей жатады. Мұндай мәселені шешу үшін жаңа электронды кітаптар шығарылып жатыр. Электронды кітаптың тиімділігі, онда лабораториялық жұмысты орындауға қажетті құралдар бар. Мысалы, орта білім беретін мектептерде лабораториялық жұмыс кезінде құрылғылардың жетіспеушілігіне байланысты, кейде демонстрациялық тәжірибиелер арқылы өткізуге тура келеді. Демонстрациялық тәжірибенің бір кемшілігі, егер аудитория үлкен болса, онда демонстрациялық тәжірибеміз барлық оқушыға бірдей көрінбеуі мүмкін. Осы жағдайларды ескере отырып, жаңа технологиядағы электронды кітаптар шығарыла бастады. Бұл еліміздің жаңа технологиялық бағдарлама әлеміне аяқ басты деген сөз. Міне, инновациялық технологияларды, дамыған ақпараттық жүйелер мен компьютерлерді тек қана күнделікті өмірде, жұмыста ғана емес, сондай-ақ мектептерде де пайдаланатынына көз жеткізсек болады. Сол себепті оқу барысында компьютерді қолдану үшін мұғалім көптеген дағды мен ептілікті үйрене білуі де қажет. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазіргі уақыт- жаңа технология мен компьютер заманы.

Осы ғасырдағы соңғы он жыл ішінде біздің өмірімізге түбегейлі өзгеріс енді. Жаңа буын оқулықтары мен электронды мәдениет әлеміне аяқ бастық. Сонымен бірге ұстаздың да рөлі өзгерді. Ол енді жоғары деңгейдегі жаңашыл ұстаз болуы тиіс деп ойлаймын. Оған қойылатын талапта жоғарғы деңгейде болмақ [3].

Осы уақытқа дейін біз пайдаланып жүрген кез келген практикалық материалдар, энциклопедиялар т.б. қызықсыз болып қалды деуге де болады. Практикалық өмірде дәлелдегендей, ендігі таңда инновациялық технологиялық технологияларсыз дамыған мектепті және жоғары мектепті көз алдымызға елестету мүмкін емес. Адамдар жылдар бойында сақтап, жинаған өмірлік азығын енді кішкентай ғана компакт-дискіге сақтайтын болды. Күні кеше ғана бұл қол жетпейтін фантастикалық әлем еді. Қазіргі таңда бәріне бейім, тез қабылдайтын іздеп-паз тұлғалар оның бәрін санасында ұстап, мобильді телефондарды және т.б. қолдануды меңгере бастады. Компьютердегі мәтіндер, аудио, бейнекөрсетілімдер, анимациялар балалардың білім алу деңгейі жоғарылады. Дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады.

Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мысалы, жетінші, сегізінші сыныптар жаңартылған бағдарлама арқылы оқытылуда. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру көзделініп отыр. Жаңа технологияланы меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізіп қана қоймай, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа ғасырға жаңартылған бағдарламалар да енгізілуде. Жаңартылған бағдарламада, ең алдымен, оқушының білім алуға деген ынтасын, жауапкершілігін арттыру, берілетін оқу материалының күрделі болуы, баланың білім алуы үшін қамтылған. Жаңа оқулықтағы тапсырмалар жаңа технологияға негізделініп берілген. Қоғам педагогикалық шеберлік деңгейі жоғары, жаңашыл, инновациялық көзқарастағы ұстаздарды қалыптастыруды талап етуде.

Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі алдындағы шәкірттерін бағалауы орын алады. Компьютерлік оқу құралы - білім берудің компьютерлік технологиясын кенінен пайдалануға негізделген электрондық оқып-үйрену құралдарын айтады. Өз функционалдық мүмкіндіктеріне қарай компьютер қазіргі кезде оқытудың ең керекті жабдығына айналды, бірақ оны тиімді түрде пайдалану жолдарының әлі ашылмаған тәсілдері, күнделікті сабақтарға қолдану үшін әлі де айқындалатын жақтары көп екенін ғалымдар да, мұғалімдер де жиі айтып келеді. Соңғы кездегі компьютерлердің көптеп қолданысқа енуі проблеманың өте өзекті мәселеге айналғанын тағы да дәлелдеп отыр. Сондай оң өзгерістердің бірі — білім беру мекемелеріне келген «Интерактивті тақта» қызметі. Жалпы ақпараттық-қатынастық технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуді, компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдалануға негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Сондай-ақ ақпараттық-қатынастық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық- психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол [4].

Күнделікті өмірде қарапайым ұғымға айналған білім берудегі интерактивті технологияны қолдану барысында оқушылардың топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, топ оқушылардың бірін бірі толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастырады. Оқу барысында компьютердің рөлі толық болмас, егер оның оқушылардың өздерінің танымдық мүмкіндіктерімен өздерінің жеке қасиеті мен тұлғалық рефлексиясын, өз әрекеттерін мойындауын көрсетпесек толық болмайды. Оның оқу әрекетіндегі маңызын бағалаудың өзі өте қиын. Толыққанды оқу әрекетін қалыптастыру үшін оқушыларда пәндік әлем жайлы жүйені қалыптастыру жеткіліксіз. Ол өз әрекетін меңгеруі қажет, есеп шартын талдауы қажет, оның шешімдік ізденіс стратегиясы қандай екендігін меңгеруі, яғни онда рефлексивтік өзін-өзі реттеу механизмі жасалуы қажет.

Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі - оқу процесін электронды оқулық немесе оқытудың компьютерлік құралдарын (ОКҚ) жасау және пайдалану. Оқу процессінде компьютерлік оқулықтар, есептер жинақтары, энциклопедиялар, тестілеу мен бақылау, анықтамалық жүйелер және басқа да ОКҚ-лар кенінен қолданыс табуда. ОКҚ-ны білім берудің ақпараттық технологияларының негізгі бір түрі ретінде қарастыруға болады. Жалпы білім берудің ақпараттық технологиялары дәстүрлі оқыту әдістері мен тәсілдерінде кейбір педагогикалық мәселелерді шешудің жаңа құралдары ретінде пайданылады. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен екен. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда азаматтарымыз бен азаматшаларымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз бен жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. ХХІ ғасыр - білімділер ғасыры. Сондықтан, біз еліміздің дамуына өз үлесімізді қосуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Головина Н.Н. Информационные технологии как средство формирования интеллектуальных умений у студентов колледжей. - М.: Наука, 2007. - С.
2. Мансуров З.А. Современные тенденции развития информационных технологий в высшем образовании // Информационные технологии в высшем образовании. - 2010. - № 1. - С. 5-6.
3. Мухлис К. Компьютерлік технологияны оқыту процесінде қолданылу ерекшеліктері // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2006. - № 8. – 52-56-б.
4. Есенғабылов І.Ж. Педагогикалық бағдарламалық құралдарды пайдаланып мәтіндік есептерді шығаруға оқушыларды үйрету. // «Білім-образование» ғылыми педагогикалық журнал, Алматы, №6, 2008.-Б.8-11.

УДК 004.223.7

РАБОТА С СИСТЕМНЫМ РЕЕСТРОМ

Жиембаев Ж.Т.¹, к.п.н., и.о. ассоциированного профессора, Болатбеков Р.Б.², магистрант,
Жетысуский государственный университет им. И Жансугурова¹, г.Талдыкорган
Международный университет информационных технологии², Алматы

E-mail: jomart73@mail.ru

Бұл мақалада белгілі бір бағдарламалық өнімінің құрылуы айтылады. Бағдаламалық өнім іске қосылған кезде, клиент тіркелуді (әзірлеушіден алынған кодын енгізуді) талап ететін қорғау функциясын әзірлеу қажет. Тіркеу кілті негізгі айнымалы реестрге жазылады. Тіркеу кілті енгізілген тіркеу кодын хэши функциялары арқылы тіркеу коды алынады. Одан ары мақалада реестрмен жұмыс істеу негізіне арналады. Бұл бағдарламаны студенттер, оқытушылар және ақпараттық технологиялар мамандары пайдалана алады.

Кілт сөздер: *реестр, тіркеу кілті, өнімділік, хешинг, хеш-код, Hash-функция, кодтау.*

В данной статье рассматривается создание некоего программного продукта. В приложении необходимо разработать функцию его защиты, которая при запуске программы у клиента будет требовать прохождения регистрации (ввода полученного у разработчика кода). Регистрационный ключ записывается в реестр в раздел в переменную key. Регистрационный ключ получается путем кодирования введенного регистрационного кода с помощью Hash-функций. Далее статья будет посвящена именно основам работы с реестром. Данное приложение может быть использовано в студентами, преподавателями и специалистами информационных технологий.

Ключевые слова: *реестр, регистрационный ключ, производительность, хеширование, хеш-код, Hash-функций, кодирование.*

This article discusses the creation of a certain software product. In the application, it is necessary to develop a protection function that, when the program is started, the client will require registration (input of the code received from the developer). The registration key is written to the registry in the key variable. The registration key is obtained by coding the entered registration code using the Hash functions. Further article will be devoted to the basics of working with the registry. This application can be used by students, teachers and information technology specialists.

Key words: *registry, registration key, performance, hashing, hash code, hash functions, encoding.*

Введение. Реестр Windows (англ. Windows Registry), или системный реестр - иерархически построенная база данных параметров и настроек в большинстве операционных систем Microsoft Windows. Реестр содержит информацию и настройки для аппаратного обеспечения, программного обеспечения, профилей пользователей, предустановки. Большинство изменений в Панели управления, ассоциации файлов, системные политики, список установленного ПО фиксируются в реестре. Реестр Windows был введен для упорядочения информации, хранившейся до этого во множестве INI-файлов, обеспечения единого механизма (API) записи-чтения настроек и избавления от проблем коротких имён, отсутствия разграничения прав доступа и медленного доступа к ini-файлам, хранящимся на файловой системе FAT16, имевшей серьёзные проблемы быстрогодействия при поиске файлов в директориях с большим их количеством. Со временем (окончательно - с появлением файловой системы NTFS) проблемы, решавшиеся реестром, исчезли, но реестр остался из-за обратной

совместимости, и присутствует во всех версиях Windows, включая последнюю. Поскольку сейчас не существует реальных предпосылок для использования подобного механизма, Microsoft Windows — единственная операционная система из используемых сегодня, в которой используется механизм реестра операционной системы. В общем Реестр это рудимент. Реестр Windows в нынешнем виде. Реестр в том виде, как его использует Windows и как видит его пользователь в процессе использования программ работы с реестром, формируется из различных данных. Чтобы получилось то, что видит пользователь, редактируя реестр, происходит следующее. Вначале, в процессе установки (инсталляции) и настройки Windows, на диске формируются файлы, в которых хранится часть данных относительно конфигурации системы.

Материалы и методика работы. Реестр - это системная база данных. Пользователь редактирует реестр с помощью утилиты regedit. Она запускается легче всего через Пуск-Выполнить..., где в окне впечатывается regedit. После этого Вашему взору должно предстать что-то вроде этого (рисунок 1):




Рисунок 1. Окно редактор реестра

В левой части иерархическая структура реестра - разделы, подразделы. Как видно, он имеет иерархическую структуру. В принципе это похоже на окно проводника. В левой части окна видны параметры. Окно этой программы поделено на две части. В левой (более узкой панели) показана древовидная структура ключей. Ключ - это раздел, отвечающий за какие-либо установки. Сами установки называются параметрами, находящимися в правой панели. Каждый параметр имеет своё имя, значение и тип. Параметры бывают строкового типа, двоичного и типа DWORD. Их очень много, но их назначение зависит от того, в каком ключе находится той или иной параметр. Ключи делятся между шестью основными разделами:

- HKEY_CLASSES_ROOT - Содержит информацию об OLE, операциях перетаскивания (drag-and-drop - с англ. перетащить-и- отпустить) и ярлыках. В данном разделе можно так же указать программы, запускаемые при активизации файлов определённого типа. Данный раздел является псевдонимом для ветви HKEY_LOCAL_MACHINE\Software\Classes

- HKEY_CURRENT_USER - Содержит индивидуальные установки для каждого пользователя зарегистрированного в системе. Данный раздел является псевдонимом для ветви HKEY_USERS

- HKEY_LOCAL_MACHINE - Содержит аппаратные и программные установки, необходимые для функционирования оборудования и программ. Данный раздел так же хранит конфигурацию Windows.

- HKEY_USERS - Содержит установки пользователей и соответствующие конфигурационные данные, такие как цвет окна, расположение элементов на рабочем столе, обои, заставки.

- HKEY CURRENT CONFIG – Содержит информацию о текущем аппаратном профиле. Если вы не используете аппаратные профили, данный раздел содержит установки Windows по умолчанию.

- HKEY_DYN_DATA - В отличие от других разделов, которые хранят статистические данные (неизменяющиеся во время сеанса), данный раздел содержит указатели на динамические данные (постоянно изменяющиеся во время работы компьютера). Windows использует данный раздел для отслеживания профилей оборудования plug-and-play, статистики по производительности и драйверов виртуальных устройств VxD.

Работа с реестром разделяется на несколько этапов.

1. Вы должны объявить подключение модуля TRegistry в Uses.
2. Необходимо создать переменную типа TRegistry и инициализировать ее.
3. Собственно работа с реестром.
4. Уничтожение переменной.

Uses ..., Registry,...

Var

Reg: TRegistry; //Создание переменной Reg

Begin

Reg:= TRegistry.create; //инициализирование этой же переменной

//-----Программа-----

Reg.Destroy;

end;

Пункты 1, 2, 4 –ясны. Поэтому оставшаяся часть статьи будет посвящена именно 3-му пункту – работа с реестром.

Самое первое дело, после выполнения второго пункта, это определение корневого ключа реестра. Он определяется с помощью свойства RootKey переменной Reg.

//-----

Reg.RootKey:=Корневой ключ реестра; //Без кавычек!!!

//-----

Корневые ключи реестра:

- + HKEY_CLASSES_ROOT (по умолчанию)
- + HKEY_CURRENT_USER HKEY_LOCAL_MACHINE
- + HKEY_USERS HKEY_CURRENT_CONFIG
- + HKEY_DYN_DATA

Следующие свойства:

+ CurrentPath: Определяет путь текущему ключу.

+ CurrentKey: HKEY; Определяет открытый в настоящее время ключ реестра.

Procedure CloseKey; Закрывает открытый данный момент ключ реестра и записывает в реестра все изменения (если таковые были), произведенные в данном ключе. Вызов - CloseKey несколько раз или при отсутствии открытого ключа не вызывает ошибки.

- function CreateKey(const Key: String): Boolean; Создает ключ Key (где Key - путь с разделителями "\", например Software\Test. Имя корневого ключа пути не указывается!! Он задается через property RootKey. Возвращает True при успешном создании.

- Function DeleteKey(const Key: String): Boolean; Удалить ключ Key (аналогично CreateKey, только с точностью до наоборот)

- function DeleteValue (const Name: String): Boolean; Удалить параметр с именем Name текущего ключа. Очевидно, что предварительно необходимо открыть этот ключ.

- function GetDataInfo (const ValueName: String; var Value: TRegDataInfo): Boolean; Получить информацию о параметре ValueName текущего ключа - его тип и размер. При написании программ применяется редко, т.к. программист и сам знает, какого типа его параметры. А вот при написании разного рода утилит для просмотра и редактирования реестра он просто незаменим.

Типы:

TRegDataType = (rdUnknown, rdString, rdExpandString, rdInteger, rdBinary);

```
TRegDataInfo = record
  RegData: TRegDataType; // Тип ключа
  DataSize: Integer; // Размер данных
end;
```

Данная функция возвращает комплексную информацию о параметре, для получения данных о размере или типе можно применять GetDataSize и GetDataType

- function GetDataSize (const ValueName: String): Integer; Получить размер параметра ValueName текущего ключа в байтах. Если - при ошибке. Для строкового параметра размер учитывает в размере и один байт для #0, завершающего строку.

- function GetDataType(const ValueName: String): TRegDataType; Получить тип текущего ключа.

- function GetKeyInfo(var Value: TRegKeyInfo): Boolean; Получить информацию о ключе.

Возвращает заполненную структуру:

```
TRegKeyInfo = record
  MaxSubKeyLen: Integer; // Количество подключей
  NumValues: Integer; // Количество параметров
  MaxValueLen: Integer; // Макс.длина имени параметра
  MaxDataLen: Integer; // Максимальная длина данных
  FileTime: TFileTime; // Время последней записи ключа
end;
```

Как очевидно из структуры, она предназначена для построения программ просмотра реестра. При успешном выполнении возвращает true.

- procedure GetKeyNames(Strings: TStrings); Заполняет указанный Strings списком под ключей текущего ключа. Применяется для построения программ просмотра реестра или в том случае, когда количество подключей неизвестно. Например, одна из моих программ создает одним из ключей несколько подключей с одинаковой структурой, но их количество заранее неизвестно (настройки пользователей).

- procedure GetValueNames(Strings: TStrings); Заполняет указанный Strings списком параметров текущего ключа.

- function HasSubKeys: Boolean; Возвращает True, если текущий ключ имеет подключи и False в противном случае

- function KeyExists(const Key: String): Boolean; Возвращает True, если ключ Key существует. Полезная функция, рекомендуется применять ее перед открытием ключей.

- function LoadKey(const Key, FileName: String): Boolean; Создает ключ Key и загружает в него данные из файла с именем FileName. Полезно при написании инсталляторов. Возвращает True при успешном выполнении.

- procedure MoveKey(const OldName, NewName: String; Delete: Boolean); Копировать или переименовать ключ. В любом случае копирует все из ключа OldName в NewName (со всеми подключами). После копирования анализируется Delete, и если он true, то ключ OldName уничтожается со всем содержимым. Лично у меня не было потребности в применении данной функции - она не требуется программ и предназначена для построения редакторов реестра.

- function OpenKey(const Key: String; CanCreate: Boolean): Boolean; Очень важная функция - с нее начинается работа с ключом. Key - имя открываемого ключа. Если ключ с указанным именем не найден и CanCreate=true, то производится попытка создать ключ с указанным именем. Возвращает признак успешности открытия ключа, его обязательно следует анализировать.

- function OpenKeyReadOnly(const Key: String): Boolean; Тоже, что и OpenKey, но открытие идет в режиме "только чтение"

Внимание !!! Все функции типа Read** при вызове генерируют исключение, если параметр не найден. Это исключение следует отлавливать при помощи try except или проверять наличие параметра при помощи ValueExists перед его чтением.

- function ReadBinaryData(const Name: String; var Buffer; BufSize: Integer): Boolean; Читает значение параметра с именем Name текущего (открытого) ключа Buffer размером BufSize.
- function ReadBool(constName:String):Boolean; Считать значение параметра с именем Name типа Boolean
- function ReadDate(const Name: String): TDateTime; Считать значение параметра с именем Name типа дата
- function ReadDateTime(const Name: String): TDateTime; Считать значение параметра с именем Name типа дата-время
- function ReadTime(const Name: String): TDateTime; Считать значение параметра с именем Name типа время
- function ReadFloat(constName:String):Double; Считать значение параметра с именем Name типа Double
- function ReadInteger(constName:String):Integer; Считать значение параметра с именем Name типа Integer
- function ReadString(constName:String):String; Считать значение параметра с именем Name типа String
- function RegistryConnect(const UNCName: String): Boolean; Подключить сетевой реестр машины UNCName (формат: \\сетевое имя машины). Перед вызовом этой функции программа должна установить RootKey в значение HKEY_USERS или HKEY_LOCAL_MACHINE. При успешном соединении и открытии удаленного реестра его RootKey ставится в заданное перед вызовом значение свойства RootKey и возвращается True.
- procedure RenameValue(const OldName, NewName: String); Переименовать параметр текущего ключа с именем OldName в NewName.
- function ReplaceKey(const Key, FileName, BackUpFileName: String): Boolean;
 Заменить место хранения ключа. Обычно ключи хранятся в базовом файле реестра, но вызовом данной функции можно задать в качестве места хранения ключа отдельный файл с именем FileName (его следует предварительно создать при помощи savekey). При каждой перезагрузке компьютера ключ Key будет загружаться значениями, считываемыми из файла этого файла FileName, т.е. по сути мы имеем дело с ульем (hive) в терминологии Windows NT. Определение: Улей - часть реестра (его ячейка). Улей является дискретным набором ключей, подключей и параметров, который находится вверху иерархии реестра. Улей поддерживается одиночным файлом. BackUpFileName - имя резервной копии, которая создается перед перезаписью данных ключа Key. Если кого интересуют подробности, то следует почитать книгу по реестру Windows NT, главы типа "Ульи и файлы" и "Целостность и восстановление улья реестра". При разработке практических приложений я не разу не применял этот вызов.
- function RestoreKey(const Key, FileName: String): Boolean; Открывает указанный ключ и перезаписывает его данные и подключи данными из файла FileName.
- function SaveKey(const Key, FileName: String): Boolean; Сохраняет все параметры указанного ключа и всех его подключей в файле FileName. Может применяться совместно с LoadKey и RestoreKey для создания и восстановления ключей реестра.
- function UnLoadKey(constKey:String):Boolean; Удалить улей Key из реестра.
- function ValueExists(constName:string):Boolean; Проверить, существует ли в текущем ключе параметр с именем Name. Весьма полезная функция, т.к. чтение несуществующего параметра приводит к исключительной ситуации
Шешуі: ОХ осін көлбеу жазықтыққа параллель төмен қарай бағыттаймыз. Кесекті жоғары көтеретін үдеуді - a_1 , кесекті төмен түсіретін үдеуді - a_2 деп белгілейміз. Кесектің жылдамдығы жоғары көтерілгенде мына заң бойынша өзгереді: $v(t) = v_0 - a_1 t$, сондықтан көтерілу уақыты келесі шарттан шығады $v(t_1) = 0$, яғни $t_1 = v_0 / a_1$. Бұл жерде l - осы уақыт

ішінде кесектің жүрген жолы: $l = v_0 t_1 - \frac{a_1 t_1^2}{2} = \frac{1}{2} a_1 t_1^2$. Төмен түсіргенде кесек бастапқы жылдамдықсыз қозғала бастайды, сондықтан оның алғашқы нүктеге дейін төмендеуі оның

қозғалыс теңдеуінен шығып, мынаған тең: $l = \frac{1}{2} a_2 t_2^2$. Бұдан келесі теңдік шығады: $\frac{t_1}{t_2} = \sqrt{\frac{a_2}{a_1}}$.

Ньютонның екінші заңынан кесекті жоғары және төмен қозғайтын үдеуді күштерді көлбеу жазықтыққа проекциялап табамыз: кесек жоғары қарай қозғалғанда ауырлық күшінің көлбеу жазықтыққа параллель құраушысы мен кедергі күші бағыттас, сондықтан $a_1 = g(\sin \alpha + \mu \cos \alpha)$, төмен қозғалғанда бұл екі күш қарсы бағытталады, яғни

$a_2 = g(\sin \alpha - \mu \cos \alpha)$. Қорытындысында шығатыны: $\frac{t_1}{t_2} = \sqrt{\frac{\sin \alpha - \mu \cos \alpha}{\sin \alpha + \mu \cos \alpha}} \cong 0,61$.

2-есеп. Көлбеу жазықтықта кесек жатыр, оған көлбеу жазықтық бойымен жоғары бағытталған $F = kmg$ күш әсер етеді, мұндағы $k = 1,5$ тұрақты коэффициент, ал mg - ауырлық күші. Үйкеліс коэффициенті $\mu = 0,8$. Жазықтықтың көлбеулік бұрышы қандай болғанда кесектің үдеуі ең аз болады және ол неге тең?

Шешуі: ОХ осін көлбеу жазықтыққа параллель жоғары қарай бағыттаймыз. Кесекке төрт күш әсер етеді: ауырлық күші $\vec{F}_1 = m\vec{g}$, көлбеу жазықтықтың реакция күші \vec{R} , үйкеліс күші

$\vec{f}_{\text{үйк}}$ және берілген сыртқы күш \vec{F} . Кесектің қозғалыс теңдеуінен оның үдеуін мына түрде табамыз:

$$a = g[k - (\sin \alpha + \mu \cos \alpha)]$$

Теңдеудегі жақшаны $\mu = \text{ctg} \beta$; $\sin \beta = \frac{1}{\sqrt{1 + \mu^2}}$; $\cos \beta = \frac{\mu}{\sqrt{1 + \mu^2}}$ түрлендіру арқылы $\cos(\alpha - \beta)$ түріне келтіреміз. Сонда кесектің үдеуі былай жазылады:

$$a = g[k - \sqrt{1 + \mu^2} \cos(\alpha - \beta)].$$

Кесектің үдеуі $\cos(\alpha - \beta) = 1$ болғанда ең аз мәнін қабылдайды, яғни $\alpha = \beta = \text{arctg} \mu \cong 51,3^\circ$ болғанда үдеудің шамасы $a_{\text{min}} = g(k - \sqrt{1 + \mu^2}) \cong 2,2 \text{ м/с}^2$.

Денеге күш әсер еткен кезде күшті екі оське жіктеу есептің шешуін екі теңдеуден тұратын жүйеге келтіреді де, көп жеңілдетеді.

3-есеп. Массасы $m = 1 \text{ кг}$ кесекті горизонтпен $\alpha = 30^\circ$ бұрыш жасайтын көлбеу жазықтықта жоғары қарай жіппен бірқалыпты тартады. Үйкеліс коэффициенті $\mu = 0,8$. Жіптің тартылуы ең аз болатындай жіптің көлбеу жазықтықпен жасайтын β бұрышын табу керек [2].

Шешуі: ОХ осін көлбеу жазықтыққа параллель жоғары қарай, ал ОУ осін көлбеу жазықтыққа перпендикуляр бағыттаймыз. Онда динамиканың негізгі теңдеуі $m\vec{a} = m\vec{g} + \vec{R} + \vec{T} + \vec{f}_{\text{үйк}}$. Қозғалыс бірқалыпты, яғни $\vec{a} = \mathbf{0}$ екенін ескеріп, теңдеуді әр оське проекциялап, келесі теңдеулерді аламыз.

$$\text{ОХ осі үшін: } 0 = T \cos \beta - f_{\text{үйк}} - mg \sin \alpha.$$

$$\text{ОУ осі үшін: } 0 = R + T \sin \beta - mg \cos \alpha.$$

Бұл теңдіктердегі $f_{\text{үйк}} = \mu R$, \vec{R} - көлбеу жазықтықтың реакция күші. Реакция күшінің мәнін үйкеліс күшіне қойып, жіптің тарту күшін анықтаймыз:

$$T = \frac{\sin \alpha + \mu \cos \alpha}{\cos \beta + \mu \sin \beta} mg.$$

Бөлшектің бөлімін $\sin(\gamma + \beta)$ түріне келтіріп, келесі өрнекті аламыз:

$$T = mg \frac{(\sin \alpha + \mu \cos \alpha)}{\sqrt{1 + \mu^2} \cdot \sin(\gamma + \beta)},$$

мұндағы γ бұрышы мына шартты қанағаттандырады $\text{tg} \gamma = \mu$.

Жіптің тартылуы T өзінің ең аз мәнін $\sin(\gamma + \beta)$ максимал болғанда, яғни $\gamma + \beta = \pi / 2$ болғанда алады, осыдан

$$\beta_{\text{min}} = \frac{\pi}{2} - \gamma \cong 39^\circ$$

немесе


$$\sin \beta_{\text{min}} = \frac{\mu}{\sqrt{1 + \mu^2}}$$

$$\text{Бұл жағдайда } T_{\text{min}} = mg \frac{\sin \alpha + \mu \cos \alpha}{\sqrt{1 + \mu^2}} \cong 9,3 \text{ Н}.$$

Оқушылардың көп жағдайда жіберетін қателіктері блоктарды жалғайтын жіптердің тарту күшін анықтауға құралған есептерді шығаруда кездеседі. Жүйенің үдеуі мен жіптердің тарту күштері арасындағы айырмашылықтарды дәл анықтап, ескеру ұқыптылықты талап етеді.

4-есеп. Горизонтпен α бұрыш жасайтын көлбеу жазықтықта сырғанаған салмақсыз

және созылмайтын жіптермен байланысқан денелер тізбегі үшін m_2 және m_3 денелер арасындағы қалыптасқан жіптің тарту күшін анықтаңыз. Денелердің бастапқы жылдамдықтары нөлге тең, денелердің массалары $m_1 = 1 \text{ кг}$; $m_2 = 2 \text{ кг}$;



$m_3 = 3 \text{ кг}$; m_3 дене жатқан жазықтықтың горизонтпен жасайтын бұрышы $\alpha = 60^\circ$; m_2 дене мен горизонтал жазықтық арасындағы үйкеліс коэффициенті $\mu = 0,2$; m_1 және m_3 денелері үйкеліс күшін сезбейді; блоктарда үйкеліс жоқ [2].

Шешуі: Есептің шартын ескере отырып, Ньютонның екінші заңын пайдаланып, жүйедегі (суретті қараңыз) денелердің әрқайсысына әсер етуші барлық күштер үшін векторлық формада динамиканың негізгі теңдеуін құрамыз:

$$\begin{aligned} \vec{T}_1 + \vec{f}_{\text{үйк}1} &= m_1 \vec{a}_1, \\ \vec{T}_2 + \vec{T}_3 + \vec{N}_2 + \vec{f}_{\text{үйк}2} &= m_2 \vec{a}_2, \\ \vec{T}_4 + \vec{N}_3 + \vec{f}_{\text{үйк}3} &= m_3 \vec{a}_3. \end{aligned}$$

Есептің шарты бойынша $\vec{f}_{\text{үйк}1} = \vec{f}_{\text{үйк}3} = 0$. Екінші m_2 жүкке әсер ететін үйкеліс күшінің $\vec{f}_{\text{үйк}2}$ бағытын дұрыс көрсету үшін, үйкеліс болмағанда, жүйені оңға \vec{T}_3 және солға \vec{T}_2 қозғалтуға тырысатын күштердің модульдерін салыстырамыз:

$$F_3 = m_3 g \sin \alpha \approx 26 \text{ Н} > F_2 = m_1 g \approx 10 \text{ Н}.$$

Үйкеліс болмағанда жүйе оңға қозғалатын болғандықтан $\vec{f}_{\text{оёё}2}$ қарама-қарсы жаққа (солға) бағытталады. Динамиканың теңдеулер жүйесін $f_{\text{оёё}2} = \mu N_2$ Кулон-Амонтон заңымен және Ньютонның үшінші заңынан шығатын жіптердің тарту күштері арасындағы қарым-қатынаспен толықтыру қажет:

$$\begin{aligned} |\vec{T}_1| &= |\vec{T}_2| = T, \\ |\vec{T}_3| &= |\vec{T}_4| = T_0. \end{aligned}$$

Блоктар тарту күшінің шамасын да бағытын да өзгертпейді, ал жіптер созылмайды деп алып, $|\vec{a}_1| = |\vec{a}_2| = |\vec{a}_3| = a$, қозғалыс теңдеулерін мына түрде жазамыз:

$$\begin{cases} T - m_1 g = m_1 a; \\ N_2 = m_2 g; \\ T_0 - T - f_{\text{оёё}2} = m_2 a; \\ m_3 g \sin \alpha - T_0 = m_3 a. \end{cases}$$


Бұл жүйені T_0 -ға қатысты шешіп, T_0 күшін табамыз:

$$T_0 = \frac{m_3 [m_1 (1 + \sin \alpha) + m_2 (\mu + \sin \alpha)]}{m_1 + m_2 + m_3} \approx 19,8 \text{ Н}.$$

Сонымен T_0 тарту күші (сондай-ақ a үдеуі) жүйенің толық массасына кері пропорционал болады, бұл жүйенің біртұтас дене сияқты қозғалатындығын, яғни инерттілік заңын білдіреді.

Бірнеше күштер әсер еткен кезде дене қозғалысы оқушының физикалық тұрғыдан ойлау қабілетін, алдына қойылған проблеманы талдау шеберлігін талап етеді. Мұндай есептерді көп тармақты физикалық проблеманы жүйелі түрде дұрыс талдай алатын оқушы ғана шеше алады.

5-есеп. Горизонтал бетте орналасқан білеушенің үдеуін оған әсер ететін



$F_1 = 20H$ және $F_2 = 10H$ ($\alpha = 45^\circ$, $\beta = 30^\circ$) күштер арқылы анықта. Білеушенің жазықтықпен үйкеліс коэффициенті $\mu = 0,2$; білеушенің массасы: а) $m = 2$ кг; б) $m = 10$ кг; в) $m = 1$ кг. Еркін түсу үдеуі $g = 10$ м/с² [2].

Шешуі: Есептің шартына сәйкес кесектің бастапқы жылдамдығы $\vec{g}_0 = 0$. Дене қозғалысы үш түрлі болуы мүмкін: а) оңға немесе солға сырғанайды; ә) дене тыныштықта тұрады; б) дене жоғары көлбеу бойымен көтеріледі. Барлық жағдайда дене қозғалысы түзу сызықты болады.

Осы қарастырылған жағдайлардың әрқайсысының қалай іске асатынын тексерейік. Ол үшін координат жүйесін саламыз және вертикал ОУ осі бойымен әсер ететін қорытқы күшті - $\vec{F}_{кор}$ табамыз:

$$F_{кор} = -mg + F_1 \sin \alpha + F_2 \sin \beta.$$

Қорытқы күш $\vec{F}_{кор} < 0$ болатын а) және ә) жағдайда дене жазықтықтан бөлінбейді, б) жағдайында $\vec{F}_{кор} \approx 5,5 H > 0$, сондықтан дене жазықтықтан бөлінеді.

Енді а) және б) жағдайлары үшін горизонталь ОХ осі бойымен әсер ететін күштердің қосындысын қарастырайық. Үйкеліс күші ($\vec{F}_{үйк} = \mu N$) ОХ осінің бойымен бағытталған дейік, яғни \vec{a} үдеуі ОХ осіне қарсы бағытталған. ОХ және ОУ остері үшін қозғалыс теңдеулері мынандай түрде жазылады:

$$\text{ОХ осі үшін: } F_{үйк} + F_1 \cos \alpha - F_2 \cos \beta = ma_x;$$

$$\text{ОУ осі үшін: } N + F_1 \sin \alpha + F_2 \sin \beta - mg = 0.$$

$$\text{Осыдан } a_x = \frac{\mu \cdot (mg - F_1 \sin \alpha - F_2 \sin \beta) + F_1 \cos \alpha - F_2 \cos \beta}{m}.$$

Параметрлердің мәндерін қойып үдеуді табамыз: а) $a_x \approx 2,7$ м/с², ә) $a_x \approx 2,2$ м/с², яғни бастапқы жасалған болжамға ($a_x < 0$) қайшы келетін нәтиже алдық.

Енді $\vec{F}_{үйк}$ үйкеліс күшінің бағыты ОХ осіне қарсы бағытта болсын, яғни \vec{a} үдеуі ОХ осімен бағытталған деп алайық ($a_x > 0$). Дененің қозғалысын сипаттайтын теңдеулер жүйесі мына түрде жазылады:

$$\begin{cases} \text{ОХ: } -\vec{F}_{үйк} + F_1 \cos \alpha - F_2 \cos \beta = ma_x; \\ \text{ОУ: } N + F_1 \sin \alpha + F_2 \sin \beta - mg = 0; \\ \vec{F}_{үйк} = \mu N. \end{cases}$$

$$\text{Бұл кезде } a_x = \frac{\mu \cdot (-mg + F_1 \sin \alpha + F_2 \sin \beta) + F_1 \cos \alpha - F_2 \cos \beta}{m}.$$

Үдеудің мәндері: а) $a_x \approx 2,9$ м/с² > 0 қорытынды жасалған болжамға қайшы емес; ә) $a_x \approx -1,1$ м/с² < 0 қорытынды жасалған болжамға қайшы келеді.

Сонымен, а) жағдайында дене осі ОХ бағытында $a_x \approx 2,9$ м/с² үдеумен қозғалады, ал ә) жағдайында дене не ось бойымен не оське қарсы сырғанамайды, себебі ол тыныштықта тұрады, б) жағдайында ОХ және ОУ осьтері бойынша теңдеулер жүйесі былай жазылады:

$$\begin{cases} OX: F_1 \cos \alpha - F_2 \cos \beta = ma_x; \\ OY: F_1 \sin \alpha + F_2 \sin \beta - mg = ma_y \end{cases}$$

Бұл жағдайда дене жазықтықтан бөлініп, горизонтпен $\varphi = \arctg \frac{a_y}{a_x} \approx 60^\circ$ бұрыш жасайтын түзу сызық бойымен $a = \sqrt{a_x^2 + a_y^2} \approx 10,5 \text{ м/с}^2$ үдеумен жоғары қарай қозғалады.

Қорытынды

Мектеп пен жоғарғы оқу орынының арасындағы алшақтық күн сайын артып барады. Қазіргі кезде мектеп бітірушіге бір оқулық есептерін шығару жеткіліксіз. Оқушы сол кездегі олимпиадалық есептер қатарына жататын әлдеқайда күрделі есептерді шығара алуы қажет. Соған байланысты мектептің физика курсына оқушының физикалық ойлау жүйесін кеңейтетін, жүйелі түрде талдау жасау машығын шыңдауға арналған есептерді қарастыру мақсаты тұр. Ондай есептерді қазіргі арнайы мектеп оқушылары қарастырады.

Оқушы есеп шығарғанда тек қана дайын формулаға берілген мәндерді қоюды емес, дене қозғалысын анықтайтын қозғалыс теңдеулерін құра білуді меңгеруге тиіс. Тек сол кезде ғана ол табиғаттағы өтіп жатқан құбылысты түсіне алады, өмірде кездесетін әртүрлі таныс емес жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алады.

Физика есептерін шығара білу – физика курсы менгерудің бір ғана қыры, бірақ өте қажет, әрі шешуші бөлігі. Себебі, есеп шығарып дағдыланған бала эксперимент қою кезінде де соңғы нәтижені басқаларға қарағанда дәл болжай алады және эксперименттің жүру жолын алдын ала байқайды. Бұл оның болашақта физиканың кез-келген саласын меңгеруіне мүмкіндігін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Разумовский В.Г., Бугаев А.И., Дик Ю.И. и др. Основы методики преподавания физики. М.: Просвещение, 1984, 398 с.
- 2.Долгов А.Н., Протасов В.П., Соболев Б.Н. Сборник задач по физике с решениями и ответами: Механика. М.: МИФИ, 2000, 132 с.

УДК 373.146.013

НАУЧНО - МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ОСНОВНЫХ ПОНЯТИИ КВАНТОВОЙ ФИЗИКИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Мамбетакунов Е.М.², Турсынбаева Д.А.¹, Жанатбекова Н.Ж.¹

КНУ им. Ж.Баласагына², Бишкек;

Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова¹, г.Талдыкорган

E- mail:diko26@mail.ru

Данная работа заключается в разработке и экспериментальной проверке эффективностей методических особенностей изучения квантовой теорий в казахстанской средней школе на примере по разделу «Физика атома и атомного ядра», обеспечивающих повышение успеваемости учащихся, активизацию учебной деятельности, уровня сознательного усвоения теоретических знаний. Сделан анализ на содержание раздела, для формирование основных понятия квантовой физики. Внедрение профессионально направленных обучающих принципов на уроке, а также в процессе проведения лабораторно-практических занятий.

Ключевые слова: фотоэффект, электрометр, атомные электростанции, термоядерныереакции, частица.

Бұл жұмыста қазақ орта мектебінде «Атомдық физика және атомдық ядро» тарауы бойынша кванттық физика ұғымдарын қалыптастырудың тиімді әдістемелік ерекшеліктерін құрастыру және тәжірибелік бақылаудан өткізу, бұл құрастырған әдісті білім алушылардың үлгерімін жоғарылату үшін сонымен қатар теориялық білімді саналы түрде меңгеру деңгейіне жеткізу үшін, оқу ісіне ендіру керек екенін көрсетеді. Кванттық физиканың негізгі ұғымдарын қалыптастыру үшін, тараудың мазмұнына саралау жасалынды. Сабақта кәсіби бағытталған оқу принциптерін енгізу, сонымен қатар зертханалық-практикалық сабақтарын жүргізу процесінде.

Кілт сөздер: фотоэффект, электрометр, атомдық электростанциялар, термоядролық реакция, бөлшек.

This work consists in the development and experimental verification of the effectiveness of methodological features of the study of quantum theories in Kazakhstan's secondary school by the example of the section on "Physics of Atomic and Atomic Nucleus", which ensure the increase in student achievement, the activation of educational activity, the level of conscious assimilation of theoretical knowledge. An analysis is made for the content of the section, for the formation of the basic concept of quantum physics. Introduction of professionally directed learning principles in the lesson, as well as in the process of conducting laboratory and practical exercises.

Key words: photoeffect, electrometer, nuclear power plants, thermonuclear reactions, particle

Учебная программа по физике для 7-9 классов составлена на основе Государственного общеобязательного стандарта среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования), утвержденным Постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 г. №1080.

Учебный предмет «Физика» относится к образовательной области «Естествознание». Курс физики для 7-9 классов является базой для последующего изучения предмета (10-11 классы). В 10-11 классах курс физики изучается по программам для естественно-математического и общественно-гуманитарного направлений.

В этих условиях курс физики для 7-9 классов становится базовым завершенным курсом, призванным обеспечить систему фундаментальных знаний основ физической науки и ее приложений для всех учащихся, независимо от их будущей профессии. Поэтому программа курса должна опираться на содержание, позволяющее формировать основы общей культуры современного человека.

Учебная нагрузка по предмету «Физика» уровня основного среднего образования (7-9 классы) в соответствии с Типовым учебным планом, представленным в Государственном общеобязательном стандарте общего среднего образования составляет: 9 класс – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году. Из них:

1. Строение атома. Атомные явления (5 часов):

Тепловое излучение. (Абсолютно черное тело. Закон Стефана - Больцмана.) Трудности в объяснении явления излучения тел. Гипотеза Планка о световых квантах. Формула Планка. Явление фотоэффекта. Формула Эйнштейна. Применение фотоэффекта в технике. Рентгеновское излучение. Радиоактивность. Опыт Резерфорда.

2. Атомное ядро. Ядерная энергия. Элементарные частицы и сведения о развитии Вселенной (6 часов):

Состав атома и его ядра. Спектры излучения и поглощения атомов. Постулаты Бора. Ядерное взаимодействие. Ядерные силы. Единицы физических величин, используемые в ядерной физике. Дефект масс. Энергия связи ядра. (Природа радиоактивных излучений. Закон радиоактивного распада. Деление тяжелых ядер.) Цепная реакция. Критическая масса. Принцип действия ядерного реактора. Атомные электростанции. Термоядерные реакции. Энергия Солнца и звезд. Радиоизотопы. Применение радиоактивных изотопов. Защита от радиоактивных частиц.

При этом ученики должны:

- объяснять на качественном уровне выделение энергии при делении массивных ядер;
- понимать явления излучения и поглощения света атомами, фотоэффекта и приводить примеры использования фотоэффекта;
- использовать полученные знания для объяснения 1-2-х физических явлений или фактов (любых, по выбору ученика);
- иметь представление о практическом применении фотоэлементов, спектрального анализа, ядерного реактора и понимать экологические проблемы ядерной энергетики. [1]

В 9 классе для повышения качества усвоения материала очень важно опираться на ранее полученные знания. Например, при изучении правил смещения при радиоактивном распаде и при изучении ядерных реакций необходимо широко опираться на законы сохранения массы и заряда. Перед изучением строения атома целесообразно повторить понятие центростремительного ускорения, законы Ньютона, закон Кулона, и т.д.

Особенность содержания квантовой физики также накладывает отпечаток на методику ее изучения. В этом разделе учащихся знакомят со своеобразием свойств и закономерностей микромира, которые противоречат многим представлениям классической физики. От учащихся для его усвоения требуется не просто высокий уровень абстрактного, но и диалектическое мышление. Противоречия волна - частица, дискретность - непрерывность рассматривают с позиций диалектического материализма. Поэтому при изучении этого раздела учителю важно опираться на те философские знания, которые получили учащиеся в курсе обществоведения, чаще напоминать им, что метафизическому противопоставлению (либо да, либо нет) диалектика противопоставляет утверждение: и да, и нет (в одних конкретных условиях - да, в других - нет). Поэтому нет ничего удивительного в том, что свет в одних условиях (интерференции, дифракции) ведет себя как волна, в других - как поток частиц.

Для облегчения усвоения квантовой физики в 9 классе необходимо в учебном процессе широко использовать различные средства наглядности. Но число демонстрационных опытов, которые можно поставить при изучении этого раздела, в средней школе очень невелико. Поэтому, кроме эксперимента, широко используют рисунки, чертежи, графики, фотографии треков, плакаты и фильмы и графические программы.

К пониманию явления фотоэффекта и его закономерностей лучше всего подвести учащихся базовой школы с помощью эксперимента. На первом уроке по теме обычно предлагают серию опытов:

1) Закрепленную на стержне электрометра хорошо очищенную цинковую пластину заряжают отрицательно и освещают потоком ультрафиолетовых лучей. Наблюдают разряд электрометра (Рис.1).

2) Разряд прекращается, если мы перекрываем поток лучей стеклом.

3) Если же сообщить пластине положительный заряд, то при таком же освещении разряд электрометра не наблюдается.

4) Разряд происходит тем быстрее, чем больше интенсивность света.

5) Заменив цинковую пластину медной (затем свинцовой), повторяют опыты при тех же условиях (освещенность, начальный заряд) [2].




Рисунок 1. Схема эксперимента «Наблюдение фотоэффекта»

В ходе беседы последовательно обсуждают следующие вопросы: почему заряженная пластина может сохранять заряд в течение длительного времени? Какими способами можно разрядить пластину? Как объяснить быстрый разряд отрицательно заряженной пластины при ее освещении светом дуги? Будет ли при освещении ультрафиолетом так же разряжаться положительно заряженная цинковая пластина? Почему электромметр не обнаруживает изменения заряда в этом случае? Наблюдаем ли мы разряд медной пластины при тех же условиях опыта? Почему прекращается разряд отрицательно заряженной цинковой пластины, если свет от электрической дуги перекрыть стеклянной пластиной?

Проведенное обсуждение позволяет сделать выводы:

1. Под действием света разряжаются только отрицательно заряженные металлы. Следовательно, при некоторых условиях свет способен вырывать электроны из металлов. Это явление называют фотоэффектом. (Здесь же можно рассказать и об истории открытия фотоэффекта.)

2. Разряд начинается одновременно с началом освещения, следовательно, фотоэффект практически безынерционен (Точные опыты показали, что время между началом облучения и началом фотоэффекта не превышает 10^{-9} с.).

3. Наличие фотоэффекта зависит от рода и обработки освещаемого металла и от спектрального состава излучения, скорость разряда зависит также и от падающей в единицу времени световой энергии.

Далее рассказывают о том, что трудности в объяснении законов фотоэффекта были не единственной причиной создания новой теории. В 1900 г. М. Планк для объяснения теплового излучения вынужден был высказать, на первый взгляд, нелепую идею, что тело излучает энергию не непрерывно, а отдельными порциями (квантами). Эта идея противоречила сложившимся представлениям классической физики, где процессы и величины, их характеризующие, изменяются непрерывно. Эту непонятную и поэтому мало кем принятую идею в 1905 г. А. Эйнштейн использовал для объяснения законов фотоэффекта. Он пошел далее М. Планка и утверждал: свет не только испускается, но и распространяется и поглощается квантами.

Иначе говоря, поток монохроматического света, несущий энергию E , представляет собой поток n частиц (названных позднее фотонами), каждый из которых обладает энергией $h\nu$.

Энергия фотона пропорциональна частоте света. Чем больше частота (меньше длина волны) излучения, тем большую энергию несет каждый его фотон. Энергия фотонов длинно волнового излучения меньше.

Далее Эйнштейн предположил: каждый фотон взаимодействует не со всем веществом, на которое падает свет, и даже не с атомом в целом, а с отдельным электроном атома. Фотон отдает свою энергию электрону, а электрон, получив энергию, вырывается из металла с определенной кинетической энергией. На основе закона сохранения энергии можно записать следующее уравнение для элементарного акта взаимодействия фотона с электроном:

$$h\nu = A + \frac{mv_{\max}^2}{2}, \quad (1)$$

где $h\nu$ - энергия фотона, A – работа выхода электрона из металла, $\frac{mv_{\max}^2}{2}$ - кинетическая энергия электрона [1].

После этого объясняют экспериментальные законы фотоэффекта с точки зрения квантовой теории. Сила фототока насыщения равна числу электронов, вылетающих за единицу времени с освещаемой поверхности; интенсивность света - числу ежесекундно падающих фотонов. Так как каждый фотон может выбить с поверхности металла лишь один электрон, то естественно, что сила фототока насыщения (число вырванных электронов) будет пропорциональна интенсивности света (числу падающих фотонов).

Эффект Комптона. Формирование представлений о фотоне, начатое при изучении:

фотоэффекта, продолжают при изучении последующих вопросов курса - эффекта Комптона, давления света, химического действия света.

Особенно важное значение для доказательства квантовых свойств света имеет впервые введенное в программу физики одиннадцатилетней средней школы понятие об эффекте Комптона.

Комптонский эффект заключается в изменении частоты излучения при рассеянии рентгеновских лучей «легкими» веществами (графит, парафин и др.). Особенность этих веществ - относительно слабая связь внешних электронов в атоме с ядрами. Это явление было обнаружено в 1923 г. и подробно исследовано американским физиком А. Комптоном, который установил, что разность частот (длин волн) первичного (падающего) и рассеянного излучения зависит только от угла рассеяния [1].

Фотоны. Двойственность свойств света. Одна из основных задач учителя при изучении темы «Световые кванты. Действия света» - ознакомить учащихся со свойствами фотона и двойственностью свойств света. После изучения фотоэффекта и явления Комптона обобщают полученные учащимися знания о фотоне и обсуждают корпускулярно-волновой дуализм его свойства. При подготовке к этому уроку школьники повторяют как уже пройденные вопросы этой главы, так и главу «Электромагнитные волны» раздела «Электродинамика». В ходе беседы учитель подводит их к следующим выводам:

1) Фотон - частица электромагнитного излучения (квант электромагнитного поля).

2) Фотон, будучи квантом электромагнитного поля, существует только в движении. Он либо движется со скоростью, равной скорости света в вакууме, либо не существует. Остановить, замедлить и ускорить фотон нельзя, как нельзя увеличить или уменьшить скорость света в вакууме.

3) Эти частицы сравнительно легко могут зарождаться (излучаться) и исчезать (поглощаться). Фотоны неделимы. Когда атом испускает или поглощает свет, то это испускание и поглощение происходит только целыми фотонами. Поглощенный фотон прекращает свое самостоятельное существование, а его энергия превращается в какой-либо другой вид энергии.

4) Фотон обладает определенной энергией, массой и импульсом. Энергия фотона $E=h\nu$. По закону взаимосвязи массы и энергии энергия фотона связана с массой соотношением $E=mc^2$, следовательно, масса фотона равна

$$m = E/c^2 = h\nu/c^2. \quad (2)$$

Масса фотона - мера его энергии. Эту массу нужно рассматривать как полевую массу, обусловленную тем, что электромагнитное поле обладает энергией [1].

Так как фотон существует только в движении, то у него нет массы покоя. Масса покоя фотона равна нулю, и в этом принципиальное отличие фотона от частиц вещества. Импульс - векторная величина. Направление вектора импульса фотона совпадает с направлением распространения света. Наличие у фотона импульса подтверждает существование светового давления и эффекта Комптона. [1]

В проявлении двойственности свойства света имеется определенная закономерность. Так как энергия отдельного фотона при малых частотах (например, у инфракрасного света) мала, то для этого диапазона частот корпускулярные свойства проявляются мало, а в большей степени проявляются волновые свойства излучения. Интерференцию, дифракцию, поляризацию такого излучения легко демонстрируют с помощью несложной аппаратуры, фотохимические же действия обнаружить труднее. При больших частотах (когда энергия отдельного фотона сравнительно велика) корпускулярные свойства света обнаружить легче. В видимом свете волновые и корпускулярные свойства проявляются примерно в равной мере. Отражение, преломление, давление света можно объяснить как на основе волновых, так и корпускулярных представлений.

Заметим, что при некоторых условиях в типично волновом явлении обнаруживаются квантовые свойства света. Например, эти свойства обнаружены в известных опытах С. И. Вавилова по квантовым флуктуациям в интерференционном поле при малых световых потоках. Свои наблюдения флуктуации световых потоков С. И. Вавилов рассматривал как одно из важнейших доказательств квантовых свойств излучения.

Чтобы учащиеся 9 класса убедились в этом, полезно предложить им определить частоту, импульс, энергию фотонов различных длин волн оптического диапазона.

Для подчеркивания дуализма свойств света полезно заполнить таблицу, в которой указаны основные физические величины, отражающие диалектическое единство дискретности (прерывности) и непрерывности (непрерывности) материи.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Р. Башарулы, У. Токбергенова, Д. Казахбаева, Н. Бекбасар, Физика и астрономия, 9 класс, Алматы: «Мектеп», 2009.

2. Теория и методика обучения физики в школе. Частные вопросы. / Под ред. Каменецкого С.Е. – М.: АСАДЕМА, 2000;

3. Учебная программа «Физика и астрономия» для 7-9 классов общеобразовательной школы. – Астана, 2013. – 24 стр.

ӘОЖ 004.051-004.057

ANDROID ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУДІҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Нусупов М.С.¹, педагогика ғылымдырының магистрі,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған к.,

E- mail:nussupov.miras@gmail.com

Қазіргі заманғы мобильді қосымшаларды әзірлеу үздіксіз жетілдіруге және оңтайландыруға бағытталған, осылайша әрбір әзірлеуші мүмкіндіктер мен технологияларға бай қосымшаларды шығаруға тырысады. Сандық нарықта Android құрылғылары басым болғандықтан, Android қосымшаларына деген сұраныс әрдайым үлкен. Дегенмен, кез-келген мобильді әзірлеушілерге қандай платформаны ұнататынын сұраңыз, iOS деген жауап аласыз. Android танымал болғанымен, iOS әлі күнге дейін бизнес-қосымшаларды әзірлеу үшін ең жақсы және ең қауіпсіз платформа ретінде қарастырылады. Негізгі себебі - платформаның ашықтығы, осалдығы және нарықтағы көптеген Android құрылғыларының болу себебінен Android программаларын жетілдіру өте қиын болуы мүмкін.

Кілт сөздер: андроид, андройд программаларын жазу проблемалары, мобильді қосымшалар, бағдарламалық және аппараттық фрагментация, программалық және аппараттық стандарттау, мобильді қосымшалар қауіпсіздігі.

Современная разработка мобильных приложений ориентирована на постоянное совершенствование и оптимизацию, поэтому каждый разработчик пытается выпускать приложения, богатые функциями и технологиями. По мере того, как устройства Android преобладают на цифровом рынке, спрос на Android-приложения как никогда велик. Однако на вопрос какую платформу все предпочитают, скорее всего, ответ будет iOS. Несмотря на то, что Android очень популярен, iOS по-прежнему считается лучшей и самой безопасной платформой для разработки бизнес-приложений. Основная причина в том, что разработка Android может быть чрезвычайно сложной из-за открытости, уязвимости платформы и множества различных устройств Android, доступных на рынке.

Ключевые слова: андроид, проблемы развития, мобильные приложения, фрагментация программного и аппаратного обеспечения, стандартизация программного и аппаратного обеспечения, безопасность мобильных приложений.

Cutting edge portable application advancement is centered around constant change and streamlining, accordingly every engineer attempts to discharge applications wealthy in highlights and advances. As Android gadgets win in the computerized advertise, the interest for Android applications is as large as ever. Be that as it may, get some information about which stage they incline toward, and you will in all likelihood find the solution in iOS. In spite of Android being so mainstream, iOS is still viewed as the best and the most secure stage for business application improvement. The fundamental reason is that Android improvement can be to a great degree testing because of the stage's transparency, powerlessness and an extraordinary scope of various Android gadgets available.

Key words: *android, development challenges, mobile applications, software and hardware fragmentation, software and hardware standardization, mobile application security.*

Кіріспе. Android операциялық жүйесі үшін қолданбаларды әзірлеу әзірлеушілерге көптеген еркіндік береді және қолданушы иесіне тұрақты өсіп келе жатқан пайдаланушы базасына қол жеткізуге мүмкіншілік береді. Дегенмен, әзірлеушілер процестегі көптеген Android қосымшаларын дамыту барысында көптеген қиыншылықтарға тап болады.

Android платформасы Android қосымшаларын әзірлеушілерге көптеген мүмкіндіктер береді. Android платформасы үшін бірегей бизнес қосымшаларды жасауға көмектесетін Android қосымшаларын дамытудың көптеген қызмет көрсетушілері бар. Әлемдегі смартфондарға арналған ең танымал операциялық жүйе бола отырып, Android қолданбаның үлкен пайдаланушы базасына қол жеткізуге болады. Дегенмен, әзірлеушілер көптеген мүмкіндіктермен қоса, көптеген қиындықтарға тап болады.

Бағдарламалық фрагментация. Android операциялық жүйесінің әртүрлі нұсқаларын қолдай алатын көптеген Android құрылғылары бар, бұл әзірлеушілерге әртүрлі опцияларды сақтауға керемет қиындық тудырады. Көптеген әзірлеушілер соңғы Android нұсқаларына ғана назар аударады, бірақ бұл тәсіл өте тиімді емес, себебі ол амалдық жүйенің ең соңғы жаңартуларын орнатқан Android пайдаланушыларының тек шағын бөлігін қамтиды. Нәтижесінде, бағдарламаға тапсырыс берген клиент әлеуетті клиенттердің негізгі қамтымайды. Бағдарламалық жасақтамаға қатысты тағы бір мәселе - бұл Android, Samsung, LG және Sony секілді смартфондар өндірушілерін амалдық жүйенің әртүрлі стандарттарға сәйкес емес етіп реттеуге мүмкіндік береді, бұл стандарттандырудан ауытқу болып табылады.

Бағдарламалық жасақтаманың фрагментациялануы: Android әзірлеушілердің көптеген нұсқалары бар, олар әзірлеушілерге бағдарламаларды әзірлеуге қатысты қиындықтармен күресуге тырысады. Барлық қолданушылар ең соңғы амалдық жүйесіне жаңартылған болуы мүмкін емес, сондықтан соңғы Android нұсқасына ғана назар аударуға болмайды [1].

Бұл мәселе тек Android қосымшаларына тән емес, іс жүзінде барлық бағдарламаны әзірлеушілер оны әр платформада көре алады. Дегенмен, бұл мәселе басқаларға қарағанда Android қосымшаларына көп әсер етеді. Android нұсқалары кездесетін мәселелердің бірі - Android-ты қабылдаудың баяу қарқыны. Фрагментация Android пайдаланушыларының жаңа технологияға қарқынды түрде қол жеткізе алмайтынын білдіреді. Қолданбаны әзірлеу барысында көптеген Android қосымшаларын жасаушылар көптеген Android амалдық жүйелердің нұсқаларына сәйкес әзірлеу қиындықтар тудырады. Бағдарламаны әзірлеушілер ең соңғы Android нұсқасына шоғырлана алмайды, себебі, әр пайдаланушы өз құрылғыларын осы соңғы нұсқаға дейін жаңарта алмауы ықтимал. Сауалдама көрсеткендей, құрылғылардың 35% - ы Lollipop-та, ал Android-нің 1.2% Marshmallow-да жұмыс істейді. Сондай-ақ, Kitkat 36%, басқа пайдаланушылар басқа нұсқаларын басқарады. Өндірушілер құрылғының конфигурациясында маңызды рөл атқаратындықтан, Android қосымшаларын әзірлеушілер бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңартуды шешу барысында қиындықтарға тап болады [2].

Android-ң әзірлеушілерін жақсы жұмыс атқарудан ұстап тұрған тек амалдық жүйенің әртүрлі нұсқалары ғана емес, сонымен қатар нарықта көптеген әртүрлі құрылғылар бар. Әрбір құрылғының өзіндік ерекшеліктері бар, олардың ең бастысы дисплей өлшемі мен ажыратымдылығы. Android қосымшасының дизайнерлері барлық негізгі смартфондар мен

планшет модельдерінде жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қосымшаларды мұқият сынап көруді талап етеді. Бұл елеулі қаржылық инвестициялар мен уақыттық ресурстарды талап етеді.

Жабдық, аппаратура фрагментациясы. Құрал-саймандардың фрагментациясы: Бұл Android қосымшаларын әзірлеуге арналған үлкен мәселе болып табылады, себебі шамамен 170+ құрылғысы бар. Әрбір құрылғыға тән пернетақта пішіндері, экран өлшемі, камера түймелері және т.б. бойынша әртүрлі мүмкіндіктер бар, осының барлығы қосымшаны өңдеу процесін қиындата түседі.

Android фрагментация мәселесін қозғағанда, әдетте, кез-келген уақытта қолданылатын амалдық жүйе нұсқаларының таңқаларлық саны туралы және пайдаланушылар өздерінің кінәсінен емес, ең соңғы және ең үлкен релизін қабылдау процесі баяу екенін айтып өткен жөн.

Бірақ Android-тың қарқынды дамуына қарсы тұрған үлкен мәселе бар, және ол әзірлеушілерге операциялық жүйенің фрагментациясынан қарағанда әсері көп. Құрылғының фрагментациясы әлдеқайда үлкен теріс әсерін тигізеді.

Android-та жалпы көлемі 1,443-тан асатын құрылғылар саны бар. Бұл құрылғылар жартысы Android 2.3.3 іске қосылып жатқанын, ал қалғандары 1.6-дан 4.0.3-ке дейінгі нұсқаларда. Өндірушіден көптеген ескі операциялық жүйелерінде жұмыс жасайтын жүздеген құрылғыларды қолдау күтілмейді.

Салыстыру үшін 8-10 түрлі iOS құрылғыларымен iOS пайдаланушылардың 100 пайызын қамтуға болады. Android-те солай жасау үшін мыңдаған сынақ құрылғыларын қажет етеді, содан кейін бағдарламалық жасақтаманы барлық құрылғылар мен платформаларда тексеруге тура келеді. Өте қиын процесс деп қорытынды жасауға болады.

Android фрагментациясы әзірлеушілерге қатты әсер етеді. Бұл қанағаттандырылмаған тұтынушылардан бағдарламаға қолдау көрсету шығындарын көтереді. Апаттық үйлесімділік мәселелеріне байланысты теріс шолулар жіберген тұтынушылар бағдарлама үшін, тіпті егер әзірлеуші мәселенің кінәлі болмаса да, өте жағымсыз әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Google тәулігіне 850 000 жаңа Android құрылғысын белсендіре алады, бірақ бұл, ең алдымен, Android платформасының ескі шығарылымдары бар құрылғылар. Сондай-ақ, Android 4.0 құрылғысын қабылдау ұялы телефондар өндірушілері үшін бәсеңдемейтіндіктен, тасымалдаушылар оны іске қосатын телефондары бар клиенттерге жанартуларды жеткізуді қиындатады [3].

Бағдарламалық жасақтама-жабдықты стандарттау жоқтығы. Бағдарламалық жасақтама мен аппараттық құралдарда стандарттау жоқ. Android-та жұмыс істейтін құрылғылардың үлкен саны Android құрылғыларын дамытуға арналған басқа да мәселені тудырады - құрылғылардағы бағдарламалық пен аппараттық стандарттаудың болмауы. Бұл әзірлеушілер үшін қиындық болып табылады, себебі әр құрылғыда басқа түйме үшін басқа функция болуы мүмкін.

Аппараттық стандарттар - бұл мақсаттарға қажетті аппараттық талаптарды анықтайтын ережелер немесе анықтамалар. Көптеген аппараттық стандарттар ұйымдардың, топтардың, кәсіпорындардың және университеттердің қолданысы үшін әзірленеді. Бұл стандарттар компоненттердің өзара алмастырылатындығын және бағдарламалық жасақтамамен үйлесімділігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Аппараттық стандарттар мекенжайының кейбір қажеттігі жадтың қажетті көлемін қамтиды, желіні қажет етеді, аппараттың сақтық көшірмесін жасайды, жабдықты ауыстырудың жолы қандай болмақ, қандай қауіпсіздік қажет екенін айқындап береді. Стандарттар кеңінен таралғаннан кейін, оларды қабылдауға не ұстануға болатынын анықтау қажет. Осы мәселелер Android амалдық жүйесінде дұрыс қолға алынбаған.

Бағдарламалық жасақтама стандарты бағдарламалық жасақтаманың өзара жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Стандарттарға қандай нормалар енгізу керек екендігі туралы консенсус жоқ. Бағдарламалық қамтамасыз ету стандарты - бағдарламалық жасақтамадағы шешілмеген проблемалардың бірі. Қауіпсіздік, экономикалық және әлеуметтік себептерге байланысты бағдарламалық жасақтама стандарттарын енгізудің бірнеше себептері бар. Көптеген ұйымдардың стандарттарды немесе спецификацияларды стандартты емес түрде

жүзеге асыруы кросс-платформалық интероперабельділік қажеттілікті іске асырмауды, арнайы кодын және ерекше жағдайларды алып тастауды талап етеді. Заманауи мысалдар веб-браузердің үйлесімділігі мен веб-қызметтердің өзара әрекеттесуін қамтиды. Тарихи аппараттық құралдарды және бағдарламалық қамтамасыз етуді іске асыру, бүкіл әлемде ортақ стандарттардың болмауы және экономикалық қысымға байланысты бағдарламалық жасақтаманың көптеген түрлерінің пайда болуына септігін тигізеді [4].

Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жағында Apple бағдарламаларын әзірлеуге қатаң нұсқауларымен ерекшелінеді, Android қолданбалары үшін мұндай басқару жоқ. Нәтижесінде көптеген зиянды бағдарламалар туындайды және бағдарламалық пен аппараттық фрагментация тек проблемаларды шешуді қиындата түседі. Бұл көптеген қауіпсіздік мәселелерін тудырады.

Қолданбаларды бақылаудың болмауынан, кәсіпорындар алдында кездесетін Android қауіпсіздік мәселелерінің ең маңызды болуы мүмкін. Apple корпорациясы қатаң қосымшаларды бекіту процесіне ие болғандықтан, бекітілмеген қолданбалардың өз құрылғыларында орнатылуына жол бермейді, ал Android пайдаланушылары кез-келген дамушы кез-келген қосымшаны орнатуға құқылы. Android Market пайдаланушыларға қол жетімді қолданбаларды басқарудың кейбір деңгейін ұсынуға тырысады, бірақ кейбір зиянды бағдарламалар басқа қолданбалар дүкендерінде немесе тіпті жеке әзірлеушілер веб-сайттарында қол жетімді бола алады.

Орталықтандырылған басқару құралдарының болмауы Android қауіпсіздік мәселелеріне кері ықпал етеді. Корпоративтік аппараттық технологиялар әкімшілігі қауіпсіздік саясаттарын қолдану арқылы Android құрылғыларын басқара алатын болса, әсіресе, пайдаланушылар тек сенімді бағдарламаларды орната алатынын тексеру үшін пайдалы болар еді. Бұл, әдетте, үшінші тарап жеткізушілері ұсынатын мүмкіндік болып табылады, бірақ қазіргі уақытта толық жетілдірілмеген, біріктірілген басқару құралдары бар.

Android қауіпсіздік проблемалары, әсіресе операциялық жүйелердің ескі нұсқаларында, Android-ті кәсіпорндарда кеңінен қолдануға кедергі болып табылады. Дискідегі шифрлау және қашықтан басқару сияқты мүмкіндіктер Android-қа кіргеннен кейін және үшінші жақтың сатушылары басқару құралдарын жетілдіру барысында, жағдай жақсарып келеді. Дегенмен, Android қосымшаларының қауіпсіздігі негізгі проблема болып қалуда [5].

Нарықты зерттеу шығындары. Нарықты зерттеу шығындары өндірушілер үшін ең үлкен маңызды Android қосымшаларын жасаудың фазасы болып табылады. Пайдаланушыны түсіну Android қосымшаларын жасаудың кілті болып табылады, дегенмен әзірлеушілерге қымбат көптеген зерттеулерді талап ететін мәселе болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, Android құрылғылары барлық басқа мобильді операциялық жүйелерден, соның ішінде iOS-нен басым болып табылады, бұл жаңа қосымшаларды нарыққа еніп, танылуын қиындатады. Android-тің үлкен көлемінен шыққан тағы бір мәселе - нарықтық зерттеулердің жоғары құны. Android қолданбасын әзірлеу үшін келесі деректерді талдау қажет: пайдаланушы әрекеті, сатып алу бағалары, ұстап қалу жылдамдығы, пайдаланушының өзара әрекеті, тіркеу әрекеті [7].

Патенттік мәселелер. Патенттік мәселелер: Жақында болған сот процестері бірнеше Android сипаттамалары патент мәселелерін бұзу деп жарияланғаны белгілі. Бұл қосымша жасаушылар үшін үлкен Android қосымшаларын жасау қиындығы болуы мүмкін.

Жақында Android бағдарламалық жасақтамасын әзірлеушілер мен аппараттық өндірушілер тарапынан патенттік мәселелерді бұзу туралы көптеген заң бұзушылықтар болды. Бұл Android әзірлеушінің ең маңызды міндеттерінің біріне айналды, себебі ол басқа қолданбаларда өзінің қосымшаныңда көрген инновациялық мүмкіндіктерді патенттелгенін білмей, патенттік мәселелер туындатуы мүмкін [8].

Android нарығының іздеу жүйесі. Android нарығының дамуы мен өсуі Android қосымшаларын әзірлеушілер арасында айтарлықтай бәсекелестікке әкелді. Ойын дүкені қазір тұтынушы таңдауы қажет миллиондаған қосымшалармен жабдықталған. Күнделікті бағдарламаға ену үшін кейбір қызықты мүмкіндіктер туралы жаңа жаңашыл идеялар пайда болуы мүмкін. Нәтижесінде, Android қолданбасын әзірлеуші өзінің бағдарламасының барынша жүктелуін

пайдалануы үшін, ол бәсекелестерінен ерекше етіп көрсете алатын кейбір идеяларды ұсынуы керек. Бұл бәсекелестік соншалықты күрделі, бірнеше талантты Android қосымшаларын әзірлеушілер ұялы қосымшаларды дамыту нарығында салыстырмалы түрде белгісіз болып қалған қолданбаларды жасап шығарған жағдайлар туындап жатыр. Дарынды бола тұра, Android қосымшалар нарығынан шығып кету жеткіліксіз, әзірлеуші өте талантты болуы және бірегей қызықты бағдарламаларды жасауы керек [9].

Интерфейс әзірлеу. Әзірлеушілердің көпшілігі стандартты интерфейсін әзірлеу процесін немесе ережелерін жасаумен айналысады. Пайдаланушы интерфейсін пайдаланушы интерфейсін әзірлеушілер өздері жасаған кезде, әртүрлі құрылғылардағы қолданбалардың келісімі әртүрлі болады. Әртүрлілік, сондай-ақ интерфейсін сәйкес келмеуі, тек қана жеткізілген пайдаланушы тәжірибесін тікелей Android қолданбасы арқылы жүзеге асырылады.

Android әзірлеушілері әрқашан әртүрлі құрылғыларда пайдаланушы интерфейсін сақтау үшін ақылды және жауапты орналасуды қалайды. Сондай-ақ, бағдарламаны жасақтаушылар эмуляторлар мен нақты құрылғыларды біріктіргеннен кейін мобильді қолданбаның пайдаланушы интерфейсін жан-жақты тексеруге міндетті.

Қорытынды. Қорытынды жасай отырып, Android қосымшаларын дамыту нарығы көптеген жылдар бойы дамып келеді. Және ұялы байланыс нарығында күн сайын технологиялық өсім байқалады, Android қосымшаларын дамытудың болашағы әлі де жарқын көрінеді. Дегенмен, әрбір тапсырма сияқты, мүмкіндіктер де қиындықтарға пайда болады. Қиындықтар кез-келген жұмысты толығымен шеше алмаса да, Android қосымшаларын әзірлеушілер өз клиенттерімен үнемі талқылап, соңғы пайдаланушыларды кері қайтарып алудың әртүрлі әдістерін жасау арқылы қиындықтарды барынша азайта алады. Бұл оларға жаңа қосымшаларды әзірлеген сайын нарықтық қажеттіліктерді толық түсінуге және өнімдерін жақсартуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.The Many Challenges of Android Development [Электронды ресурс] // URL: <https://magora-systems.com/challenges-of-android-development/> [Электронды ресурс] (қолданылған күні: 02.09.2018)
- 2.Major Challenges Android App Developers Encounter [Электронды ресурс] // URL: <https://dev.to/harniloza/major-challenges-android-app-developers-encounter-20d> (қолданылған күні: 05.09.2018)
- 3.The sorry state of Android hardware fragmentation [Электронды ресурс] // URL: <https://www.zdnet.com/article/the-sorry-state-of-android-hardware-fragmentation/> (қолданылған күні: 07.09.2018)
- 4.Hardware & Software Standards [Электронды ресурс] // URL: <http://people.duke.edu/~goodw010/Wiki/hwswwstds.html> (қолданылған күні: 09.09.2018)
- 5.Android security issues in IT [Электронды ресурс] // URL: <https://searchmobilecomputing.techtarget.com/tip/Android-security-issues-in-IT> (қолданылған күні: 10.09.2018)
- 6.How much does it really cost to promote your app? [Электронды ресурс] // URL: <http://www.businessofapps.com/how-much-does-it-really-cost-to-promote-your-app/> (қолданылған күні: 11.09.2018)
- 7.How Much Does It Cost For Market Research? [Электронды ресурс] // URL: <http://www.iresearchservices.com/how-much-does-it-cost-for-market-research/> (қолданылған күні: 12.09.2018)
- 8.Smartphone patent wars [Электронды ресурс] // URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Smartphone_patent_wars (қолданылған күні: 14.09.2018)
- 9.How to make your Android app stand out and get noticed [Электронды ресурс] // URL: <https://www.androidauthority.com/make-your-android-app-stand-out-677524/> (қолданылған күні: 15.09.2018)
- 10.Challenges an android app developer faces while developing an app [Электронды ресурс] // URL: <https://yourstory.com/mystory/9c50c19f7e-challenges-an-android>

ӘОЖ 512

SP_2 ПОСТ КЛАСТАРЫ ТОРЫНЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ІШКІ ТОРЛАРЫ

Омаров Ж.А.¹ ф.ғ. доценті, магистрант Серікбаев С.¹
 I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған қ.

E-mail: samat.serikbaev@gmail.com

Бұл мақалада Р.Маккензи классификациясындағы $L_1, L_2, L_4, L_5, L_{13}, L_{14}$ және L_{15} торының SP_2 торына ішкі тор болатыны көрсетілген.

Кілт сөздер: торлар, Пост торы, Маккензи классификациясындағы торлар

В этой статье указано, что $L_1, L_2, L_4, L_5, L_{13}, L_{14}$ и L_{15} решетка в классификации Р.Маккензи будет внутренней решеткой SP_2 .

Ключевые слова: решетки, решетки Поста, решетки в классификации Маккензи

In the article has pointed that the lattices $L_1, L_2, L_4, L_5, L_{13}, L_{14}$ and L_{15} in the R.McKenzie classification will be inner lattices for SP_2 lattice.

Key words: lattices, Post's lattices, lattices in the McKenzie's classification

к- мәнді логикада функционалдық құрылымдарды зерттеуде осы логиканың суперпозицияға қатысты барлық тұйық функциялардың SP_k торы қарастырылады. $k = 2$ жағдайында, бұл тор SP_2 саналғыш болады, оның диаграмасын Е.Пост [4] кітапта жарияланған және оның элементтері Пост кластары деп аталған (1-сурет). $k \geq 2$ бастап SP_k торы континуальды [5] және оның диаграмасын сызу мүмкін емес. Кейбір

түсініктерді бере кетейік. C_1 арқылы егер $a_i \in \langle 0, 1, 2, \dots, k-1 \rangle$ ($i = 1, 2, \dots, n$) болғанда $f(a_1, a_2, \dots, a_n) \in \langle 0, 1, 2, \dots, k-1 \rangle$ шарттарын қанағаттандыратын $\langle 0, 1, 2, \dots, k-1 \rangle$ жиынында айнымалары анықталатын $f(x_1, x_2, \dots, x_n)$ функцияларының барлығының жиынын белгілейік. Егер $k = 2$ болса, онда C_1 жиыны функциялары логика алгебрасы функциялары деп аталады.

$$M \leq C_1$$


кейбір ішкі жиын болсын. Сонда $[M]$ жиыны M жиынының тұйықталуы деп аталады. Оның құрамында M жиынының функцияларының барлық супериозициялары жатса және басқа функциялар жатпаса. M жиыны функциялары тұйық класы деп аталады, егер $M = [M]$ болса. ($k = 2$ болғанда-логика алгебрасының тұйық класы). Тор $[1, 2]$ -кез-

келген a мен b екі элементінің ең жоғарғы кіші жағы (ab -қиылысуы) мен ең кіші жоғарғы жағы ($a + b$ -бірігуі) бар болатынын ішінара реттелетін жиын. Берілген тордың ішкі торы-берілген тордың элементтердің ішкі жиыны, осы тордағы оның кез-келген екі-элементтерінің қиылысуы мен бірігуі осы ішкі жиында жатады. Бұл мақаланың негізгі келесі тұжырым құрайды.


ТЕОРЕМА. SP_2 Пост кластары торының құрлымын $L_1, L_2, L_4, L_5, L_{13}, L_{14}$ және L_{15} торлары ішкі торлар ретінде енеді (1,2,3 – суреттер).

Дәлелдеуі. Элементтері шағын ақырлы торлардың маңызды мысалдары ретінде Р.Маккензи классификациясындағы $M_3, L_1, L_2, \dots, L_{15}$ он алты торын алуға болады. Бұл торлардың

ерекшеліктері: M_3 торы бес элементті модулярлы ең кіші тор, ал L_1, L_2, \dots, L_{15} торлары модулярлы емес торлар, өйткені олардың әрқайсысының құрамында белгілі N_5 -бес элементті пентагон бар (2-сурет). SP_2 торының құрамында M_3 пен N_5 әйгілі торлардың бар екені тікелей тексерілді. Кезінде молдавия математигі И.С.Негру [5] SP_2 торының құрамында L_{14} пен L_{15} торлары ішкі торлар болатынын (әрине, көптеген іздеулер нәтижесінде) көрсетілген. Шындығында, L_{13} торының SP_2 торына ішкі тор болатынын көрсету үшін біршама уақыттар, көптеген ізденістер кетті. Оның арқасында бұл гипотезада шындыққа айналды. Сонымен қатар L_1, L_2, L_4 және L_5 торларының SP_2 торында жататынын көрсетуге болады (4-сурет).




3-сурет




4-сурет

Бұл жерде, әрине, мына сұрақтың туындайтыны түсінікті: SP_2 торына жоғарғы $M_3, L_1, L_2, \dots, L_{15}$ он алты торының нешеуі жатпайды?



2-сурет.



1-сурет. SP_2 Пост кластары торының диаграммасы

ӘДЕБИТТЕР:

1. Г.Гретцер, Общая теория решеток, М., Мир, 1982
2. Г.Биркгоф, Теория решеток, М., Мир, 1984
3. В.А.Горбунов, Алгебраическая теория квазимногообразий, Новосибирск, Науч. книга, 1999
4. Post E. Two-valued interative systems.-Ann.Math.stud, 1941
5. Негру.И.С. Об алгебраических свойствах совокупности логик вписываний, 1974
6. Ж.А.Омаров, О характеризуемых классах решетки, Алгебра и логика, 2012
7. Ж.А.Омаров, Торлар теориясына кіріспе, оқу құралы, Талдықорған, 2013

ӘОЖ 004.9

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДЕСТЕЛЕР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КЕМШІЛІКТЕРІ

Сергазинова Э.С.¹, п.ғ.м., аға оқытушы, Сердешова Қ.С.¹, «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 4-ші курс білімгері

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған к.,

E-mail: sergazinova_elvira@bk.ru

Мақалада математикалық дестелерді математикалық пәндерге енгізу және қолданудың мәселелері қарастырылады. Әйгілі және кең қолданылатын математикалық дестелер MathCAD, MATLAB, Mathematica және Maple қарастырылған. Әр десте үшін оның мүмкіндіктері, артықшылықтары және кемшіліктері келтіріледі.

Кілт сөздер: компьютерлік технологиялар, символдық есептеулер, статистикалық дестелер, кітапхана, программалау тілі.

В статье рассматриваются проблемы внедрения и использования математических пакетов в математических дисциплинах. Рассмотрены наиболее известные и широко используемые математические пакеты MathCAD, MATLAB, Mathematica и Maple. Для каждого пакета приводятся их возможности, достоинства и недостатки.

Ключевые слова: компьютерные технологии, символические вычисления, статистические пакеты, библиотека, язык программирования.

The article deals with the problems of implementation and use of mathematical packages in mathematical disciplines. The most well-known and widely used mathematical packages MathCAD, MATLAB, Mathematica and Maple are considered. For each package are their capabilities, advantages and disadvantages.

Key words: computer technologies, symbolic computation, statistical packages, library, programming language.

Есептеуіш техникасының қарқынды дамуы, математикалық дестелердің үлкен қатарының пайда болуы мектептерде, ЖОО-ларда математика курсының құру және оқытуда өзгерістерді ұсынады. Математикалық дестелердің қолданылуы кейбір пәндерді оқуды толықтырды, сонымен қатар курстық және дипломдық жобаларды орындауға уақытты әлдеқайда қысқартады. Олардың көмегімен білімгерлер тапсырмалар шешімдерінің нәтижелерін тексере алады. Бұл дестелердің дамуы тапсырмаларды шешу нәтижелерін көрнекі ұсынуға мүмкіндік береді. Дестелерді тек математика, физика, теориялық механика және басқа пәндерде қолдануға болады.

Қазіргі уақытта математикалық тапсырмаларды шешу үшін көптеген программалар бар. Олар қамтитын функциялар, графикалық мүмкіндіктер, қолданушымен сапалы және ыңғайлы интерфейсмен, басқа дестелермен деректер алмасу мүмкіндігімен, қолданылу аймағы және басқа да сипаттамаларымен ерекшеленеді.

Шартты түрде бұл дестелерді екі топқа бөлеміз: символдық математика программалары және тапсырмаларды сандық шешу программалары. Тапсырмаларды сандық шешу программалары сандық әдістерді қолданып математикалық тапсырмаларды шешу үшін арналған. Мұндай дестелерге: Statistica, Derive. Кейбір дестелер, MathCAD, MATLAB, Mathematica және Maple, бұл дестелер екі топтың дестелерінің мүмкіндіктерін қосады.

1. MathCAD дестесі. Университетімізде MathCAD 14 нұсқасы қолданылады. Жаңа нұсқаның пайда болуы десте мүмкіндіктерінің кеңеюімен немесе қолданушымен интерфейсін

жаңартылуымен байланысты. MathCAD қарапайым интерфейске және визуализацияның жақсы мүмкіндіктеріне ие. Өрнектерді жазу жалпы қолданылатын математикалық формада орындалады, мұнда латын және грек әліпбиінің әріптерін және әртүрлі математикалық символдар үшін мәзірді қолдануға болады. MathCAD дестесінде мықты математикалық аппарат бар. Ол матрицалық есептеулерді, тригонометрияны, қарапайым дифференциалдық теңдеулерді сандық шешумен бірге сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу, функционалды байланыстардың экстремумдарын іздеумен кейбір статистикалық алгоритмдердің базалық математикалық функцияларын қамтиды.

Құжаттың әрбір беті мәтіннен, математикалық өрнектерден, басқа Windows-қосымшаларда құрылған екі өлшемді және үш өлшемді графикадан, суреттерден тұрады. Бұл десте ортасында орындалған жұмыс туралы толық есепті алуға мүмкіндік береді.

Дестенің артықшылығы есептеу архитектурасы болып табылады, айнымалы мәнін өзгерту кезінде онда қолданылатын математикалық өрнек автоматты есептелінеді. Қолданушы тек айнымалының сандық мәндерін ғана енгізіп қана қоймай, бірліктер жүйесін және нақты өлшемдерді таңдап, оларды өлшемдермен толықтырады.

Дестеде өзіндік программаларды жазуға мүмкіндік беретін өзінің орнатылған программалау тілі бар. Осылайша, программалардың өзіндік кітапханасын құруға болады. Десте тапсырмалар шешімінің мысалдарымен ыңғайлы анықтамалық жүйеге ие, құжатқа автоматты орын ауыстыруға болатын негізгі математикалық және физика-химиялық формулалар және тұрақтылар бойынша анықтама бар.

Жоғарыда келтірілген артықшылықтарға қарамастан, символдық өрнектерді өңдеу құралдары Maple және Mathematica-ға қарағанда дестеде жеткілікті кең емес. Осыған қарамастан оны төменгі курстарда қолдануға болады [1].

2. Mathematica дестесі. MathCAD-пен қатар білім беру және ғылыми ортада кең қолданысқа Mathematica дестесі ие. Оны кез-келген күрделіліктегі есептеулерді орындау үшін оқу үрдісінде, ғылыми жұмыста қолдануға болады, жеткілікті қарапайым интерфейс қолданушылардың кең санаттарын тартады.

Mathematica ғылыми қызметкерлердің және математик-аналитиктердің еңбектерін максималды автоматтандыратын жүйе ретінде құрылған және бүгінгі таңда тек күрделі сандық есептеулерді орындау үшін ғана емес, сонымен қатар күрделі аналитикалық түрлендірулерді және есептеулерді жүргізуді қамтамасыз ететін символдық математиканың компьютерлік жүйелерінің көшбасшысы ретінде қарастырылады.

Дестедегі құжаттар бастапқы деректерді, тапсырмалар шешімінің алгоритм сипаттамаларын, программаларын және әртүрлі формадағы (математикалық формулалар, сандар, векторлар, матрицалар, кестелер және графиктер) шешім нәтижелерін біріктіретін жазба кітапшасы (Notebooks) ретінде қолданылады. Дестеде үлкен назар графикаға, сонымен қатар динамикаға және мультимедиа мүмкіндіктеріне бөлінген: динамикалық анимация және дыбыстар синтезі. Дестенің артықшылығы болып электрондық кесте стилінде құжат ұяшықтары арасында динамикалық байланысты қамтамасыз ету табылады.

Mathematica дестесінде жүйені әртүрлі компьютерлік платформаларға ауыстыруға мүмкіндік беретін математикалық амалдардың машинаға тәуелді ядросы бар, ол үшін Front End программалық интерфейстік платформасы қолданылады. Ядро одан кез-келген функцияны жылдам шақыруға болатын жинақы орындалған. Дестеде жүйе мүмкіндіктерін дамытуға және қолданушының нақты тапсырмаларын шешуге бейімделген өзіндік программалау тілі бар. Функциялар жиының кеңейту үшін кітапхана және кеңейтудің десте жиыны (Add-on Packages) қолданылады. Десте нақты мысалдармен электрондық кітапты қамтитын орнатылған электрондық жүйеге ие [2].

3. MATLAB дестесі. Символдық математика үшін өнімдердің орта деңгейіне жататын, бірақ автоматтандырылған жобалау саласында кең қолданыс тапқан MATLAB дестесін қарастырайық. Бастапқыда бұл десте матрицалық амалдарды орындау үшін құрылған болатын. Дестенің даму эволюциясында нұсқадан нұсқаға ол оған математикалық функцияларды

қамтамасыз ететін кітапханалармен толықтырылды. Мысалы, Simulink кітапханасы визуалды программалау қағидасын жүзеге асырып, тек бір ғана стандартты блоктармен басқарудың күрделі жүйесінің логикалық сызбасын құруға мүмкіндік береді.

MATLAB дестесінде программалау үшін кең мүмкіндіктер бар. Оның C Math кітапханасы объектілі болып табылады және C тілінде деректерді өңдеудің 300-ден аса процедураларын қамтиды. Десте ішінде MATLAB-тың өзінің процедураларын, сонымен қатар C тілінің стандартты процедураларын қолдануға болады. C Math кітапханасы келесі функция санаттарын қамтиды: матрицалармен амалдар, сызықтық теңдеулерді шешу, операторларды орналастыру және өзіндік мәндерді іздеу, матрицалық экспонентаны есептеу, beta, gamma, erf функциялары және эллиптикалық функциялар, элементарлы математика, статистика негіздері және деректерді талдау, полином түбірлерін іздеу; сүзу, Фурье жылдам түрлендіру (FFT); интерполяция; жолдармен амалдар; файлдарды енгізу-шығару амалдары және т.б.

Матрицалар тек сызықтық алгебра, математикалық модельдеу, статистикалық және динамикалық жүйелер және объектілерді есептеу тапсырмаларында ғана қолданылмайды, сонымен қатар динамикалық объектілер және жүйелердің жағдайының теңдеулерін автоматты құру және шешудің негізі болып табылады. MATLAB компьютерлік математиканың мықты әмбебап дестесіне айналды. MATLAB дестесі орындалатын есептеулерді визуализациялау үшін функциялардың кең спектріне ие, ұлғайту, бейнелер талдауы, сонымен қатар бейнелерді өңдеу алгоритмдерін құру. Бұл функциялар Image Processing Toolbox кітапханасында бар. Image Processing Toolbox кітапханасының программалау дестесі және функциялары графиканы өңдеу үшін қосымшаны құруға мүмкіндік береді. Графикалық кітапхананың жаңартылған әдістері MATLAB программалау тілімен бірге, графиканы өңдеуге жарамды арнайы қосымшаларды құру үшін қолданылады. Мысалы, MATLAB дестесін бұзылған бейнелерді қалпына келтіру үшін, бейнедегі объектілерді шаблондық қарау үшін немесе бейнені өңдеудің өзіндік түпнұсқа алгоритмдерін құру үшін қолданады. Сонымен қатар бақыланатын кіріс/шығыс деректеріне негізделген динамикалық жүйелердің математикалық үлгілерін құру үшін құралдар жиынын қамтитын System Identification Toolbox кітапханасын ескеру керек. Бұл кітапхана параметрлік және параметрлік емес әдістерді қолдайды. Деректер жиыны және идентифицирленетін үлгілер графикалық ұйымдастырылады, бұл алдыңғы талдаулар нәтижесін оңай шақырып және үрдістің келесі мүмкін қадамдарын таңдауға мүмкіндік береді. Негізгі қолданушы интерфейсі алынған нәтижені көрсету үшін деректерді ұйымдастырады және үлгілер бағасы бойынша жылдам салыстыруды жеңілдетеді. Десте NAG Foundation Library кітапханасының ішкі программаларының үлкен санымен қамтылған. Бұл компьютерлік математиканың қазіргі заманғы сандық әдістерін жүзеге асырудың қайталанбас жиыны.

Десте кемшіліктеріне терезелердің көп санын, анықтама жүйесін, MATLAB-программалардың арнайы код редакторын, сонымен қатар көлемді фирмалық құжатты жатқызуға болады [3].

4. Maple дестесі. Maple дестесі символдық математиканың ең бірінші дестесі. Қазіргі уақытта ол символдық есептеулердің әмбебап жүйелері ішінде көшбасшы болып табылады және ғылыми салада өте белгілі, кез-келген деңгейдегі математикалық зерттеулер үшін мүмкіндіктер ұсынады. Maple дестесінің символдық анализаторы осы қолданбалы қамсыздандырудың мықты тұсы болып табылады, сондықтан ол MathCAD және MATLAB сияқты дестелер құрамына кіргізілген.

Бұл дестенің артықшылықтары келесідей. Жұмыс интерактивті жүргізіледі – қолданушы командаларды енгізеді және дәл сол уақытта олардың орындалу нәтижесін немесе қате енгізілген команда туралы хабарды көре алады. Одан кейін жаңа команданы енгізуге шақыру беріледі және т.с.с. Дәстүрлі программалау ортасынан айырмашылығы дестеде барлық айнымалылар және әрекеттердің қатаң қалыптасуы талап етіледі. Сәйкес айнымалы типтерін таңдау және амалдардың дұрыс орындалуын тексеру автоматты жүзеге асырылады.

Maple дестесі ядродан (C тілінде жазылған тиімді процедуралардан), Maple тілінде жазылған кітапханадан және дамыған сыртқы интерфейстен тұрады. Ядро базалық амалдардың

көбін, ал кітапхана интерпретация режимінде орындалатын процедура-командаларды қамтиды.

Maple интерфейсі сандар, символ және графиканы қамтитын электрондық кесте түріндегі жұмыс өрісі концепциясына негізделген. Жұмыс парақтарын тараулар және ішкі тараулар түрінде иерархиялық ұйымдастыруға болады. Maple жүйесі басқа мәтіндік редакторлар сияқты қаттамалар опциясын ұсынады. Құжаттандыруды және есептеулер нәтижесін ұйымдастыруды жеңілдету үшін дестеде параграфтарға және тарауларға бөлу және жұмыс парағы бойынша жылдам орын ауыстыруға мүмкіндік беретін гиперсілтемені қосу опциялары бар. Баспалық материалды (есеп, мақала, кітап) Maple ортасында дайындауға болады.

Десте басқа жүйелердің қатысуымен және жоғары деңгейдегі әмбебап программалау тілдерінің қатысуымен интегрирленген орталарды құруға мүмкіндік береді. Maple дестесі символдық түрде есептеулер үшін мықты аппаратқа ие. Кешенді сандармен жұмыс және оларды полярлық координаттардағы сандарға ауыстыру қарастырылған. Maple математика, ғылым және техниканың әртүрлі салаларында кездесетін жүздеген арнайы функцияларды және сандарды қолдайды. Maple сонымен қатар бір немесе бірнеше айнымалымен өрнектерді есептеу үшін мықты құралдарға ие.

Программаны дифференциал және интегралды тапсырмаларды шешу үшін, шектерді есептеу үшін, қатарларға орналастыру үшін, қатарларды қосу үшін, көбейту, интегралды түрлендіру үшін (Лаплас түрлендірулері үшін, Z-түрлендіруі үшін, Меллина немесе Фурье түрлендірулері үшін), сонымен қатар үзіліссіз немесе бөліктік-үзіліссіз функцияларды зерттеу үшін қолданылады. Техникалық түрлендірулер үшін Maple-да физикалық тұрақтылар анықтамалары және формулаларды автоматты есептеумен физикалық өлшемдер бірліктері қосылған.

Maple графикалық құралдары екі өлшемді, сонымен қатар үш өлшемді графиканы ұсынады. Логорифмдік, қос логорифм, параметрлік, фазалық, полярлы және контурлы формаларда функция графиктерін тұрғызуға болады. Басқа дестелерден айырмашылығы онда теңсіздікті, айқын емес берілген функцияларды, дифференциал теңдеулер шешімдерін және түбірлік годографтарды графикалық ұсынуға болады.

Maple үш өлшемді айқын және параметрлік функциялармен берілген жазықтықтарды қосқанда, кеністікте жазықтықтар және қисықтарды құруға мүмкіндік береді. Жазықтықтар тек статикалық түрде ғана емес, сонымен қатар екі немесе үш өлшемді анимация түрінде ұсынылады, оны нақты уақыт режиміндегі үрдістерді бейнелеу үшін қолдануға болады. Maple жүйесінің математикалық ішкі жүйелерді жылдам құруға арналған өзіндік программалау тілі бар. Тілдің синтаксисі жоғары деңгейлі C, Fortran, Basic және Pascal сияқты әмбебап тілдер синтаксисіне ұқсас. Бұл тілдің артықшылықтарының бірі – Fortran немесе C сияқты программалау тілдерімен және LaTeX мәтін теру тілімен үйлесімді кодты генерациялау мүмкіндігі. Бұл күрделі тапсырмаларды шешуді максималды жылдамдататын арнайы сандық программаларға рұқсат алуға мүмкіндік береді. Мысалы, Maple дестесін қолдана отырып математикалық үлгісін құрып, одан кейін осы модельге сәйкес кодты C тілінде генерациялауға болады [4].

Maple дестесінің кемшіліктеріне бұл программаның жоғары бағасын жатқызуға болады: нұсқасына және кітапхана жиынына байланысты бағасы 20-30 мың долларды құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Очков В.Ф. MathCAD 14 для студентов и инженеров: русская версия. Санкт-Петербург, БХВ-Петербург, 2009, 210 с.
2. Дьяконов В.П. Mathematica 4.1/4.2/5.0 в математических и научно-технических расчетах. Москва, СОЛОН-Пресс, 2004, 670 с.
3. Кривилев А.В. Основы компьютерной математики с использованием системы MATLAB. Москва, Лекс-Книга, 2005, 483 с.
4. Аладьев В.З., Богдвичюс М.А. Maple 6: Решение математических, статистических и инженерно-физических задач. Москва, Лаборатория Базовых Знаний, 2001, 824 с.

UDC 004.4

THE EDUCATIONAL IMPACT OF USING MOBILE TECHNOLOGIES IN A CLASSROOM

Sakibayev S.R.¹, senior lecturer, master, Sakibayeva B.R.¹, senior lecturer, master
Zhetysu State University named after I. Zhansugurov¹, Taldykorgan

E- mail: bakhorl@mail.ru

Білім мақсатындағы мобильдық құрылымдардың кең техникалық және функционалдық мүмкіндіктері глобалды тізбекке шығуға мүмкіндік береді, сайттарға кіруге болады, электронлық байланыспен алмасуға және керекті информациялық файлдарды жұмсайды. Мобильді құрылымдарда тестілеу оқушылардың өз бетінше пәнді меңгеру деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Уақыт пен оқушының орналасуына байланыссыз мобильді құрылымдардың электрондық оқулықтары жаңа мәліметтерді алуға жағдай жасайды, кеңейтілген дыбыстық, графикалық және видеофайлдық мүмкіндік туады. Тіл пәндері мен шығармашылық мамандықтарда білім алудың әртүрлі көздері мен әдістерін қолдануға болады, нәтижесінде оқушының оқыту әдістеріне қызығушылығы туады. Толық және тез жаңа мәліметтерді алуға тіл сөздіктерінің мобильдік аналогтары, аңықтамалар, әртүрлі математикалық калькуляторлар қолдануға ыңғайлы.

Кілт сөздер: *мобильді технологиялар, мобильді құрылғылар, бағдарламалау, микрокомпьютер, жоғары білім беру жүйесі, мобильді оқыту, мобильді бағдарламалау ортасы*

Широкие технические и функциональные возможности мобильных устройств для образовательных целей дают возможность выхода в глобальную сеть, позволяют посещать сайты, обмениваться электронной почтой, пересылать необходимые информационные файлы. Прохождение тестирования на мобильном устройстве позволяет учащемуся самостоятельно контролировать уровень знания предмета. Электронные учебники для мобильных устройств дают возможность получать новую информацию независимо от времени и месторасположения ученика, возможность воспроизведения звуковых, графических и видеофайлов дает расширенные возможности, в особенности для обучения языковым предметам и творческим специальностям, позволяет использовать разнообразные источники и способы получения знаний, заинтересовать обучаемого необычными методами преподавания. Мобильные аналоги языковых словарей и справочников, различного вида математические калькуляторы удобны в использовании и способны содержать более полную и оперативно обновляемую информацию.

Ключевые слова: *мобильные технологии, мобильные устройства, программирование, микрокомпьютер, система высшего образования, мобильное обучение, среда мобильного программирования*

The wide technical and functional capabilities of mobile devices for educational purposes provide an opportunity to access the global network, allow you to visit sites, send e-mail and repost required information resources. Passing a test on a mobile device allows students to independently take the control over the level of their knowledge of the subject. Mobile electronic textbooks make it possible to receive new information regardless of students' whereabouts. They also enable to reproduce audio, graphic and video content and provide additional advanced opportunities, especially for language-related subjects and creative professions. Additionally they allow to use various sources and methods of obtaining knowledge and teaching. Mobile analogues of language dictionaries and directories together with various kinds of mathematical calculators make it easy to use and store complete and up-to-date information.

Key words: *mobile technologies, mobile devices, programming, microcomputer, higher education system, mobile-based learning, mobile programming environment*

Introduction. Wide acceptance of mobile devices in a school-level educational process has become a trend in modern approach to teaching. But still mobile devices are not treated by teachers as invaluable tools in programming classes. So far educators have not paid too much attention to the problems of using mobile devices for programming tasks in a classroom. This article conducts a study on using mobile devices in school-level programming classes and the impact of their use on learning outcomes. The authors propose hypotheses upon which they create a methodology of building a simple programming environment to run on mobile devices and targeted towards use in a classroom. The authors have found optimal ways of building simple programming environment on mobile devices. They also provide the description of the actual implementation of such an environment.

Materials and methods of work. Mobile technologies have become an integral part of modern educational infrastructure. Many schools adopt mobile devices for use in their classrooms. Tablets and smartphones gradually replace the traditional teaching aids. Mobile-based teaching increases the attractiveness of a lesson and as a result stimulates students' motivation for learning. Increased motivation for learning leads to the improved academic performance. The usage of mobile devices in its educational process demonstrates the school's readiness and openness for the innovative methods of learning and its ability to adapt to the fast-changing educational information landscape.

Traditionally a mobile device is used in the classroom context for viewing some educational content which can be a Web resource, electronic book, educational video or a presentation. Some students may use their mobile devices for taking the classroom lesson notes and keeping the lessons schedule. These areas of mobile usage facilitate the learning process but they cannot exploit the full potential of mobile technology. Current computing resources of mobile devices allow to use them for a more productive and advanced purposes. For example, students can write and test programs on mobile devices in a programming class. The rate of adoption of mobile devices by school programming teachers is still significantly decreased by their traditional views on programming as the task oriented exclusively on high-end desktop computers, workstations and mainframes. The situation here reminds the situation with the adoption of the first microcomputers emerged in 1970s-1980s. But it is already possible to create a smartphone-based programming environment, which can be used by students in their programming classes instead of traditional desktop environments. Programming on mobile devices can transform the whole process of programming education at the school level and bring benefits not available when using the traditional approach. Using mobile devices it is possible to solve the same programming problems which are traditionally solved in a programming class with desktop computers.

This work is dedicated to the problems related to using mobile devices for programming tasks in the school-level programming class and its possible educational benefits. The work covers both pedagogical and technical aspects of the problem. The authors's conclusions are accompanied with statistical data collected at the stage of experimental verification of initial hypothesis. For the purpose of covering the subject more deeply the authors also describe the results obtained from surveys on the mobile usage in higher education system. The analysis is accompanied with discussing and illustrating the practical ways of implementing a mobile-based programming environment for use in classrooms. Realizing the current inability of mobile devices for being used as platforms for real-world development of full-featured desktop and Web applications, the authors argue that a typical smartphone or a tablet, however, can be used as a valid alternative to a traditional desktop computer in solving the typical programming problems offered in a school's classroom context.

The results presented in this work can be of interest both to educators and engineers who want to give value to the educational information infrastructure.

One of the most effective ways of organizing an educational process in a programming class is to reorient existing computer science curriculum from desktop computer-oriented teaching towards mobile device-based teaching practices. Mobile technologies can overcome many of the disadvantages of the traditional approach to teaching programming. They enable the greater flexibility of a learning process and create conditions for applying new innovative methods of instruction. Mobile-based teaching is more adaptive to changing educational landscape than traditional approach.

First of all it is necessary to make a general estimation of the level of mobile technology

adoption by schools. Only after that it makes sense to cover the particular questions of integrating mobile computing aids to programming classes.

Tablets and smartphones have gradually become an important component of the modern infrastructure. They replace traditional desktop computers in many modern spheres of computer usage, including education. A number of educational institutions have adopted them as learning aids in their educational process. There are numerous reports of a full-scale deployment of mobile devices in schools around the world done for the purposes of facilitating their teaching process. Mobile technologies when used in an educational context bring with themselves innovation, modernization, and openness to the changes taking place in the information infrastructure. Mobile technology in a classroom ensures the possibility of a personalization and customization of the educational content.

One of the main prerequisites to the wide-scale integration of mobile technology to the educational process is a high percentage of device ownership by teachers and students.

Another factor of a successful integration of mobile technology to the educational process is making sure that the usage of these devices actually has a relation to the process of learning. If students tend to use mobile technology only for accessing a non-educational content and only for the purpose of entertainment then such situation can significantly decrease the larger amount of potential benefits of mobile learning. Table 1 contains the results from [1, p.2] and refers to the percentage of mobile technology usage for the learning purpose by students and teachers from the higher education institutions, such as universities and colleges.

Table 1. Mobile usage for the learning purpose in the sphere of higher education

Device	Usage by Students (%)	Usage by Teachers (%)
Smartphone	73	19
Tablet	45	13
E-Book Reader	17	6

These results can also be extrapolated to illustrate the mobile usage by students and teachers from the sphere of school education. Surveys conducted by the authors within their school-level target group brought similar results which are contained in the Table 2.

Table 2. Mobile usage for the learning purpose in the sphere of school education

Device	Usage by Students (%)	Usage by Teachers (%)
Smartphone	75	20
Tablet	49	18
E-Book Reader	20	10

Results and its discussion. Currently the usage of mobile devices in schools are mostly limited to working with some form of an educational content, such as viewing graphical presentations or visiting an educational Web resource. But they are already able to transform and modernize the programming lessons as well. Smartphones and tablets at their current stage of technical development are already capable of being used as means for programming on and it is already possible to create a mobile device-based programming environment. Programming educators can gain a significant advantage from the widespread introduction of the mobile technologies to educational process and view the tendency as an opportunity to improve and modernize their programming classes. Modern mobile devices such as tablet computers and smartphones already provide enough computational resources to satisfy the requirements of the bigger part of programming-related disciplines taught within the school-level curriculum. A mobile device is a suitable environment for the type of problems usually solved in programming classes. It can perform any computational task of a school-level

complexity and has sufficient screen size for comfortable source code editing by a student. Mobile-based class ensures the formation of a student's perception of a programming class as more attractive and effectively increases his level of motivation for learning this discipline.

Programming on a mobile device makes a student to pay attention to the optimization of his source code. Taking into account the form factor of a device, he is obliged to write brief expressions and decrease the overall size of his program. It is an essential skill of a literate computer programmer.

Conclusion. Mobile-based teaching allows for the greater flexibility and interactivity of a programming class. Students can move the devices around the auditorium to jointly discuss the solution, review each other's source code or to show it to teacher. They can participate in online programming learning communities. It is essential in developing the social and collaborative skills of students. The integrated networking and data-sharing capabilities of a mobile device enable the interactive ways of holding a programming lesson.

Mobile-based learning increases the availability and affordability of programming education [2, p.1]. Tablets and smartphones are generally not as expensive as traditional desktop systems and can be afforded by much greater percentage of schools and students. Those families who own several smartphones may use the older low-end ones exclusively for the purpose of programming classes.

REFERENCES:

1. Baiyun Chen, Ryan Seilhamer, Luke Bennett and Sue Bauer. Student's Mobile Learning practices in Higher Education: A Multi-year Study. EDUCAUSE Review, June 2015

1. Rick Allen. Can Mobile Devices Transform Education? February 2011 | Volume 53 | Number 2

ӘОЖ - 373.1.02:372.8:514

ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ГРАФТАР КӨМЕГІМЕН ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Тасболатова Р.Б.¹, п.ғ.к., доцент., Ескендинов К.Б.¹, п.ғ.м., аға оқытушы
I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған қ.

E- mail: tasbolatova_ryskul@mail.ru, kuanyshdinara@mail.ru

Логикалық есептерді шешу – баланың дамуындағы ең алғашқы қадам.
Э. Давыдов

Мақалада мектептік математика курсына есептер, оның ішінде логикалық есептерді шығаруды үйрету жолдары қарастырылған. Сонымен бірге логикалық есептерді графтар әдісімен шешуге арналған бірнеше мысалдардың шешу жолдары келтірілген.

Кілт сөздер: математика, мектептік математика курсы, логикалық есептер, қабілет, логика заңдары, себеп-салдар, ойлаулар, пайымдаулар, граф.

В статье рассмотрены задачи, именно обучение решению логических задач в школьном курсе математики. Наряду с этим приведены несколько примеров решению логических задач с применением методом графов.

Ключевые слова: математика, школьный курс математики, логические задачи, способность, законы логики, причинно-следственные, рассуждения, высказывания, граф.

In the article problems are considered, namely, learning to solve logical problems in the school course of mathematics. Along with this, several examples are given of solving logical problems using the method of graphs.

Key words: *mathematics, school course of mathematics, logical problems, ability, laws of logic, cause and effect, reasoning, statements, graph.*

Кіріспе

Қазақстан күн сайын қарқынды дамып келеді және ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға батыл қадам жасап отыр. Елдің білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде. Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Еліміздегі оқыту жүйесінің дүниежүзілік мәні бар оқытуға гуманизациялық тұрғыдан келу мәселесіне бағыт ұстанған кезеңінде оқушыларды математика пәніне қызықтыру проблемасы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында стратегиялық жаңғырту барлық саланы, сонымен қатар, білімді де түрлендіруді қажет ететінін атап көрсетті[1]. Осы орайда, өскелең ұрпақтың сапалы білім алуының маңызы зор.

Ел үшін маңызды осы стратегиялық міндеттерді шешу жағдайында тұлғаның ынталылығы, шығармашылықпен ойлауы мен дәстүрлі емес шешім қабылдау қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, өмір бойы білім алуға даярлығы – оның басты функционалдық қасиеттері болып табылады.

Сондықтан қазіргі кезеңде білім берудегі негізгі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік талғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырумен қатар уақыт талабына сай оқыту үдерісін де жетілдіріп отыруға назар аударуымыз қажет.

Қазіргі оқу үрдісіндегі мұғалімнің алдына қойылған басты талаптардың бірі – ғылымның барлық саласында талантты, жан-жақты дамыған, талапты, зерек жастарды тәрбиелеу. Осы тұрғыдан қарағанда, ертеңгі ел иесі, қоғамды белсенді дамытушы болып табылатын бүгінгі мектеп партасында отырған әр оқушының туа біткен табиғи қабілеттерін толық ашу, жетілдіру және осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізу бұл күндегі көкейкесті мәселелердің бірі.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты тұлғасын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі Ел Президенті Н.Назарбаевтың және мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, білім беруді одан әрі жаңашылдандыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр.

Негізгі бөлім

Кезінде Ұлы ғалым Галилей былай айтқан екен: «Ғаламдағының барлығы математика заңдарына бағындырылған». Шындығында да, математика бізге Ғаламның көптеген құпияларын ашуға көмектесіп, ол өз кезегінде өркениеттің дамуына септігін тигізуде. Біздің әлем туралы түсінігіміздің қалай өзгеру шамасына қарай ғалымдар, мамандар математикада жаңа бағыттарды ашуда. Математика барған сайын салалары көп анағұрлым ықпалды ғылымға айналууда. Бүгінгі таңда математика заңдары күнделікті қарапайым заңдылықтардан бастап, өнер, тарих, әдебиет және философияға дейінгі әрбір ғылымның терең қырларын түсінуімізге көмектеседі. Сондықтан болашақтың кез келген саладағы жас маманы математиканы ең болмағанда мектеп математикасы деңгейінде сапалы меңгеруі тиіс.

Математика - барлық ғылымдардың логикалық негізі, демек, математика – оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шындай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Математика сабағында оқытудың әр түрлі технологияларын қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады.

Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шындай түсетіні белгілі. Әр баланың тапқырлығын арттырып, қызығушылығын туғызады, теориялық материалдарды меңгеруге және оны практикада қолдануға машықтандыруға себебін тигізеді, әрі оларды сергітеді, оқуға ынтасын, белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, әдеттегі бірсарынды сабақта үндемей отыратын оқушылар ойын кезінде өте белсенді болатын кездер жиі кездеседі. Өйткені ойын кезінде олар тең құқыққа ғана қолы жетіп қоймай, басқаларды өзіне қарататын мүмкіндікке ие болады. Олардың әрекеттері еркін және батыл болып, ойлаудың тереңдігін көрсете бастайды да, білімді меңгеру белгілі әрекет үстінде жүзеге асады[2].

Орыс ғалымы К.А.Покровский «ойын – баланың күнделікті еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады», - деген. Ойын арқылы баланың математикаға бейімділігін бақылап білуге болады және логикалық ойлау жүйесінің қаншалықты жетілгендігін көруге болады. Баланың ойын арқылы өзін қоршаған дүние жайлы танымы тереңдей түседі. Педагогикадағы қолданылатын ойындарды дидактикалық ойындар деп атаймыз. Дидактикалық ойындар баланың сабаққа ынта қоюына, тақырыпты мейлінше тез қабылдауына, білімді толық игеруіне көмектеседі.

Оқу еңбегінің негізгі қаруы - ой. Логикалық жеке пікір мен өзіндік талдау біртұтас процес. Бұл талаптар ой мен іс-әрекетінің негізгі өзегі болып келеді. Ол үшін әр адам өз орнында еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, оның сапасын қалай өсіру керектігін ойластырып отырғаны жөн. Қоғамның ой-санасының өсуі, жаңа сапалық деңгейге шарықтау кезеңі, еліміздің егемендік алып, өркениетті елдердің қатарына қосылуы - жаңа заманның жастарынан өзіндік таланты мен табиғи қабілетін жетілдіріп қана қоймай, олардың жаңашыл болуын, ізденістерін ұштап отыруын талап етеді. Бұл орайда қазіргі кезде математика, логика және информатика пәндері басты мәнге ие.

Логикалық ойлау дегеніміз – тізбектей ойлау және пайымдап талқылай білу қабілеті, ол есте сақтау, ақпараттарды жүйелеу және дұрыс қорытынды жасай білуді білдіреді. Логикалық есептерді шешу үшін математикалық білімдерді меңгеріп, логикалық заңдарын түсініп, себеп-салдардық өзара байланыстарды дұрыс білу қажет.

Логикалық есептерді шешу – балалардың және үлкендердің күнделікті өмірде ақыл-ой қабілеттерін дамытудың ең тиімді әдісі, әрі олардың ойлауларына арналған жақсы жаттығу болып табылады. Логикадан классикалық есептерді және математикадан логикалық есептерді шешуді үйренуде оларды шешудің негізгі әдістері мен тәсілдерін білу аса маңызды. Қандай да бір есептің дұрыс жауабын (көп жағдайларда) әр түрлі әдістермен алуға болады. Нақты жағдайларда есеп жауабын тез және қарапайым жолын таңдауда қандай әдісті пайдалану керектігін әртүрлі әдістерді білу және түсіну анықтай алады[3].

Логикалық есептерді шешудің негізгі әдістері:

- Ойлаулар (пайымдаулар) әдісі;
- Шынайылық кестелер көмегімен;
- Блок-схемалар әдісі;
- Логикалық алгебралық құралдар әдісі;
- Математикалық бильярд әдісі;
- Графтар әдісі және т.б.

Математикада ешбір математикалық ережелерді немесе теоремаларды қолдануға келмейтін, тек ойлау арқылы шығарылатын есептер логикалық есептер деп аталады. Осындай логикалық есептерді, математикалық басқатырғыларды шешуде **графтар** қолданылады.

Граф деп қандай да бір берілген пункттерді қосатын сызықтар системасын айтамыз, яғни әуелі біз берілген объектілерді нүктелер арқылы кескіндейміз, оларды берілген шарттар арқылы кескінділермен қосамыз, нүктелер мен кесінділер арасында операциялар орындаймыз.

Графтар теориясы бас қатырғыларды шешумен байланысты XVIII ғасырда туды. Графтар теориясынан ең бірінші еңбекті белгілі швед математигі Эйлер 1736 жылы жазды. Әуелгі кезде бұл теория тек топологияның өркендеуіне байланысты графтар теориясы

математиканың бір саласы ретінде ең алғаш XX ғасырдың 30 жылдарында венгер математигі Кенигтің еңбегінде айтылады

"Граф" сөзі математикалық әдебиетте жаңадан пайда болған ұғым. Сонымен қатар, граф тек қана математикада ғана қолданылып қоймай, тіпті техника мен күнделікті өмірде де басқа атаулармен (схема, диаграмма, т.б.) кездеседі. Әсіресе граф көптеген логикалық есептерді шығаруда көмектеседі. Графтар есептерді немесе олардың шығару жолдарын адам есіне лезде сақтап алуы үшін де қолданылады[4].

Логикалық есептер адамның ойлау қабілеттігін арттырады. Оқушыларға әрбір логикалық пікірдің дәмін сезіне білу керек және бұл жерде графтарды қолдану логикаға назарын аударуға көмектеседі. Графтардың түзулері қабырғалары деп, ал нүктелері төбелері деп аталады. Графтардың төбелері тек нүктемен ғана емес, сонымен қатар, дөңгелектермен немесе басқа да фигуралармен берілуі мүмкін. Граф теориясы математиканың логика, комбинаторика, тағы басқа салаларында қолданылады. Сондықтан бұл тақырыпты мектепте оқыту жалпы білім беретін, мәдениет танытатын, математикалық мән-мағынасы ерекше. Күнделікті өмірде көптеген графикалық иллюстрацияларды, геометриялық елестерді және т.б. көптеген тәсілдер пайдаланылады.


Кенигсберг көпірі жайындағы есепті алғаш рет Л.Эйлер (1707-1783) графтар теориясы арқылы қарастырды. Бұдан 100 жыл өткен соң әсіресе Англияда жаратылыстану ғылымының барынша әр түрлі саласында графтар теориясы қолданыла бастады. Электр тізбегі мен кристалл моделін молекуланың структурасын зерттеуге, сондай-ақ ойындар теориясы мен программалауда, биология мен психологияда кеңінен қолданылды.

Графтар арқылы кейбір математикадағы логикалық есептерді шешуге болады, сондықтан әсіресе граф көптеген логикалық есептерді оңай жолдармен шығаруға, есептерді шешуде және олардың шығару жолдарын адам есіне лезде сақтап қалу үшін де көмектеседі. Логикалық есептер адамның ойлау қабілетінің дамуына әсер етеді және арттырады. Граф ұғымында көптеген қолданбалы есептер, соның ішіндегі айналамызды қоршаған ортаның әртүрлі объектілері арасындағы байланыстар жүйесі зерттеледі. Объектілер төбелер деп аталып, нүктелер арқылы белгіленеді, ал төбелер арасындағы байланыстар доғалар деп аталып, сәйкес нүктелерді қосатын бағытталған түзулермен белгіленеді. Графтар арқылы төменде қарастырылған есептерді шешу жолдарын келтірейік[5].

№1 есеп. Симфониялық оркестр скрипкада, флейтада, альтте, кларнетте, гобойда және трубада ойнай алатын үш музыкантты: Браун, Смит және Вессонды жұмысқа қабылдады. Бізге белгілі болсын:

1. Смит ең ұзыны;
2. Скрипкада ойнай алатынының бойы флейтада ойнай алатынан кіші;
3. Скрипкада және флейтада ойнай алатындар мен Браун пиццаны ұнатады;
4. Альтист пен трубач арасында керіс болғанда, Смит оларды достастыруға тырысты;
5. Браун трубада да, гобойда да ойнай алмайды. Әр музыкант екі инструментте ойнай алатын болса, олардың қайсылары неде ойнай алады?

Шешуі. Есептің шартына сәйкес екі жиынға тиісті етіп нүктелерді аламыз. Бірінші жиында үш музыкант Б, С, В нүктелерімен, ал екінші жиында инструменттер алтау болғандықтан С, Ф, А, К, Г, Т нүктелерімен белгіленеді. Музыканттар үшеу, инструменттер алтау болғандықтан әрқайсысы екі инструментте ойнайды делік. 4 шарт бойынша Смит альтта да, трубада да ойнамайды, ал 3 пен 5 шартқа сәйкес Браун скрипкада, флейтада, трубада және гобойда ойнай алмайды. Сондықтан Браун альт пен кларнет инструменттерінде ойнайтын болғаны. Осы пікірлерді қанағаттандыратындай етіп есептің сызбасын граф арқылы көрсетелік: Есептегі берілген шартқа сәйкес екі жиындағы нүктелерді бағытталған түзулермен қосамыз. Бұл қосулар 1-суретте көрсетілген:




(1-сурет).

Есепті қорыта келе, Браун альт және кларнетте, Смит — флейта мен гобойда, Вессон — скрипка мен трубада ойнайды деген шешімге келеміз.

2-есеп: Үш дос- Серік, Талғат, Ернар әр түрлі үш пәнді (химия, биология, физика) Алматының, Қарағандының, Көкшетаудың мектептерінде оқытады. Егер мына мәліметтер белгілі болса: 1) Серік Алматыда істемейді, ал Талғат Қарағандыда тұрмайды; 2) Алматылық физикадан сабақ бермейді; 3) Қарағандыда тұратын мұғалім химиядан сабақ береді; 4) Талғат биологиядан сабақ бермейді. Әр мұғалім қай қалада тұрады, қандай пәннен сабақ береді?

Шешуі: Үш жиын алып, олардан үштен нүкте қарастырамыз. Оларды адамдар аттарының бас әріптері, пәндер мен қалалардың аттарының бірінші әріптерімен белгілейміз. Әр түрлі жиыннан алынған нүктелер бір ғана адамның қасиеттерін бейнелей алса, онда ол нүктелерді тұтас (үзіксіз) сызықтармен қосамыз, егер олар әр түрлі адамның белгілерін білдірсе, үзік сызықтармен (штрихтармен) қосамыз. Үзік-қызыл, ал тұтас – қара түспен сызамыз. Есептің берілгендері 2 – суретте көрсетілген:




2-сурет.

Граф есеп шартында көрсетілген жиын элементі және олардың арасындағы байланыс болады. Бұл есеп граф тілінде төбелері үш жиында жатқан, қабырғалары тұтас сызықтармен қосылған үш үшбұрышты салуға келтіріледі. ХТ- сәйкес келмейді, Х мен Т-ны қызыл сызықпен қосамыз, ол КХ сәйкес келеді (Көкшетауда тұратын мұғалім химиядан береді), Т мен К сәйкес келмейді – ТК, сондықтан Т мен Х сәйкес келмейді (3-суретте).

Граф арқылы осы есепке ұқсас есепті шешкенде мынадай ережелерді пайдаланамыз: 1) Үш төбесі үш жиында жатқан үшбұрыштың бір қабырғасы тұтас (қара) сызықпен, екіншісі үзік(қызыл) сызықпен сызылса, онда үшінші қабырғасы үзік (қызыл) сызықпен сызылады; 2) Жиынның бір нүктесінен 2-жиындағы 2-нүктеге үзік (қызыл) сызық жүргізілсе, онда үшіншісіне тұтас (қара) сызық жүргізіледі; 3) Егер төбелері әр түрлі жиында жатқан үшбұрыштың екі қабырғасы тұтас (қара) сызықпен сызылса, онда үшіншісі де тұтас (қара) сызықпен қосылады.

Ережеге сүйеніп Ф мен Т-ны тұтас сызықпен қосамыз (ФТ). АТ- үзік сызықпен сызылады, себебі ТФА үшбұрышында ТФ –тұтас, ФА- үзік сызықтармен сызылады. ТҚ тұтас сызықпен қосылады, себебі ТА,ТК- үзік сызықтар. ФҚ- тұтас сызық. Олай болса,


ТФҚ-үшбұрышының қабырғалары тұтас сызық болады. АЕ,СК,ХС, БА, БЕ-тұтас сызықтарын жүргіземіз. Сонда ТФҚ, КХС және ЕАБ- үшбұрышының төбелеріндегі элементтер сәйкес келіп,есептің сұрағына жауап береді, яғни Ернар- биолог Алматыда тұрады; Серік - Көкшетауда тұрып, химиядан сабақ береді; Талғат Қарағандыда тұрады, физикадан сабақ береді.



3- сурет.

Есептің жауабы толығымен 3-суретте көрсетілген.

3-есеп: Дүйсенбі күнгі сабақ кестесін құру кезінде үш мұғалім мынадай өтініш айтты: 1) математика бірінші не екінші, 2) тарих бірінші не үшінші, 3) әдебиет екінші не үшінші болсын. Қанша тәсілмен мұғалім өтінішін орындауға болады?



4-сурет.

Шешуі: Математика, тарих, әдебиеттің бас әріптерінен бір жиын сабақтардың 1,2,3 – деген ретінен екінші жиын құралық (4-сурет))

Математиканы 1-сабаққа (онда ол 2-бола алмайды) қойсақ, онда тарих тек үшінші ғана болады, тарих 1-қойылмайды, онда әдебиет 2-сабаққа қойылған болады, ол 3- сабаққа қойылмайды. Сонымен математика- бірінші, әдебиет-екінші, тарих-үшінші болады. Теңдеуді граф арқылы шешу, яғни бұл бағытталған граф болып табылады.

4-есеп: Мен бір сан ойладым. Сол санға 24 қоссақ, одан шыққан санды 9-ға көбейтсек, сосын 76- ны алсақ, ендігі шыққан санды 19- ға бөлсек, онда 23 шығады. Ойлаған санды табайық.

Шешуі:



$$((x+24)*9-76)/19=23$$

$$9x+140=437$$

$$9x=297$$

$$x=33$$

Графты құрайық. Енді осы сандарды керісінше амалмен шығарайық (5-сурет)
 $23*19 = 437$ $437+76=513$ $513/9=57$ $57-24=33$. Сонымен ойлаған санды таптық-33.



5-сурет.

Қорытынды. Логикалық ойлаудың ерекшелігі - қорытындылардың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі.

Графтар теориясы математиканың логика, комбинаторика, тағы басқа салаларында қолданылады. Сондықтан бұл тақырыпты мектепте оқыту жалпы білім беретін, мәдениет танытатын, математикалық мән-мағынасы ерекше. Күнделікті өмірде көптеген графикалық иллюстрацияларды, геометриялық елестерді және т.б. көптеген есептерді шығаруда графтар әдісін пайдалана білудің мәні ерекше.

Сондықтан да, жалпы білім беретін мектепте математика сабақтарында оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру үшін «қызықты математиканы» пайдалану әдістемесін және осыған сәйкесті арнаулы оқу-әдістемелік құралдарын жасауда мақалада келтірілген

материалдар аса қажетті, әрі құнды болып табылады.

Математикада логикалық есептерді шешу әдістері педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері белгілі бір ойластырылған жүйемен математикалық есептерді шығаруды үйрете отырып, мектеп математика курсының есептерінің математикалық мазмұнын белсенді түсіндіріп қана қоймай, оны шешуде кәсіби дағды мен әдістемелік білікті терең менгеріп, ғылыми және әдістемелік ойлау қабілеттерін дамытуда үлкен үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.«Әлеуметтік-мәдени жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан Республикасы президентінің Жолдауы, 2012ж.

2.«Математика және логика» электронды журнал 2012ж №3;

3.Заесёнок, В.П. Эвристические приёмы решения логических задач. // Математика в школе. – 2005. - № 3

4.Цинман, Л.Л. Логические задачи и алгебра высказываний // Квант - 1971. - № 4.

5.https://kopilkaurokov.ru/matematika/uroki/loghikalyk_iesieptierdi_shieshu_zh_nie_k_oldanu_zholdary

ӘОЖ 001

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ –ҚАТЫНАСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Унгарбаева Ш. У.¹, Суйесінова Ж.С.¹, Талғарбаева Г.М.¹

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған қ.,

E-mail: shnar09_76@mail.ru, talgarbaevagulnaz@gmail.com, suiessinovazh@gmail.com

Мақалада биология пәнін оқытуда ақпараттық – қатынастық технологияны пайдалану тиімділігін арттыру мәселесі мен әдістемесі қарастырылған.

Кілт сөздер: биология, педогогика, компьютер, мультимедиа, интербелсенді оқыту әдісі, ақпараттық-қатынастық технологиясы, мұғалім, оқыту үрдісі.

В статье рассматриваются информационно – коммуникационные технологии и методика повышения эффективности использования обучения биологии.

Ключевые слова: биология, педогогика, компьютер, мультимедиа, интерактивные методы обучения, информационно- коммуникативные технологии, учитель, процесс обучения.

The article deals with the teaching of biology, information and communication technologies and methods to improve the efficiency of use.

Key words: biology, computer, multimedia, interactive teaching methods, information and communication technologies, teacher, the learning process.

Биологияны оқыту әдістемесі – білім беру үрдісінің мазмұның және оқушылардың оқу материалдарын игерудің заңдылықтарын зерттейтін пән. Осыған орай бұл пәнге ғылым ретінде мектеп оқулығының ерекшеліктеріне байланысты білім және тәрбие беру процесінің жүйесі деп анықтама беруге болады. Биологияны оқыту әдістемесінің басты мәні осы нәтижеге байланысты теория мен практиканы ұштастыра отырып, тәрбие беру арқылы жас ұрпақтың дамуын жетілдіру [1].

Биология пәнінің мұғалімдерінің негізгі міндеті - оқу үрдісінде көрнекі құралдарды дұрыс қолдану, көрнекілік құралдар жалпыға танымал түсінікті болуы дидактика негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Нақты сенсорлық қолдау қажеттілігін Я.А. Каменский мен К.Д.Ушинский зерттеген.

Өткен онжылдықтағы биология ерекше жоғары қарқынмен дамыды, ол адам өмірінің қарқынды дамып келе жатқандығымен де маңызды. Бұл денсаулық сақтау мен ауыл шаруашылығының теориялық негізі ғана емес, сондай-ақ индустрияның жаңа салаларын дамыту үшін, технологиядағы жаңа перспективалар үшін мүмкіндіктерді ашты. Сондай – ақ мектепте биологияны зерттеу өте маңызды [2].

Ақпараттық қатынастық оқыту модельдері педагогикада кеңінен ақпараттық және қызметтік қадамдардың негізінде құрылады. Осы қадамдарға оқу үдерісінде ең кең таралған қызмет- танымдық қызмет жатады, ол басында ақпараттық сипатта болады және ақпараттық үдерісте жиындығы түрінде көрсетіледі.

Заман талабына сай ақпараттық-қатынастық технологияның оқу үрдісінде пайдалану биология пәні мұғалімінің бірінші кәсіби қасиеттеріне айналуға. Егер биологияны ақпараттандыру үрдісін қарастыратын болсақ дидактикалық ақпараттық құралдарды пайдаланудың әдіснамасы мен қағидаларын меңгеру мұғалімдердің іскерлік дағдыларына қойылатын басты талаптың бірі. Өзектілігі заманауи ақпараттық – қатынастық оқыту технологиялары биология курсының мазмұнына ғана емес, сонымен қатар жаңа әдістерді пайдалана отырып, пәнаралық байланыстарды енгізу арқылы бұрын оқу мен үйренуде қиынға соққан сұрақтарды да шешуге болады.

